

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Рудный индустриялық институты

А.Б. Жумағалиева

Экономикалық мамандықтарының студенттері үшін  
оқу құралы

ҚАРЖЫ

Рудный 2019

**ӘОЖ 336.(075)  
КБЖ 65.26 я73  
Ж.78**

**Автор:** Жумағалиева Айгүл Батырханқызы, экономика және бизнес магистрі, аға оқытушы.

**Пікір жазған:** Ахметов Д.С. – PhD докторы (Рудный индустриялық институты)

**Ж.78** Жумағалиева А.Б. Экономикалық мамандықтар студенттері үшін «Қаржы» пәнінен оқу құралы. Оқу құралы – Рудный: Рудный индустриялық институты, 2019. 120 б.

Бұл оқу құралында оқуға тиісті тақырыптары енгізілген. Оқу құралы экономикалық мамандықтарының студенттеріне арналған.

ISBN 978-601-7554-93-4

ӘОЖ 336.(075.8)  
КБЖ 65.26 я73

© Рудный индустриялық институты, 2019

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржының мәні, функциялары және рөлі	6
2. Қазақстан Республикасында қаржы жүйесін ұйымдастыру	13
3. Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтандыру эволюциясы	21
4. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы	31
5. Мемлекет қаржысы. Мемлекеттің кірістері мен шығыстары	39
6. Салық және салық салу	47
7. Мемлекеттік бюджеттен және бюджеттен тыс қорлар	61
8. Мемлекеттік несие және мемлекеттік борыш	66
9. Сақтандыру	75
10. Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу	82
11. Қаржы нарығы	86
12. Қаржы және инфляция	99
Әдебиеттер тізімі	107

## КІРІСПЕ

«Қаржы» пәнін оқып–игеру экономикалық мамандықтар бойынша бакалаврлар дайын-даудың маңызды кезеңі болып табылады.

Курста логикалық дәйектілік түрде қаржының табиғаты, функциялары, оның басқа эко-номикалық категориялармен өзара іс-әрекеті мен шаруашылық өмірде көріну ерекшеліктері қа-ралады, қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың нысандары мен әдістері арқылы іс-әрекет механизмі, қалыптасып отырған рыноктық экономиканы реттеуде қаржы және оның құралдарын пайдалану мүмкіндіктері келтірілген. Қаржыны зерделеудің маңызды жағы оған кіретін қосалқы категорияларды, жүйелерді, ұғымдарды, басқа әлеуметтік-экономикалық жүйелерде олардың іс-әрекеті мен өзара байланысының қағидаттарын анықтау, топтастыру және сыныптау болып табылады. Бұған мыналар кіреді: табыстар, салықтар, қорлар, шығыстар, резервтер, мем-лекеттік бюджет, мемлекеттік несие, мемлекеттік борыш, сақтандыру; функциялық жүйелер - қаржылық жоспарлау мен болжау, қаржылық қатынастарды құқықтық қамтамасыз ету, қаржы нарығы. Курста түрлі шаруашылық жүргізуші субъектілердің бастапқы буындарында және сыртқы экономикалық байланыстар сферасында, қаржының іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігіне айтарлықтай орын берілген.

Пәнді оқытудың мақсаты: Қаржылық категорияларды, ұғымдарды, терминдер мен олардың классификациясын және әлеуметтік-экономикалық үрдістердегі орны мен маңызын ұғы-нудағы студенттердің теориялық және практикалық дайындығын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, қаржылардың ұйымдастырылу нысандары мен оларды әлеуметтік-экономикалық үрдістерде қолдану әдістерін үйренуге қол жеткізу.

Пәннің міндеттері:

- қаржының және оның субкатегорияларының қызмет етуінің кешенді теориялық түсінігін алу және нарықтық ортада іс-бірлігі мен алуан қызметін көрсету.

- қаржылық жүйенің элементтерінің қызмет етуін спецификалық негізін және қазіргі заманғы интерпритациясының көрінісін табу.

- мемлекеттің экономикалық саясатының Қазақстанның дамушы нарықтық экономика жағдайында зерттелген құбылыстар мен процестердің бейімделу мүмкіндіктерін, қайшылық-тарды, оң және теріс жақтарын анықтау.

- нақты экономикалық жағдайларда қаржылық тетігін құралдарын пайдалану мүмкіндігі үшін аналитикалық ойлау дағдыларын дамыту.

- тәжірибеде осы пәнді зерделеу барысында алынған теориялық білімді қолдану.

- негізгі қаржылық көрсеткіштерді есептеу.

Қаржының табиғатын, олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін зерделеу, қоғамдық өндіріс-ті тиімді дамытуда категориялар механизмін қолдану, қаржыны ұйымдастыру нысандарының өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін және

қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының нақтылы жағдайларында оларды қолдаудың әдістерін түсінуге жету.

Оқу пәнінің объектісі болып қалыптастыру, бөлу және қаржы құралдары қорларының пайдаланумен байланысты қаржылық қатынастардың жүйесі табылады.

Пәнді зерттеу әдістері. Курсты оқыту барысында әдістердің 2 тобы пайдаланылады. Жалпы ғылыми әдістердің ең маңыздысы - тарихи және диалектілік материализм, оның негізінде барлығы белгілі бір байланыста, қарым-қатынаста және қарама-қайшылықтар күресі мен бірлікте жатыр. Ал, жеке әдістер - экономикалық құбылыстар мен үрдістерді талдаудағы қол-данылатын әдістер болып саналады. Олардың арасында кең тарағаны: бақылау, талданатын құбылыстар мен үрдістерді тікелей қабылдау, салыстыру, эксперимент, анкета жүргізу, анализ, синтез, индукция мен дедукция, жүйелік бағыт, т.б.

Пәннің статусы мен құрылымы, басқа пәндердің арасында алатын рөлі мен орны. Экономикалық мамандықтар үшін оқу материалын теориялық негізіне түсінуіне назар аударады, қаржы ұғымының ақшалай көрінісі арқылы көрсетеді және ұдайы өндірісті қаржыландыруды қамтамсыз ету ерекшеліктері, әлеуметтік қайта өндіру процесін қамтамсыз етуде белсенді түрде қатысатынын білдіреді.

«Қаржы» басқа пәндер арасындағы орны оның пәні мен қызметтеріне байланысты. Экономикалық білімді жақсарту үшін көзделген негіздер: жүйенің тұтастығын; нормативтік талап-тардың мазмұны мен сапасы біркеліктілігі; икемділігі мен көп деңгейлігі; диверсификация, басқарудағы демократизм; ғылым және білімінің интеграциясы; меншік және қаржыландыру көз-дерінің нысандарын алуан түрлілігі.

«Қаржы» пәнін оқудың негізінде студент пәнді оқуда алған теориялық білімін практикада қолдануды үйренуі қажет.

# 1 ТАҚЫРЫП. ҚОҒАМДЫҚ ҰДАЙЫ ӨНДІРІСТЕГІ ҚАРЖЫНЫҢ МӘНІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Жоспар:

1. Қаржының даму тарихы, кезеңдері.
2. Қаржының функциялары және ұдайы өндірістегі рөлі.
3. Қаржының басқа экономикалық категориялармен өзара байланысы.

Қаржы термині 13-15 ғасырларда Италияның сауда қалаларында қалыптасты және бастапқы мағынасы төлем ақы түсінігін білдірді. Кейін келе бұл термин халық аралық дәрежеде қаралып мемлекеттік ақшалай қаражат қорларының қалыптасуына орай мемлекет пентұрғындар арасындағы ақшалай қатынастар жүйесінде байланысты түсінік есебінде пайдаланыла бастады.

Қаржылардың қалыптасуының негізгі себептері:

1. Буржуазиялық революцияның нәтижесінде монархиялық режим сақталса да, монархтар билігі қысқарып мемлекет басшысы қазынадан қол үзді.
2. Бюджеттің қалыптасуы мен қолдануы жүйелік сипат алды.
3. Салықтар ақшалай формада артықтық сипат алды. Бұрынғы мемлекеттің табыстары натуралдық алым және еңбек айыптары арқылы жиналды. Бұл кезең мемлекет дамуында жасалған өнімнің бөліну мүмкіндігін құндық теңеуде көрсетті.

Қаржылардың 2 даму кезеңі бар - қайта бөліну, қоғамдық өнімнің салалары бойынша:

1 кезең. Қаржылардың дамымаған формасы, мұнда басты шығындар әскери мақсаттарға жұмсалды. Экономикаға ақша жұмсалмады.

2 кезең. Қаржылардың дамыған кезеңі, қаржылардың басым бөлігі мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық саясаттарына жұмсалды.

Қаржының мәнін толық ашу оның ұғымы мен қажеттігін ғана емес, сонымен бірге қаржының қоғамдық арналымын, яғни оның функцияларын анықтауды да талап етеді.

Қаржыға қатысты функция осы экономикалық категорияға тән қызмет тобын, мәннің іс-қимылдағы көрінісін, сапаның өзіне тән категориялары кескінінің айрықшалықты әдістерін білдіреді. Функцияда категорияның қоғамдық арналымы бейнелеп көрсетіледі, оның экономикалық табиғаты ашылады.

Қаржы басқа тым жалпы категориядан - ақшадан туындайтын айрықшалықты экономикалық категория болып табылатындықтан және бұл экономикалық категорияның іс-қимылының шегін сызып қоюдың мүмкін еместігіне, оның қоғамдық, саяси және экономикалық өмірдің барлық сферасына терең дендеп енуіне байланысты қаржының функциясы туралы мәселе ғалым-теоретиктер арасында осы күнге дейін пікірталас тудыруда.

Қазіргі уақытта қаржының бөлгіштік және ұдайы өндірістік тәрізді екі тұжырымдамасы танылып отыр.

Бірінші тұжырымдаманың жақтаушылары қаржы қоғамдық өндірістің еміті стадиясында - ақшалай нысандағы қоғамдық өнімнің құнын бөлу үдерісінде

пайда болады, қаржының бөлгіштік сипаты оның іс-әрекет етуінің ерекшелігін көрсетеді деп санайды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес қаржы екі функция орындайды: бөлу және бақылау.

Бөлгіштік функцияның көмегімен жалпы қоғамдық өнім мен оның аса маңызды бөлігі - ұлттық табыс, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігі (мысалы, айналым қаражаттарын, мемлекеттік мүлікті сату операцияларын шығарып тастағанда) бөлінеді және қайта бөлінеді. Бұл функцияны қаржы өнімді өздігінше бөле береді деген мағынада емес, қаржы тек жасалған өнімді бөлуді ғана ортақтастырып, жүзеге асырады деп түсіну керек. Былай деп айтқан дұрыс: өнімнің натуралдық-заттай құрамын бөлу ақшалай қорларды бөлу арқылы жасалады. Мемлекет, кәсіпорын, фирма және халық арасында ақшалай қорларды (табыстар мен қорланымдарды) бөлуге сәйкес жасалған натуралдық өнім де бөлінеді.

Қаржы көмегімен құнды бөлу және қайта бөлу қаржылық ресурстардың айрықшылықты нысанын қабылдайтын ақшалай қаражаттардың қозғалысымен міндейті түрде қосакталып жүреді. Қаржының жұмыс істеуінің шарты - ақшаның болуы, ал қаржының пайда болуының себебі шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттің қызметін қамтамасыз ететін олардың ресурстарға қажеттілігі болып табылады.

Қоғамдық өнімді бөлу алғашқы және кейінгі, немесе қайта бөлу болып ажыратылады.

Алғашқы бөлу кезінде жиынтық қоғамдық өнімнің жалпы көлемінен орнын толтыру (өтеу) қоры (материалдық шығындар мен амортизациялық аударымдар) шығарып тасталады және жаңадан жасапған құн - ұлттық табысты бөлудің нәтижесінде мемлекеттің, өндірістік сфераның (шаруашылық жүргізуші субъектілердің) және халықтың алғашқы табыстары калыптасады, олар бөлудің және қайта бөлудің күрделі үдерістеріне ұшырайды, бұл үдерістерде маңызды рөлді қаржы атқарады. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты алғашқы бөлу кезінде қаржы еңбекке ақы төлеу және баға сияқты экономикалық категориялармен тығыз байланыста дамиды.

Қайта бөлу салалық, сондай-ақ аумақтық тұрғыдағы шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша қоғамдық өнімді мүшелеудің сан алуан үдерісін қамтиды. Мұның нәтижесінде натуралдық - заттай нысандағы өнімді түпкілікті тұтынуды қамтамасыз ету үшін ұдайы өндіріс қатысушыларының ақшаға деген әр түрлі қажеттіліктері қанағаттандырылып отырады. Бұл ретте қатысушылардың бәрінің табыстары басқалардың шығыстары есебінен калыптасады және ұлттық табыс қорлану қоры мен тұтыну қорына ие болады. Бірінші жағдайда қаражаттар өндірісті кеңейту үшін немесе материалдық сфера капиталынан, әлеуметтік инфрақұрылымның өндірістік емес қорларынан болатын өндірістік қорлардың (капиталдың) өсімі үшін, резервтер мен сақтық қорларын жасау үшін пайдаланылады. Тұтыну қорын бүкіл халықтың оның ұдайы толықтырылуы үшін пайдаланылатын түпкілікті табыстарын, әлеуметтік сфераның мекемелерін ұстауға, ғылымға, мәдениетке, басқаруға, елдің қорғанысына арналған ресурстар құрайды.

Қаржының қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу үдерісіне қатысуы бірдей емес. Алғашқы бөлу кезінде, жоғарыда атап өтілгендей, қаржы басқа экономикалық категориялармен бағамен, еңбекақымен өзара іс-әрекет жасайды. Қаржыны қолданудың негізгі сферасы - қайта бөлу, мұнда ол тектес экономикалық категориямен - кредитпен өзара іс-әрекет жасайды. Қаржының бөлгіштік функциясы аумақаралық, салааралық, ішкі салалық, ішкі шаруашылықтың бөліністі камтиды. Аумақ аралық және салааралық қайта бөлу мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылады, бұл кезде ақшалай қаражаттар шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірінен алынып, қаржылық ресурстардың жетіспеушілігін басынан кешіріп отырған әкімшілік-аумақтық бірліктер мен салаларға беріледі. Қайта бөлудің бұл түрлерінің арқасында бүкіл экономиканың үйлесімді дамуына кол жетеді, бұл Қазақстан жағдайында түпкілікті салалардағы өндірістің дамуы үшін, сондай-ақ артта қалған өңірлерде экономика мен әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды өрлету үшін өте-мөте көкейтесті болып табылады.

Ішкісалалық және ішкішаруашылықтық қайта бөлу сферасы экономиканы қайта құрудың барысында шаруашылық жүргізуші субъектінің тапқан қаражаттарын пайдалануды қажет ететін (заң бойынша мемлекетке тиісті аударымдардан басқа) коммерциялық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру әдістерінің енгізуімен байланысты біртіндеп тарылып келеді.

Демек, бөлгіштік функция арқылы қаржы ақшалай табыстарды қалыптастыру және қаражаттарды жұмсау жолымен мемлекеттің, экономикалық агенттердің экономикалық мүдделерін қамтып көрсететін белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Сөйтіп, бөлгіштік функция арқылы бөлу категориясы ретінде қаржының мәні ашылады, ақшалай нысандағы жиынтық қоғамдық өнімінің, оның құрамында элементтердің қозғалысымен байланысты экономикалық қатынастар айқындалады және сатып алу-сату арқылы натуралдық-заттай көрінісіндегі қоғамдық өнімді өткізу үшін жағдайлар жасапынады. Жиынында қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының нақтылы еңбек үлесі мен қоғамдық өндіріске қатысу дәрежесі есепке ала отырылып, олардың экономикалық мүдделері қанағаттандырылуы тиіс.

Қаржының бөлгіштік функциясының жақтаушылары бөлу арқылы қаржы ұдайы өндірістің басқа стадияларына - өндіруге, айырбастауға, тұтынуға белсенді ықпал етеді деп жорамалдайды. Мысалы, қаржы өндіріске қалыптастырылатын ақшалай қорлардың мөлшері арқылы санмен әсер етеді: бұл қорлардың көлемін өзгерте отырып, өндіріске қалаған бағытта ықпал жасауға болады, не қолайлы қаржы жағдайларын жасау жолымен экономиканың жеке құрылымдық бөлімшелерінің дамуын тездетуге болады, не бұл өсудің қарқынын баяулатуға болады. Басқа жағынан, егер көтермелеу қорларының көлемін өндірістің белгілі бір сапалық көрсеткіштерінің: еңбек өнімділігінің, ресурстарды үнемдеудің, қор қайтарымының және т.б. жетістіктерімен ұштастырса өндіріске сапалық әсер етуге жетуге болады. Қаржы көмегімен ұдайы өндірістің басқа сатыларына да осылайша әсер етуге болады. Сөйтіп, бөлгіштік функция арқылы қаржының



ұдайы өндірістің барлық үдерістерімен байланысы және бұл категорияның өндірістің барлық стадияларына белсенді әсер етуі қадағаланып отырылады.

Қаржының бөлгіштік функциясы тұжырымдамасының жақтаушылары айқындамасындағы осал мезет категорияның функциясы тап осы категорияның өзіндік ерекшелігін қамтып керсетуі тиіс деген қағида болып табылады. Қарастырылып отырған функция бөлуге қатысушы басқа экономикалық категорияларға да - бағаға да, еңбекақыға да, кредитке де тән.

Бүкіл экономикалық соның ішінде қаржылық ресурстар да мүлтіксіз орталықтандырылған тәртіппен бөлінген және қайта бөлінген әкімшіл-әміршіл жүйенің және жоспарлы экономиканың іс-қимылы кезінде қаржының бөлгіштік тұжырымдамасының пайда болғанын және теориялық негіздемені алғанын есте ұстаған жөн. Осы тәрізді тәсілдемені негіздеу қаржының бөлгіштік тұжырымдамасы болып табылды.

Тап осы бөлгіштік функция арқылы қаржының қоғамдық арналымы - шаруашылық жүргізудің әрбір субъектін оған қажет арнаулы мақсатты ақшалай қорлар нысанында пайдаланылатын қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Қаржының бөлгіштік функциясының іс-әрекеті оның мәнінен: жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты бөлумен және қайта бөлумен байланысты қатынастарды қамтамасыз етуден; табыстар мен қорланымдарды қалыптастырудан; ақшалай қорларды жасаудан туындайды.

Сөйтіп, бөлгіштік функция арқылы бөлу категориясы ретінде қаржының мәні ашылады, ақшалай нысандағы жиынтық қоғамдық өнімнің, оның құрамды элементтерінің қозғалысымен байланысты болатын экономикалық қатынастар айшықталады және сатып алу-сату арқылы натуралдық-заттай нысандағы қоғамдық өнімді өткізу үшін жағдайлар жасалады.

Ұдайы өндірістік тұжырымдаманың өкілдері қаржыны ұдайы өндіріс стадияларының бір категориясы емес, оның жалпы категориясы ретінде қарастырады, яғни олар қаржыны тек қоғамдық өнім құнын бөлумен байланысты болатын өндірістік қатынастарымен шектеуді заңсыз деп санайды. Қаржы - өндірістік категория, өйткені ол өндіріс үдерісінде өндірістік қорлардың толық айналымына қызмет көрсетеді және бұл үдеріске белсенді ықпал етеді. Қаржы - айырбас категориясы, өйткені айырбаста қоғамдық өнімді бөлу үдерісі жалғасады және қаржы бұл бөлістің құралы болып көрінеді: қаржы ұдайы өндірістің екінші стадиясында ғана емес, сонымен бірге ұдайы өндіріс үдерісінің үшінші стадиясында да, яғни айырбаста болатын құн қозғалысын білдіреді; айырбаста сондай-ақ салықтарды аударып салу үдерісі болады; бұдан басқа, қаржы ақшалай қорларды қалыптастырумен қатар оларды пайланумен де байланысты болады, ал ол ақшалай қорларға тауар-материалдық құндылықтарды сатып алғанда айырбаста болады; қаржы тұтыну категориясына жатады, өйткені қоғамдық тұтыну мен жеке тұтынудың қорларын қалыптастыруға қатысады және олардың көмегімен ұлттық табыстың тұтыну қоры мен қорлану қорына бөлінуінің ақырғы үйлесімдері қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық өнімді бөлу процесі өте күрделі , мұның барысында өндірісте жасалған құн шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында , ал олардың әрқайсысында мақсатты арналым бойынша бөлінеді. Осыған байланысты ол түрлі экономикалық категориялардың көмегімен жүзеге асады , бұлардың әрқайсысы ерекше , тек өзіне рөлдері орындайды. Қаржы құндық бөлу процесіне қатыса отырып , баға , жалақы , кредит сияқты категориялармен өзара тығыз байланыста болады және өзара іс – қимыл жасайды. Бұл ақша категориялары ұдайы өндіріс циклінің басқа стадияларындағыдай сонымен бірге бөлгіштік процеске де қатысады. Алайда олардың қатысу өлшемі мен нысандары бірдей емес. Жеке экономикалық категориялардың ұдайы өндіріс процесінің түрлі стадияларында қатысу дәрежесі әр түрлі. Аталған категориялардың әрқайсысы тек оған тән әдістермен және тәсілдермен қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлудің біркелкі процесіне қатыса отырып , бөлгіштік және басқа ұдайы өндірістік қатынастардың жүйесінде өзінің ерекше орнын алады.

Жекелендіру, мемлекет меншігін сатудан түсетін түсімдер сияқты уақытша көздер болып табылатын қаржы ресурстары олардың таусылуына қарай азаятын болады. Көздері жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері – роялти , бонустар болып келетін қаржы ресурстары артады. Еңбекке ақы төлеудің , тұтыну қорларының одан әрі өсуі қаржы ресурстарының құрамына тартылатын халық қаржыларының мөлшерінің өсуіне жеткізеді.

Мемлекеттің қаржы ресурстары көлемінің динамикасы мен құрылымның тенденциялары нарықтық қатынастарға көшу бағдармаларын жүзеге асырудың нәтижесінде қоғамдық өндірістің тиімділігін айтарлықтай арттыру қаржы ресурстарын қалыптастырудың қарқынын тездетуге және өсуі интенсивті факторлармен шартасылған көздердің үлес салмағын көбейту бағытындағы олардың құрылымын жақсартуға жеткізетіндігін дәлелдейді.

Қаржының буындардың сипаттамасының матасылған қатары ретінде жоғары элементтері болады: қаржы қатынастары , қаржы қорлары , басқарушы аппарат. Жүйелеудің мұндай қасиеттері қаржы жүйесіне интеграциялық сипат береді.

Қаржы жүйесін құрайтын жеке элементтердің орны мен рөлі бірдей емес. Бастапқы ( басты ) элемент жүйенің басқа элементтерінің арасында алдыңғы орынды алады , өйткені жүйе элементтері мен буындардың өзара байланыстағы оның рөлі айқындаушы болып табылады. Бұл бірінші кезекте мемлекеттік бюджетпен көрінетін мемлекеттің қаржысы.

Мемлекеттің қаржысы – қоғамдық өнімнің құнын және ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу туралы , мемлекет пен оның шаруашылық субъектілерінің қарамағына қаржы ресурстарын қалыптастыруымен және мемлекеттің қаражаттарын олардың жұмыс істеуімен байланысты шығындарға жұмаумен байланысты ақша қатынастары. Мемлекеттің қаржысы өзіне мемлекеттік бюджетті, мемлекеттік бюджеттен тыс қорларды , мемлекеттік кредитті кіріктіреді.

Мемлекеттік бюджет – экономиканы , әлеуметтік – мәдени мұқтаждарды , қорғаныс пен мемлекеттік басқарудың мұқтаждарын қаржыландыруға арналған

елдің ортақтырылған қорын жасаумен және пайдалануымен байланысты ұлттық бабысты бөлу және қайта бөлу туралы мемлекеттің заңи және жеке тұлғалармен пайда болатын ақша қатынастармен көрінетін экономикалық категория. Мемлекеттік бюджет орталығы ( Қазақстанда – республикалық ) және жергілікті бюджеттерді ( облыстардың , қалалардың , аудандардың бюджеттерін ) кіріктіреді.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар – қорлардың ұйымдық дербестігі негізінде кешенді пайдалынатын бірқатар қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін тартылатын қаржы ресурстарын қайта бөлу мен пайдаланудың айрықшалықты нысаны.

Қалыптастыру көздері:

- арнаулы мақсатты салықтар , қарыздар;
- бюджеттен берілетін субсидиялар;
- қосымша табыстар мен үнемделген қаржы ресурстары;
- ерікті жарналар және қайырмалдықтар.

Бюджеттен тыс қорлар толық көлемде ресурстарды мақсатты пайдалануды және аса маңызды әлеуметтік шараларды дер кезінде қаржыландыруды керілдендіреді; олар қаржылық қиыншылықтар жағдайында мемлекеттік билік органдары иек артатын қаржы резерві рөлін орындайды.

Мемлекеттік кредит – мемлекеттік билік органдарының қарамағына уақытша бос ақша қаражаттарын жұмылдыруымен байланысты мемлекеттің заңи және жеке тұлғалармен , соның ішінде шетелдіктермен және олардың мемлекеттің шығыстарын қаржыландыруға пайдаланумен байланысты пайда болатын кредит қатынастарының жиынтығы.

Қаржы жүйесіне жиі сақтандыруды да жатқызады , бірақ көптеген ғалымдар оны дербес , бірақ қаржымен өзара әс – әрекет ететін категориялар деп есептейді.

Сақтандыру – шаруашылық жүргізуші субъектілерге келтірілген мүмкін болған зиянды немесе болған сақтық жағдайларының салдарына байланысты отбасыларының кірістеріндегі ысыраптарды өтеуге арналған ақша жарналары есебінен мақсатты сақтық қорларын құру туралы оның қатысушылары арасындағы тұйық қайта бөлгіштік қатынастардың жиынтығы.

Сақтандыру – айрықшылықты , өзінің буындары бар сферасы: әлеуметтік сақтанды ( барлық әдістер ) , жалпы сақтандыру , өмірді сақтандыру , жауапкершілікті сақтандыру , кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру және т. б.

Материалдық өндіріс сферасының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржысы қаржылардың негізін құрайды , материалдық өндірісте нақтылы өнім – қоғамның қаржы ресурстарының негізгі көзі жасалынатындықтан ол қаржы жүйесінің бастапқы сферасы болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының құрамына мыналар кіреді:

- материалдық өндірістің барлық кәсіпорындары және нарықтық экономика жағдайында өзінің өзіметін коммерциялық есеп негізінде жүзеге асыратын өндірістік емес сферасының бір бөлігінің қаржысы. Коммерциялық есеп негізінде жүзеге асыратын өндірістік емес сфераның бір бөлігінің қаржысы. Коммерциялық есеп – шаруашылықты жүргізу әдісі , оның мақсаты рентабелдік деңгейде

шаруашылық жүргізуді жалғастыруға жеткілікті ең аз шығындармен ең көп табыс алу болып табылады.

- коммерциялық емес сферасының қаржысы. Коммерциялық емес қызмет белгілі бір бас алуды мақсат етпейді. Бұл сфераны қаржыландыру үшін пайдалылығын қаржы ресурстары басқа да кітаптарда да қарастырылған.

Қаржы жүйесіндегі өндірістік емес сфера қаржысының орны мен рөлі оның ұлттық табысты бөлу және пайдалану жөніндегі байланысымен айқындалады. Бұл сферасындағы қаржы қатынастары қаржы қатынастары оның бастапқы құрылымында және олардың арасында, қаржы жүйесінің басқа буындарының, өзге экономикалық жүйелердің: бағалардың, кредиттің және басқа буындардың арасында пайда болады.

Қаржы жүйесі ұғымымен қатар қаржы – кредит жүйесінің жалпыламаға ұғымы да бар, оған қаржы жүйесінің буындары ғана емес, сондай – ақ кредит жүйесі де кіріктіріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржының мәні туралы түсінік?
2. Қаржының табиғаты және қажеттілігінің сипаттамасы қандай?
3. Қаржының қызметтерінің түрлері?
4. Қаржының даму кезеңдері, концепцияларының маңыздылығы?
5. Қаржылардың қалыптасуының негізгі себептері қандай?

## 2 ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жоспар:

1. Қаржы жүйесінің құрамы.
2. Мемлекеттік қаржылар.
3. Қазақстан Республикасының қаржы қатынастары.
4. Қаржы жүйесінің қағидаттары.

«Қаржы жүйесі» ұғымы тиісті акша қаражаттарының қорын құру және пайдалану негізіндегі қатынастардың жиынтығын, сондай-ақ, осы қатынастарды ұйымдастыратын органдарды қамтиды. Қаржы жүйесі үш бөлімнен тұрады:

- қаржы қатынастарының жиынтығы;
- ақша-қаражат қорларының жиынтығы;
- басқарудың қаржылық аппараты.

Қаржыдағы функционалдық сыныптамаға сәйкес, салық, бюджет, сыртқы экономикалық қатынастар, қаржыны жоспарлау, бақылау және басқаларды функционалдық жүйеастылар деп атауға болады.

Қаржы жүйесінің сыныптамасында функционалдық критерийден басқа қаржы жүйесін звенолар бойынша шектеуге мүмкіндік беретін қаржы субъектілерінің нышаны бойынша мемлекет қаржысы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, халық қаржысы деп жіктеуге болады. Сыныпқа байланысты болып келетін звенолар қаржы қатынастары, қаржы қорлары, басқару аппараты тәрізді элементтерден тұрады. Қасиеттерін осылай жүйелендіру қаржы жүйесіне интеграциялық сипат береді.

Қаржы жүйесінің жекелеген құрамдас бөліктерінің орны мен рөлі әрқилы болып келеді. Бастапқы элемент басқа элементтер жүйесінде жетекші орынға ие болып келеді. Өйткені оның ролі звенолар мен элементтер жүйесінде басты орында болып келеді. Бұл – ең алдымен, мемлекеттік бюджет түрінде берілген мемлекеттік қаржылар.

Материалдық өндіріс саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылары қаржының негізін құрайды және олар қаржылық жүйенің бастапқы буыны болып табылады, өйткені материалдық өндірісте нақты өнім қоғаның қаржы ресурсының негізгі көзін құрайды.

Өндірістік емес саладағы қаржының қаржы жүйесіндегі орны мен ролі оның ұлттық табысының қолдануы мен бөлісіне байланысты анықталады. Бұл салада қаржылық қатынастар оның бастапқы құрылымы мен оның қаржылық жүйенің буындарымен, сонымен қатар баға, несие, т.б. тәрізді басқа экономикалық буындарымен пайда болады.

Халықтың қаржылары қаржы жүйесінің ерекше бір бөлігін көрсетеді. Халық өзінің қаражаттарымен жалпы мемлекеттік қаржылық жүйесімен және меншіктің барлық нысанындағы материалдық өндіріс пен өндірістік емес салалардағы шаруашылық жүргізуші субъектілермен қатынасқа түседі.

Қаржылық қатынастар сфераларының әрқайсысының ішінде буындар бөлінеді оның үстіне қаржылық қатынастарды топтастырып, мақсатты ақшалай қорлардың құрамы мен арналымына белгілі бір әсер ететін субъект қызметінің сипатына қарай жүргізіледі. Бұл белгі кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы сферасында мынадай буындары белуге мүмкіндік береді: коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы; коммерциялық емес ұйымдардың қаржысы.

Қаржы жүйесінің әр буыны өз кезегінде буыншаларға (ондағы қаржының өзара байланысының ішкі құрылымына сәйкес) бөлінеді. Мәселен, салалық бағыныштылығына қарай коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындар (ұйымдар) қаржысының құрамына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік, құрылыс және т.б. кәсіпорындарының қаржылары, ал меншік нысанына қарай - мемлекеттік, кооперативтік, акционерлік, жеке және басқа кәсіпорындардың қаржылары болып мүшеленеді. Мемлекет қаржысының құрамында буындар ішіндегі қаржылық қатынастарды топтастыру, мемлекеттік басқарудың деңгейіне (республикалық, жергілікті) сәйкес жүзеге асырылады. Сақтық қатынастары сферасында буындардың әрқайсысы сақтандырудың түрлеріне (жалпы сақтандыру, өмірді сақтандыру) бөлінеді.

Өзінің ортақ қағидалы біртұтастығына қарамастан, қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың нысандары мен олардың сыртқы көрінісі әр түрлі. Бұл мағынада қаржы құрамы туралы айтуға болады. Қаржылық қатынастардың сфералары мен буындары өзара тығыз байланыста болады және елдің біртұтас қаржы жүйесінің құрамын құрайды.

Сонымен бірге қаржы құрамын мемлекеттің қаржылық саясатын жүзеге асыруға қызмет ететін нақтылы қаржы органдары болып табылатын қаржы жүйесінен ажырата білген жөн.

Мемлекеттік қаржылар – мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің иелігіндегі қаржы ресурстарын құру және мемлекеттің жұмыс істеуі үшін қажетті қаржы ресурстарын пайдаланумен байланысты ұлттық банктің бір бөлігі мен қоғамдық өнім құнын бөлу және қайта бөлумен байланысты ақша қатынастары. Мемлекеттік қаржылардың құрамына мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорлар, мемлекеттік несие кіреді.

1. Мемлекеттік бюджет – экономиканы, әлеуметтік-мәдени, қорғаныс пен мемлекеттік басқару қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталған елдің елдің ортақтандырылған бюджет қорын құру және пайдаланумен байланысты мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасында ұлттық табысты бөлу және қайта бөлуге қатысты туындайтын ақа қатынастарын бейнелейтін экономикалық категория. Мемлекеттік бюджетке орталық және жергілікті бюджеттер кіреді.

2. Бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар – қорлардың ұйымдық дербестігі негізінде кешенді қолданылатын және кейбір қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін қамтылатын қаржы ресурстарын қайта бөлу мен пайдаланудың ерекше нысаны.

Оның негізгі қалыптасу көздері:

- арнайы мақсатты салықтар, займдар;

- бюджет субсидиялары;
- қосымша табыстар мен үнемделген қаржы ресурстары;
- ерікті түрдегі жарналар.

Бюджеттен тыс қорлар маңызды әлеуметтік шараларды уақтылы қаржыландыру және түскен қаржыларды мақсатты түрде толық көлемде пайдалануға кепілдік береді; қаржы қиындықтары болған жағдайда мемлекеттік биліктің қаржы резерві ролін атқарады.

3. Мемлекеттік несие – мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасындағы ақшалай қатынастар, оның ішінде мемлекеттік билік органдары қарамағына уақытша бос ақша қаражаттарын жұмылдыру және оларды мемлекеттік шығындарды қаржыландыру үшін пайдалану.

Қаржы жүйесіне сақтандыруды да жатқызуға болады, бірақ көптеген ғалымдар оны қаржымен байланысты дербес категория деп тұжырымдайды.

Сақтандыру – сақтандыру оқиғаларына орай отбасы табыстарындағы шығындарды немесе шаруашылық жүргізуші субъектілерге тигізілуі мүмкін залалды мақсатты сақтандыру қорының ақшалай салымдары есебінен жабуды оның қатысушылары арасында жабық қайта бөлу қатынастарының жиынтығы.

Сақтандыру өзінің әлеуметтік сақтандыру (барлық әдістер), жеке сақтандыру, мүлікті сақтандыру, жауапкершілікті сақтандыру және т.б. тәрізді негізгі звенолары бар ерекше сала.

Қазақстан Республикасында макро- және микроэкономиканың қаржы жүйесін реттеліп отыратын қаржы қатынастары мен ақша ресурстарының жиынтығы және оларды жұмылдыруды, ұлттық шаруашылықты қаржыландыру мен несиелендіруге байланысты бөлуді жүзеге асыратын қаржы мекемелері құрайды.

Қазақстанның қаржы жүйесінің құрамы қаржы қатынастарының біршама дербес мына сфераларынан тұрады:

- мемлекеттің бюджет жүйесі;
- арнаулы бюджеттен тыс қорлар;
- мемлекеттік несие;
- жергілікті қаржы;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы;
- халықтың қаржысы.

Қаржы қатынастарының алғашқы үш бөлігі жапымемлекеттік, яғни орталықтандырылған қаржыларға жатады және макродеңгейдегі экономика мен әлеуметтік қатынастарды реттеу үшін пайдаланады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы орталықтандырылмаған қаржыларға жатады және микродеңгейдегі экономика мен әлеуметтік реттеу және ынталандыру үшін пайдаланылады.

Жергілікті қаржы мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды құрамы болып табылады. Жергілікті қаржының әлеуметтік ролі, оның құрамы мен құрылымы бүтіндей жергілікті органдарға жүтелінген функциялардың сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және оның саяси экономикалық бағыттылығымен анықталады.

Жалпы, қаржылардың бүкіл құрамы екі ірілендірілген бөлікке біріктіріледі:

- мемлекеттік және муниципалдық қаржы;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы.

Мемлекеттің қаржысы қаржы ресурстарының орталықтандырылған қорын жасаудың экономикалық нысаны мен мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде мемлекеттік бюджетте, қоғамдық құжаттарды мақсатты қаржыландырудың қосымша көзі ретіндегі бюджеттен тыс арнаулы қорларда, мемлекеттік несиеледе көрінетін қаржы қатынастарын қамтиды.

Несие қатынастарының қаржы қатынастарынан айырмашылығы болғанымен мемлекеттік несие қаржы жүйесіне қамтылады. Бірақ несиенің бұл түрі мемлекеттің бюджеттің тапшылығын жабу мақсатына бағытталғандықтан, мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз ететіндіктен, ол бойынша есеп айырысу бюджет қаражаттары есебінен болатындықтан – бұл буын қаржы жүйесіне де, сондай-ақ несие жүйесіне де жатады деп есептеуге болады.

Қаржы қатынастары сфераларының әрқайсысының ішінде буындар бөлінеді, оның үстіне қаржы қатынастарын топтастырып, мақсатты ақша қорларының құрамы мен арналымына белгілі бір әсер ететін субъект қызметінің сипатына қарай жүргізіледі. Бұл белгі кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы сферасында мынадай буындары бөлуге мүмкіндік береді: коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы; коммерциялық емес ұйымдардың қаржысы.

Қаржы жүйесінің әр буыны өз кезегінде буыншаларға (ондағы қаржының өзара байланысының ішкі құрылымына сәйкес) бөлінеді. Мәселен, салалық бғыныштылығына қарай коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындар (ұйымдар) қаржысының құрамына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік, құрылыс және т.б. кәсіпорындарының қаржылары болып мүшеленеді. Мемлекет қаржысының құрамында буындар ішіндегі қаржы қатынастарын топтастыру, мемлекеттік басқарудың деңгейіне (республикалық, жергілікті) сәйкес жүзеге асырылады. Сақтық қатынастары сферасында буындардың әрқайсысы сақтандырудың түрлеріне (жалпы сақтандыру, өмірді сақтандыру) бөлінеді.

Мемлекеттердің көпшілігінде қаржы жүйесін құрудың қағидаты – фискалдық (қазыналық) федерализм қағидаты.

Қаржы жүйесінің функциялық құрылысы мынадай негізгі қағидаттарды қанағаттандыруды тиіс:

- біріншіден, қаржы жүйесінің жеке алынған әрбір буыны ақша қатынастарының аса кең шеңберін қамти алады, бұл жалпы категория болып табылатын «қаржыға» ғана тән қасиет;

- екіншіден, тұтастай алынған қаржы жүйесі әрбір нақты сәтте объективті экономикалық категория ретінде қаржының қағидалы мәндік сипаттамаларына және функциялық арналымына дәл сәйкес келуі тиіс.

Қаржы жүйесін құрудың негізіне мына қағидаттар қойылған:

Қаржы жүйесін ұйымдастыруға централизм мен демократизмнің үйлесуі. Мемлекеттік қаржы органдары тарапынан болатын орталықтандырылған



басшылықпен бір мезгілде жергілікті қаржы органдарына және шаруашылық жүргізуші субъектілергі кең құқық пен дербестік берілген.

Бұл қағидат жергілікті қаржы органдарының тиісті жергілікті әкімшілікке және жоғарғы қаржы органдарына екі жақты бағынышты жүйесін алдын ала айқындайды.

Салалық қаржыларды басқарудағы демократиялық негіз шаруашылық жүргізуші органдарға капипалды (негізгі және айналым капиталдарын) бекітіп беруге, оларға әр түрлі мақсатты арналымның ақша қорларын жасауға және оларды пайдалануға құқық беріде көрінеді. Жоғары тұрған органдар өзінің құзыры шегінде салалық қорлар мен резервтерге орналастырылатын қаражаттардың бір бөлігін қайта бөлу туралы шешім қабылдайды, оларды мақсатты пайдаланудың тәртібін анықтайды.

Кәсіпкерлік секторда қаржы дербестігі неғұрлым толық көрінеді: оның қатысушылары мемлекеттің қаржы жүйесі алдындағы міндеттемелерді орындағаннан кейін қаржы ресурстарын еркін иемденеді.

Ұлттық және аймақтық мүдделерді сақтау. Аймақтарды дамытудың әлеуметтік жағынан қабылдауға болатын деңгейі сиялқы бұл қағидаттың талаптары қаржы қатынастарында ұлттық теңдікті қамтамасыз етуге шақырады. Қаржы жүйесін құрыдағы оның көрінісі мемлекеттік қаржы органдары құрылымының ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аймақтық құрылымына сай келуі. Әрбір облыста, ауданда және қалада қыржы органдардың тиісті аппараты бар. Төменгі құрылымдарда арнаулы қаржы органдарының болмауы мүмкін, онда олардың функцияларын жергілікті әкімшіліктің аппараты атқарады. Федеративтік құрылысы бар көпұлтты мемлекеттерде бұл қағидаттың маңызы аса артып отыр.

Қаржы жүйесі бірлігінің қағидаты орталық қаржы органдары арқылы мемлекеттің жүргізіп отырған бірыңғай мақсаттармен алдын ала айқындалып отырады. Қаржылардың барлық буындарын басқару бірыңғай негізгі заңнамалық және нормативтік актілерге негізделеді. Қаржы жүйесінің бірлігі қаржы ресурстарының басты көздерінің ортақтастығында (бірлігінде), олардың қозғалысының өзара байланыстығында, қажетті қаржылық көмек көрсету үшін қаражаттарды аймақтар, салалар арасында қайта бөлуде болып отыр. Қаржы жүйесі бірлігінің қағидаты экономиканы басқарудың барлық деңгейлерінде жасалатын қаржы жоспарлары мен байланыстардың өзара үйлесу жүйесінде өзінің нақтылы көрінісін табады.

Қаржы жүйесінің жеке құрамды элементтерінің функциялық арналымының қағидаты қаржының әр буыны өз міндеттерін шешіп отыратындығынан көрінеді. Оған айырықша қаржы аппараты сәйкес келеді. Мемлекеттік бюджеттің ресурстарын құрып, пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды республиканың Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жүзеге асырады.

Бюджеттен тыс қорлардың (ресурстардың) мақсатты міндеттерін тиісті аппараттар анықтайды және шешеді немесе белгілі бір министрліктің және үкіметтің басқаруына беріледі.

Ұлттық шаруашылықты басқарудың сатылас қағидаты жоғары органдар (министрліктер, ведомстволар, холдингтер, ассоциациялар, бірлестіктер) деңгейінде де, сондай-ақ төмнегі (фирмаларда, компанияларда және т.б.) деңгейде де қаржы аппаратының тиісті құрылымын байланыстырады (қамтамасыз етеді). Бұдан басқа, қаржы аппаратын ұйымдастыруда акционерлік, бірлескен, аралас, кооперативтік, сондай-ақ қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдарды басқарудың ерекшеліктері қамтып көрсетіледі.

Қазіргі кезе қаржы жүйесі терең өзгерістерге ұшырап, қайта құрылуда. Қаржы жүйесін қайта құрудың басты міндеті оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтадырып, одан әрі тездетуге ықпал етуді күшейту, ұлттық табыстың үздіксіз өсуін қамтамасыз ету, өндірістің барлық буындарында шаруашылық-коммерциялық есепті нығайту болып табылады.

Нарықтық қатынастарға көшу барысында қаржы жүйесінің ролі мен маңызы шұғыл артады. Қаржы-несие нарықтық механизмдердің неғұлрым тиімді жұмыс істейтін секторларының біріне айналыу тиіс.

Қаржы және ең алдымен бюджет жүйесі жалпы ішкі өнімнің өсуіне және оның басты бөлігі – ұлттық табысқа, макро- және микроэкономика кәсіпорындарының, фирмаларының және салаларының дамуына және халықтың көптеген жігінің хал-ахуалына айтарлықтай ықпал жасайды.

Қоғамда істің жайы қаржы ахуалымен анықталады, сондықтан тұрақтану мен дамудың бағдарламасы бірінші кезекте экономиканың тиімділігін арттыру жөніндегі жалпыэкономикалық шараларды іске асыруды қарастыруы тиіс. Бұл шаралардың қатарында – өндірістік қатынастарды жетілдіру, экономиканы әлеуметтік қайта бағдарлау, ұлттық шаруашылықтың құрылымын жаңғырту, ғылыми-техникалық прогресті тездету.

Сыртқы экономикалық қызметті жандандыру, ішкі өндіріс есебінен тұтыну нарығын толықтыру проблемасын шешу шаралары тұр. Қаржы шараларының ішінде инвестицияларды оңтайластыру, басқару аппаратын ұстауға жұмсалатын шығындарды азайту, шаруашылық жүргізудің барлық деңгейінде үнемдеу режимін қатаңдандыру қажет: экономиканың төменгі деңгейінде – залалдылықты болдырмау, коммерциялық есепті дамыту, қаржы жүйесінің барлық буындарында қаржылық өзара қарым-қатынастарды индикативтік реттеу қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржы жүйесін ұйымдастыру кезінде неліктен нақтылы қағида қолдану керек?
2. Қаржы жүйесін жетілдіру немен бекітіледі?
3. Қаржылық саясатты дайындау кезінде қандай бастапқы негіздер қабылданады?
4. «Қаржылық саясат» түсінігін, оның мазмұнын сипаттаңыз.
5. Сіздерге белгілі экономиканы басқарудың әр түрлі деңгейлерінде қолданылатын қаржы құралдарын атап шығыңыз.
6. Қаржы Министрлігінің қызметі мен ролі.

## Есептер

### 1 есеп

N жылдағы денсаулық сақтауға кеткен шығынды есептеу керек, егер:

- N1ж барлық деңгейлердегі денсаулық сақтауға бюджет - 38 млрд.теңге;
- дефлятор N2ж. - 1,35;
- дефлятор - Nж. - 1,22 (ҚР Денсаулық министрінің мәліметтері бойынша);
- денсаулық сақтаудың мақсатты бағдарламаларына, инфрақұрылымдары мазмұнына барлық деңгейлердегі бюджеттердің құралдарынан 30% бағыттталатын болады;

- жоспарлатын еңбекақы төлеу қоры Nж. - 660 млрд.теңге.;
- салық салынатын жарналармен еңбекақының қор көлемі - 93%;
- сақтандыру жарналарының күтілетін деңгейі - 75%;
- жүйенің мазмұнына шығындар - 8% шығындардан;
- N жылдағы сақтандыру тарифі - 3,6% ФОТ тан;
- ҚР-дағы халық саны - 11,2 млн адам.

### 2 есеп

N жылдағы әр адамға шаққанда мемлекеттік кепілдіктерінің орындауына шығындарды екі нұсқада есептеңіз:

- бірінші нұсқа бойынша N0 жылдың пропорцияларын сақтау кезінде;
- егер федералды қаржы 1,12 нормативтары бойынша N0 жылдағы дефлятор болса, көмектің құрылымдарын жетілдіру кезіндегі.

N0 жылдағы орташа құн:

- стационардағы койкодень - 84,8 мың. тг.;
- күндізгі стационардағы койкодень - 17 мың. тг.;
- дәрігерге бару 12 мың. тг.

Жедел жәрдем - 8% барлық шығындар. ҚР-ның бір тұрғынына бюджет есебінен 398 мың тг бағытталған.

### 3 есеп

АҚШ-та жергілікті органдардың көпшілігі өз табыстарының белгіленген бөлігін штат трансферттерінен және федералдық бюджет деңгейінен алады. Үкіметтаралық трансферттермен келесі ерекшеліктер қарастырылған:

- олар кішірейтіле және тоқтатыла алады;
- жиі мақсатты болып табылады;
- жекеменшік табыс көздерін қолдануда жергілікті деңгейдің күш-жігерін төмендетпейтін трансфертттерді бөлу үшін үрдістер және анықталған формула айқын;
- мемлекеттің бірыңғай саясатын өткізу (аз қамтылған аймақтар үшін теңестіру саясаты);
- басқарудағы оңайлық және жеңілдік;
- көрсетілетін қызметтерге және алынатын табыстар бойынша шешімдерге қатысты жергілікті автономияның түбегейлі шектеулерінің жоқ болуы.

ҚР-дағы трансферттерді ұсыну ерекшелігін сипаттаңыз. Бұл елдерде трансферттерді ұсыну тетігі немен өзгешеленеді?

4 есеп

Келесі жағдайларда несие бойынша төлеулерді өтеу графигінің кестесін суреттеңіз:

Қарыз сомасы - 400 000 тг.

Қарыз бойынша мөлшерлеме - 36% жылына.

Қарыздың мерзімі - 90 күн.

Қарызды беру күні - N жылдың 1 сәуірі.

Қарыз бойынша ерекше шарттар - негізгі қарызды өтеу несие келісімшарттың мерзім соңында төлеу керек, ал несиені пайдаланғаны үшін пайыздарды әрбір айдың 30-ші санында төлеу керек.

1 – кесте, бастапқы мәліметтер

Төлеу күні	Негізгі қарыз сомас	Несие бойынша пайыздар	Төлеудің жалпы сомасы
30.04.00	-	12 000	12 000
30.05.00	-	12 000	12 000
30.06.00	400 000	12 000	412 000
Барлығы	400 000	36 000	436 000

### 3 ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТАНДЫРУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Жоспар:

1. Қаржылық тұрақтылығы - экономикалық категория ретінде.
2. Қазақстан Республикасы қаржы секторын тұрақтандыру.

Нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайының маңызы өте зор. Бұл кәсіпорындардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестіктер және басқада контрагенттер алдында өзінің өндірістік кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін, толық жауапкершілікте болумен байланысты.

Бір қатар түрлі әдістермен есептелетін бірыңғай көрсеткіштерге қарағанда, қаржылық жағдай түрлі көрсеткіштерді есептеу нәтижесінде және олардың жалпы бағалауға тигізетін әсерін зерттеу негізінде анықталатыны анық. Кәсіпорынның қаржы жағдайы әлсіз және өмір сүру қабілеті жоқ, кәсіпорындарға аяусыз қарайтын бәсекелі нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның сенімді болуын, тұрақтылығын және келешегі барлығын куәландыруы тиіс. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақытылы өткізуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Бұл сұрақ та арнайы оқулықтарда түрліше түсіндіріледі. Бір авторлар қаржылық тұрақтылықта «өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс процесінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы» деп түсіндіріледі. Қаржылық тұрақтылық – меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы деп жазады.

Бұл ұғымды А. Д. Шеремет пен Р. С. Сайфуллин өте ықшам түрде анықтайды. Олардың ойынша «Қаржылық тұрақтылық – бұл әрдайым төлем қабілеттілігін кепілдендіретін белгілі бір шоттар жағдайы».

В. М. Родионова мен М. А. Феодотова бұл ұғымды келесідей түсіндіреді: «Кәсіпорынның тұрақты қалыптасқан табысың шығыннан артуының өзіне тән айнасы – қаржылық тұрақтылық болып табылады. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдаланып, оларды тиімді қолдану арқылы өндіру мен өнімді өткізу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, сондай ақ кәсіпорынды кеңейтуге және жаңартуға қажетті шығындарын қаржыландыратын кәсіпорынның қаржы ресурстық жағдайын сипаттайды. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады».

«Қаржылық менеджменттің теориясы мен практикасында кәсіпорынның қаржылық – экономикалық жағдайын талдауына үлкен көңіл аударады. Осы мақсатпен бухгалтерлік баланстың есептеулері, кірістері мен шығындарын бағалау, ақша қаражаттарының айналуы мен жеке капиталдарын бағалау, сонымен қатар салық және статистикалық есеп беруін нақты қарастырады. Бұл үшін, есеп беру периодының басы мен аяғында тікелей және жанама талдау

белгілі бір құжаттар формасының есеп беруінің абсолютты, қатыстылық және басқада кемшіліктерін, сонымен қатар өтімділік коэффициенттерін қарастырады. Бірақ бұндай жағдайда жақындағанда қаржылық менеджменттің бір жағын, яғни ұйымдастырушылық бақылауын қарастырмайды. Бұл жағдайда кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бақылау механизмін құру және қаржылық директордың мұндағы рөлі, қаржылық – экономикалық службалар мен кәсіпорынның ұйымдастыру мен қызмет етуі көп әсерін тигізеді».

Ал кәсіпорынның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Нарық жағдайында ол ең бірінші өнімді өткізуден түсетін табыстың Тұрақтылығын талап етеді және оның мөлшері мемлекетпен, жабдықтаушылармен, несие берушілермен, жұмысшылармен және тағы басқалармен есеп айырысу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның одан әрі дамуы үшін, барлық есеп айырысулар мен барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, осы кәсіпорында өндірісті дамытуға, оның математикалық – техникалық базасын жаңартуға және де әлеуметтік климатты жақсартуға және басқаларға мүмкіндік беретіндей дәрежеде табыс қалуы қажет.

Кәсіпорынның қаржылық қызметінің қалыпты болуы, әсіресе өз кезеңіндегі қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жағдайларды туғызады, оны төлеу қабілеттілігінің кепілі болып табылатын өнім өндірудің үздіксіздігін және кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қаржылық жағдайды жақсы білуді қаржылық тұрақтылықтан бастаған жөн және оған мыналар жатады:

- кәсіпорын активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау;
- кәсіпорын активтерінің қалыптасу көздерінің құрамдық және құрылымдық динамикасын талдау;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;
- кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және несие қабілеттілігін талдау;

Кәсіпорын жұмысы нарық жағдайына өтумен бірге оның қаржылық жағдайы және оны сауықтыру жолдарын іздеу жөніндегі сұрақтар да шиеленісе түседі.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына көптеген факторлар әсер етеді, оларды В. М. Радионова мен М. А. Федотова келесідей түрлерге жіктейді:

- пайда болу орнына байланысты: ішкі және сыртқы;
- нәтижесінің маңыздылығына байланысты: негізгі және негізгі емес;
- құрылысы бойынша: қарапайым және күрделі;
- әрекет ету уақыты бойынша: тұрақты және уақытша.

Ішкі факторлар кәсіпорынның өзінің жұмысын ұйымдастыруына байланысты болады, ал сыртқы факторлар кәсіпорын еркіне бағынышты емес.

Негізгі ішкі факторларды қарастырайық. Кәсіпорынның тұрақтылығы ең бірінші өндіріс шығындармен үздіксіз байланысқан өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің құрамы мен құрылымына тәуелді. Сондай ақ тұрақты және айнымалы шығындар арасындағы қатынас маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның өндірілетін өнім және өндіріс технологиясымен тығыз байланысқан қаржылық тұрақтылығының маңызды факторларының бірі – активтердің тиімді құрамы мен құрылымы, сондай ақ кәсіпорынның басқару стратегиясын дұрыс таңдап алуы болып табылады. Ағымдағы активтерді басқару өнері – кәсіпорын шотында оның ағымдағы жедел қызметі үшін қажет болатын қаржының ең төменгі соммасын ұстаудан тұрады.

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі маңызды факторларының бірі – бұл қаржы ресурстарының құрамы мен құрылымы, олардың басқару стратегиясы мен тактикасының дұрыс таңдалып алынуы. Кәсіпорынның өз қаржы ресурсы, соның ішінде таза табысы қаншалықты көп болса, соншалықты ол өзін жайлы сезіне алады. Сонымен бірге тек таза табыстың көлемі ғана емес, сонымен қатар оны тарату құрылымы, әсіресе өндірісті дамытуға бағытталған бөлігі де өте маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қарыздық капиталдар нарығындағы қосымша жұмылдырушы қаражаттар үлкен әсерін тигізеді. Кәсіпорынның ақша қаражаттарын қаншалықты көп тарататын болса, оның қаржылық мүмкіндіктері де соншалықты жоғары болады, алайда, сонымен бірге қаржылық тәуелділік те өседі – яғни кәсіпорын өз кредиторлармен уақында есептесе ала ма, жоқ па? – деген қауіп туады. Және де бұл жерде кәсіпорынның қабілеттілігінің қаржылық кепілінің бір түрі ретінде резервтерге үлкен роль берілген.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін мынадай ішкі факторларды атап көрсетуге болады:

- кәсіпорынның салалық топқа жатуы;
- шығарылатын өнімнің құрылымы және оның жалпы төлем қабілеттілігі бар сұраныстағы үлесі;
- төленген жарғылық капиталдың үлесі;
- төленген жарғылық капиталдың мөлшері;
- шығындардың көлемі, олардың ақшалай табыспен салыстырғандағы динамикасы;
- қорлар мен резервтерді, олардың құрамы мен құрылымын қоса алғандағы мүлік пен қаржы ресурстарының жағдайы;
- кәсіпорынның басқару тиімділігі;

Сыртқы факторларға шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайының әсері, қоғамда үстемдік ету үшін техника мен технология, төлеу қабілеті бар сұраныс және тұтынушылар табысының деңгейі, ҚР үкіметінің салық және несие саясаты, кәсіпорынның қызметін бақылау жөніндегі заң актілері, сыртқы экономикалық байланыс және тағы басқалар жатады.

Кәсіпорынның тұрақты қаржылық жағдайын қалыптастыруды, оның өз контрагенттерімен өзара қарам-қатынасы әсер етеді. Сондықтан да серіктестіктермен реттелген іскерлі қатынаста болу – жақсы қаржылық жағдайдың бірден-бір шарты болып табылады. Әрине, акционерлер өз жинақ қорларын тұрақты тиімділікке ие және дивиденттерді ұқыпты төлейтін қаржылық тұрақты кәсіпорындарға салады. Инвестициялық тартымдылығы болуы үшін, тек

бүгінгі күні ғана емес, болашақта да кәсіпорынның қаржылық жағдайы көршісіне қарағанда жақсы болуы тиіс. Қаржылық жағдай кәсіпорынның бәсекелестік қабілетін және оның іскерлік қарым-қатынастағы потенциалын анықтайды, кәсіпорынның өзінің және оның серіктестіктерінің өзінің қаржылық және басқада қатынастар тұрғысындағы экономикалық қызығушылықтары қаншалықты дәрежеде кепілдендірілгенін бағалайды.

Кәсіпоранның қаржылық жағдайының объективті дұрыс бағасын алудың ең жақсы тәсілі, бұл талдау, ол кәсіпорынның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және осындай жолмен басқарушылық шешімдерді өңдеумен кәсіпорынның өзінің өндірістік кәсіпкерлік қызметі арасында байланыстырушы қызмет атқарады.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты келесілер болып табылады:

- қаржылық жағдайда баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;
- активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестілік, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;
- айналым капиталының көлемін, оның өсуін (кемуін) және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;
- қаржы-есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;
- ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;
- баланстық өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;
- кәсіпорынның табыстылығын бағалау;
- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;
- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін анықтау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау;

Кез келген мемлекетте кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына жетілдіру жолдары қандай деген сұраққа жауап беруге болады. Бірінші және екінші бөлімде көрсетілген барлық жағдайларды қарастырып, талдап, бақылау жасап отыру қажет. Яғни, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығымен тығыз байланысты көрсеткіштерді анықтау арқылы бақылау жасап, барлық жағдайлармен қамтамасыз ету керек. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында қаржы және экономика жағында көптеген жоғарғы және орта топ мамандарды міндетті түрде дайындау іске жүргізіліп жатыр. Мамандардың біліктілігіне байланысты кәсіпорынның қаншалықты жоғары дамығандығын білуге болады. Оның ішінде қаржылық директор, жоғары топтың басқарушыларының бірі болып табылады. Ол кәсіпорынның қаржылық – экономикалық және бәсекелестік жағдайына жауапты болып табылады. Қаржылық директор басты директордың экономикалық және қаржылық жағынан орынбасары болып табылады. Оның негізгі міндеті кәсіпорынның қаржылық экономикалық жағдайын басқару, қаржылық



тұрақтылығын орнатуға қаржылық саясатын дамыту. Бұл мақсатты орындау үшін, көбінесе оған мыналар жатады:

- ақша қаражаттарының түсімдері мен кірістері, тауарлық – материалдық құнның қозғалысын, сонымен қатар аналитикалық баланстарды үйлестіруді бюджет жүйесіндегі графикпен есеп алуды жетілдіру;

- төлем балансының профицитіне жету үшін, қаржылық ағымын және жеке ақша қаражаттарының бюджетін жасауды басқару;

- қаржылық ресурстарының, мүлкінің және кіріс қозғалысының балансының негізіндегі қаржылық тұрақтылықты талдау, қаржылық тұрақтылықтың графигін орнату және банктің несиелік ресурстарды қарыз алушыға талап қоюына, талаптың тыйым салуын анықтау;

- төлем ресурсы мен жиналған қарыздың қаншалықты үлкейгендігі мақсатында, өндіруші программалар мен бизнес жоспардың экономикалық дәйектемесі;

- жеке және қарыз алған ақша қаражаттарының керектігінің дәйектілігі, капитал мен актив структурасындағы қаржылық тетікті бақылау;

- айналым капиталын басқару;

- бухгалтерлік, салықтық, статистикалық, оперативтік және басқарушылық талдауды экономикалық оқыту жөні;

- материалдық, қаржылық және құжаттық ағындарының қозғалысына бақылау;

- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын шынайы тұрақты уақытпен, ағымдық және оперативтік басқару;

- жұмыс координациясын және қаржылық-экономикалық қызметтерге және оның бөлімшелеріне басшылық, басқа қызметтер және бөлімшелермен өзара әрекет ету механизмін дамыту;

- ішкі есеп беру құжаттарын стандартқа сәйкестендіру;

- методикалық жағдайын сәйкестендіру;

Жоғарыда көрсетілген тізімдерді, қаржылық инструменттерді қолдану және кәсіпорынды дамыту, әртүрлі тәуекелдерді есептеу, бағалы қағаздармен жұмыс жасау, дивиденттік және инвестициялық саясатқа қосуға болады. Бірақ бұл әдістер орта және ұсақ кәсіпорындарға емес, тек аса үлкен кәсіпорынға сәйкес келеді. Яғни, мұнда көрсетілгендей экономикалық және қаржылық аймақта ең басты маман ретінде қаржылық директор, қазіргі уақытта бухгалтерлік, қаржылық, статистикалық, экономикалық, салықтық службалардың жұмыстарын нақты білуіне міндетті. Яғни, оның жұмысының дұрыстылығы, кәсіпорынның қаржылық және экономикалық жағдайы, басқа кәсіпорындар мен банктер арасындағы қаржылық қарым-қатынасы соған тікелей байланысты болып келеді.

Әрине, қаржылық директордың жұмысының тиімділігі, тек қана оның біліміне байланысты емес, сонымен қатар, біліктілігі және методикалық тәжірибесі, материалдық, құжаттық және қаржылық ағымдардың қозғалыс механизмінің біліктілігіне, сонымен қатар қаржылық-экономикалық басқаруды ұйымдастыру жұмыстылығына байланысты. Мысалға, 1-суреттегі қаржылық-

экономикалық службалардың және алдыңғы қатарлы мамандардың мамандалған нұсқаулардың жағдайы ұйымдастырушылық қызметінде көрсетілген:

– бухгалтерлер бухгалтерлік, қаржылық және салықтық есеп беруді дайындауды, стандартқа сәйкес есеп беруге міндетті болып табылады;

– жоспарлы экономикалық бөлім бюджетті құрастыру, баға құру және калькуляциялауды, есп беру мен есептесуді жоспарлау, болжау және талдауға жауап береді;

– қаржылық бөлім жеке және қарыз капиталына есеп береді, проекттердің пайдалылығын, акциялар және оған тығыз байланысты тәуекелдерді талдау сұрақтарында инвестицияландыру және несиелеуді шешеді;

– аналитикалық бөлім, талдау мен аудиттің ішкі есеп беру құжаттарына сүйене отырып, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына талдау және есеп берудің ағымдық және оперативтік басқаруды жүзеге асырады;

– ақпараттық технологиялар және автоматтандыру бөлімі автоматты есептеу, алгоритмдерді зерттеу (жетілдіру) және әртүрлі өнімдердің программаларын орнатудың тиімділігін жоғарлатуды мақсат етеді.

Бір жағынан, барлық экономикалық-қаржылық қызмет бөлімдерді және сонымен қатар мамандардың тобын: бухгалтерлер, экономика, қаржы, программалау және заңгер мамандарын басқара алады. Бірақ кез келген топтың алдындағы тұрған қаржылық-экономикалық қызметінің мақсаттары өзгермейді. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы жағдайы дамуы үшін, ең бастысы мамандарға алдына қойған мақсаттарды нақты көрсету және түсіндіру, құжаттардың орындалуының мерзімділігі, есептемелердің максималды автоматтандырылуы болып табылады. Практикада көрсетілгендей нақты көрсетілген қауыл, қаржылық директор мен алдыңғы қатарлы мамандар: бас бухгалтер, экономикалық-жоспарлау бөлімінің бастығы және қаржылық бөлімнің бастығы арасындағы түсініспеушілікті тудырмайды.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және сондықтан тығыз байланысты болады. Сол себепті нарықтық экономика жағдайында оған көп көңіл аударады. Арнайы есептік – талдау әдебиеттерінде төлем қабілеттілігін анықтау жөніндегі әртүрлі көзқарастар кедеседі. Мысалы, О. С. Ефимова төлем қабілеттілігі: «Кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігін – дегеніміз, компания ұзақ мерзімді қарыздарын уақыты келген кезде өтеу қабілеттілігін анықтау үшін бағалайды».

Профессор В. В. Ковалев: «Төлем қабілеттілігі – деп, қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша есеп айырысуды өз уақытында және толығымен жүргізу қабілеттілігі».

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келсек, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп, оның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығын түсіну керек деп айтуға болады. Бірақ бұл үшін кәсіпорынның есеп айырысу, валюта және басқада шоттарда ақшалары болуы керек. Кәсіпорынның тек қарыздарды өтеуге ғана емес, сонымен қатар үздіксіз өндіріс үшін қаржылары болуы керек. Ағымдағы төлем қабілеттілігі баланс жасау мерзімімен анықталады.

Кәсіпорын жабдықтаушыларына, банктік қарыздар және басқада есеп айырысулар бойынша қарыздар жоқ болса төлем қабілетті деп саналады.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі – несиеге қабілеттілігі. Төлем қабілеттілігі «несиеге қабілеттілік» түсінігімен салыстырғанда кеңірек ұғым. Кәсіпорынның несиеге қабілеттілігін бағалаудың басты әдісі – оның ресми бухгалтерлік есеп берулерін талдау. Осыған сүйене отырып, банк мыналарды бағалауы керек:

- кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және өтімділігін;
- айналым қаражаттарын және алған несиені пайдаланудың тиімділігі;
- барлық қарыз міндеттемелерді, несиенің сұралған соммасын қоса, өтімді қаражылармен жабуын;
- шаруашылық айналымда меншікті айналым қаражаттарының болуын;
- кәсіпорынның табыстылығын (рентабельділігін) бағалау;

Кәсіпорынның несиеге қабілеттілігін бағалау белгілі бір уақытта және динамикада жүргізіледі. Талдау негізінде банк қарыз алушыға несие беру мүмкіндігі туралы қорытынды жасайды.

Жоғарыда айтылған мәліметтердің барлығы, сонымен қатар, кәсіпорынның табыстылығы, қызметінің тиімділігі, іскерлік белсенділігі, кәсіпкерлік тәуекелділігі, кәсіпорынның банкрот болу ықтималдылығы және тағы басқа факторлар, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бақылауды ұйымдастырады.

Отандық банк жүйесін қолдау қажеттілігі оның елдің экономикалық жүйесіндегі маңызды рөлінің болуымен түсіндіріледі. Тәуелсіздік жылдарында отандық банктер отандық экономикалық жүйенің ажырамас бөлігіне айналған, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және оның нарық жағдайында дамуын ынталандыратын жетілдірілген қаржы жүйесін қалыптастырды.

Отандық банктерге қолдау жасай отырып, мемлекет олардың ішкі экономика мен нақты секторды кредиттеу көлемін сақтайтындықтарына, атап айтқанда, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруларына және ипотекалық несиелеу бойынша қолайлы жағдайды белгілейтіндіктеріне сенім артуда.

Мемлекеттің мақсаты - жалпы жүйе тұрақтылығын қолдау және сақтау. Бұл мақсаттар үшін Қазақстанда тиісті реттеу мен қадағалау, сондай-ақ депозиттерге кепілдік беру жүйесі бар. Жүйе тұрақтылығына қауіп төнген жағдайларда мемлекет банк секторына жағдайды тұрақтандыруға қажетті тәртіпте және көлемде қаржылық қолдау көрсетеді.

Мемлекет банктің борыштары бойынша ешқандай міндеттемелер алмайтыны сияқты банктердің операциялық қызметіне араласпайды. Ағымды жағдайда банктер банк депозиторларының мүдделерін барынша қорғалатындай етіп активтер мен пассивтерді тиімді басқаруды қамтамасыз етулері тиіс. Бұған қарамастан мемлекет қызметі ел экономикасының одан әрі дамуына ықпал ететін жүйе құраушы банктерге қатысты тұрақтандырушылық бастамаларымен шығады.

Қаржы секторын тұрақтандыру үшін мынадай шаралар қабылданатын болады:

Біріншіден, ол қарапайым және ерекше артықшылығы бар акцияларды сатып алу, сондай-ақ реттелген қарыздар беру арқылы төрт жүйе құраушы банктердің қосымша капиталдандыру. Бұл ретте банктерге мұндай мемлекеттік қолдау көрсетудің басты шарттарының бірі капиталды банк акционерлерінің өздерінің ұлғайтуы болып табылады.

Қазіргі таңда банктер берген қарыздардың 35.6%-ы құны айтарлықтай төмендеген жылжымайтын мүліктермен және жермен қамтамасыз етілген. Бұл банктер активтерінің сапасын төмендетеді. Осыған байланысты банк секторына шығындардың едәуір көлемі әлеуетті түрде жинақталуда. Банк секторын сауықтыру үшін Қаржы қадағалау агенттігі банктер құрған провизияларға қойылатын талаптарды арттырады. Бұл банктердің өз шығындарын мойындауына және оларды жасақталған провизиялар есебінен шығынға жазуына септігін тигізеді. Бірақ, банктердің провизияларды құруы үшін қосымша капитал қажет. Берілген қаражатты банктер резервтердің барабар деңгейін қалыптастыруға және ел ішінде қарыз алушыларға кредиттер беруге жіберуі тиіс.

Мемлекет капиталданған банктердің ұзақ мерзімді қатысушысы болып қалмайды. Әлемдік қаржы дағдарысы бәсеңдеген және халықаралық капитал рыноктарына жол ашылған жағдайда «Самұрық – Қазына» қоры нарық қағидаттары бойынша акцияларды сату бағасы сатып алу бағасынан төмен болмауы керек. Банктердің акционерлері 5 жыл ішінде акциялардың мемлекеттік пакетін қайта сатып алатын құқыққа ие болады.»Самұрық – Қазына» қоры банктердің сыртқы борыштарын қайта құрылымдау жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Банктер жеткілікті өтімділікке ие, ал қайта құрылымдау сыртқы қорландырудың шектеулі қолжетімділігіне байланысты қаржыландыру қаупін азайту тиіс.

Екіншіден, Стресті активтер қоры құрылды. Оның қызметі қазақстандық банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға бағытталатын болады. Банктердің сенімсіз активтерін сатып алу және кейіннен оларды басқару осы мақсатты іске асырудың негізгі тетігі болады. Макроэкономикалық, нарықтық және басқа да факторлар әсерінен елеулі тәуекелдерге ұшырайтын активтер, банктердің жылжымайтын мүлік және жер кепілдігімен қарыздар баруі осындай активтер ретінде қарастырылады.

Банктерден мұндай қарыздарды сатып алу банктердің балансын өтімділігі аз активтерден тазартуға және банктерді өз шығындарын мойындауға мәжбүрлейді. Активтерді сатып алу Стресті активтер қоры айқындайтын дисконтты немесе тәуекелдерді бөлудің басқа нысанын баланстық құны бойынша жүзеге асырылатын болады.

Үшіншіден, банктердің міндеттемелеріне уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қосымша көздері ұсынылатын болады. Ресурстық базаны тұрақтандыру мақсатында ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың активтері Ұлттық Банктің басқаруындағы мемлекеттік ұйымдардың уақытша бос ақша қаражаты отандық банктердің депозиттеріне орналастырылатын болады.

Төртіншіден, қаржы секторында мемлекеттік реттеу жетілдірілетін болады. Қаржы қадағалау агенттігі пруденциалды реттеу шеіберінде банктердің сыртқы міндеттемелерін және тұтастай көтерме қаржыландыру деңгейін төмендету жөніндегі жұмыстарды жалғастыратын болады. Бұл ретте банк заңнамаларының қолданыстағы және жаңадан енгізіліп жатқан талаптары банктерді қорландырудың әртараптандырылған базасын құруға, яғни белсенді операцияларды көптеген жағдайда депозиттік база, атап айтқанда жеке тұлғалар есебінен қаржыландыруға ынталандыруы тиіс.

Таңдаулы халықаралық практика негізінде банктердің капиталдандыру есебінің тәсілдері онтайландыратын болады, бұл банк активтерін жанама факторлардың болуы мүмкін, оның ішінде экономика секторларында іскерлік белсенділіктің төмендеуі, жағымсыз сыртқы құбылыстарға ұшырау, айырбас бағамдарының күтіліп отырған тұрақсыздығы әсерін ескере отырып банктердің қосымша резервтерді қалыптастаруын көздейді.

Тәуекелді басқару жүйесіне және банктердегі ішкі бақылауға талаптар күшейтілетін болады. Ең алдымен банктер өтімділікті жоғалту тәуекелі мониторингіге тәсілдерді елеулі түрде қайта өңдеуі тиіс болады, ал банктердің активтері мен пассивтерін басқару стресті ахуалдардың туындауын ескере отырып үлгіленуі тиіс.

Бесіншіден, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жаңа жағдайлардағы жұмыс істеу тетіктері пысықталатын болады. Зейнетақы қорларының салымшыларының мүдделерін қорғау мақсатында Үкімет халықтың зейнетақы жүйесіндегі жинақтарының сақталуын, жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылары үшін ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, олардың хабардар етілуін және қаржылық сауаттылығын арттырды.

Халықтың зейнетақы қорларына барлық салымдарын мемлекет зейнетақы жинақтарын төлеу сәтіне инфляцияның деңгейінде олар бойынша кірістерді есепке ала отырып кепілдік береді. Үкімет азаматтарға зейнетақы қорларынан тұрақты төлем мониторингін жүзеге асыратын болады және жыл сайын инфляция есебі бойынша зейнетақы жарналары және зейнеткерлікке шыққан сәттегі іс жүзіндегі жинақтар арасындағы айырмашылықтың орнын толтыру үшін республикалық бюджетте жыл сайын қажетті қаражат көзделеді. Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдерін әртараптандыру үшін Үкімет пен «Самұрық – Қазына» қоры зейнетақы активтерін басым инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін тарту жөнінде шара қабылдайды, құрылған Стресті активтер қоры инвестициялық рейтингі бар борыштық бағалы қағаздарды шығаруды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның банктік нарығы жетілмеген бәсеке нарығы болып табылады. Бұнда тауардың дифференциациясы маңызды орын алады, яғни сапаны жақсарту, атақты ұлғайту арқылы банктің банктік өнімінің бөлінуі.

Бұндай жағдайларда банктер жарнаманың әр түрлі әдістері арқылы өзінің атағын күшейтуге және қоғаммен байланыс бойынша қандай да бір шаралар арқылы өзінің репутациясын жақсартуға ұмтылады.

Олар біздің республикамызға өтіп жатқан әр түрлі маңызды шараларға демеуші ретінде қатысады, акционерлер жиналысын жүргізеді, жылдық есеп беруді құрайды, жарнамалық проспектітер мен буклеттерді шығарады, теле және радио жарнамаға айтарлықтай сомада шығын жұмсайды. Бірақ менің ойымша, клиенттерді ұлғайту үшін уақыт қажет, өйткені экономикалық және саяси жағдайдың тұрақсыздығынан, банктердің жұмыс уақытының кішігірім аралығынан, шетел валютамен салыстырғанда ұлттық валютаның құбылуынан және басқа да сипаттамаларынан тұтынушылар өз ақшаларын сеніп тапсыру ықтималдығы төмен болады. Бұдан басқа заңнамалық база, көбінесе, өткізу нарығын шектейді.

Банктік қызметтерді талдау оның табыстылығын банктер басшылығымен берілген шынайы әрі көп негізделген бағалармен банктердің қызмет нәтижесін білеміз, олардың күшті және әлсіз тұстарын таныймыз, туындаған мәселелерді шешу жолдарын анықтап және олардың жұмысында өтімділікті, яғни банктердің өтімділігіне және табыстылығына көмек беру, несиелік саясатқа қатысты, ұйымдастыру бәсекелестікті ұстап тұру, салымшыларға сенімді болуы. Коммерциялық банктердің қызметтердің негізін қалаушы принциптерге шынайы ресурстармен жұмыс істеу болып табылады. Банктік ресурстарының негізгі көздеріне клиенттердің салымдары жатады, яғни несиегерлерге кепілдік болып табылады. Яғни пассивтердің құрылымы банктерде активтік операциялардың жүргізілуіне мүмкіндікті анықтайды.

Бақылау сурақтары:

1. «Кәсіпорынның қаржылық жағдайы» дегеніміз не?
2. Қаржылық жағдайы және оны сауықтыру жолдары?
3. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына қандай факторлар әсер етеді?
4. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін ішкі факторлар.
5. Сыртқы факторларға шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайының әсері?

#### 4 ТАҚЫРЫП. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТИЛЕРДІҢ ҚАРЖЫСЫ

Жоспар:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының мазмұны.
2. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің сыныптамасы.
3. Шаруашылық етуші субъектілердің түрлері және олардың қызметін ұйымдастыру.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы - бірыңғай қаржы жүйесінің құрамды бөлігі және айырықша сферасы болып табылады, оның орталықтандырылмаған бөлігін құрайды, материалдық және материалдық емес игіліктер жасалатын және елдің қаржы ресурстарының негізгі бөлігі қалыптасатын қоғамдық өндірістің басты буынына қызмет көрсетеді. Елдегі ақша қатынастарының аса маңызды сферасын, атап айтқанда, жасалатын қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және ұлттық байлықты - халықтың қажеттіліктерін, өндірістік емес сфераның материалдық шығындарын қамтамасыз етудің көздерін алғашқы бөлуді қамтитындықтан бұл буынның қаржысы қаржылардың негізгі, бастапқы бөлігі болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы қаржы жүйесінің сферасы ретінде қоғам экономикасының іргетасын қалыптастырады, өйткені мұнда материалдық және материалдық емес игіліктер жасалады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасы шеңберінде материал, еңбек және қаржы ресурстарын көпшілік бөлігі шоғырландырылады, бұл қоғамда ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесін қамтамасыз етеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының болуы, жалпы мемлекеттің қаржысы сияқты, тауар-ақша қатынастарының өмір сүруімен және экономикалық заңдардың іс-әрекетімен байланысты.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы ақша нысанында ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесінің негізгі жақтарын білдіреді және экономикалық заңдардың талаптарына сәйкес оны жүзеге асыруға септігін тигізеді. Ол ұлттық шаруашылықты одан әрі дамытуға қажетті ақшалай табыстар мен қорланымдарды болу және пайдалану үшін қолданылады. Даму ұлттық шаруашылықты басқару жүйесінің маңызды экономикалық инструменті, экономиканы қайта құрудың қуатты құралы болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің берік әрі жақсы қалыптасқан қаржыларысыз мүмкін емес. Өндірістік қатынастардың бір бөлігі ретінде олар басқа өндірістік қатынастардың жиынтығында басқарудың төменгі буындары шаруашылық қызметінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы өзіне қоғамдық - пайдалы қызметтің сан алуан сфераларындағы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, жабдықтау-өткізу (делдалдық), сауда, дайындау, геологиялық барлау, жобалау қызметін, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді, байланысты, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін, түрлі қаржы, кредит, сақтық, ғылыми, білім, медицина, ақпарат, маркетинг және басқа қызметті жүзеге асыратын

кәсіпорындардың, фирмалардың, қоғамдардың, концерндердің, ассоциациялардың, салалық министрліктер мен басқа шаруашылық органдардың, шаруашылықаралық, салааралық, кооперативтік ұйымдардың, мекемелердің қаржыларын кіріктіреді.

Ұлттық шаруашылықтың әрбір саласы қаржысының бұл саланың техникалық-экономикалық ерекшеліктерінен туындайтын елеулі айырмашылықтары бар. Бірақ сонымен бірге барлық салалардың қаржысының мені мен оны ұйымдастырудың негізгі қағидаттары бірдей, бұл шаруашылық жүргізудің ортақ қағидаттарына және бірыңғай экономикалық заңдарға байланысты. Мұның бәрі олардың барлығын қосалқы категорияға - жалпы «қаржы» категориясы сияқты оның функцияларын орындайтын шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына біріктірудің мүмкіндігі мен қажеттігін алдын ала анықтайды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысы жалпы қаржылар сияқты бөлу және бақылау функцияларын орындайды.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының бөлгіштік функциясының ерекшелігі қаражаттардың жеке-дара ауыспалы ай-налымының процесінде өндірілген өнімнің құны белгіленген экономикалық нормативтер (салық мөлшерлемелері, амортизациялық аударымдардың нормалары, несие үшін пайыз) негізінде бөлінетігінде болып отыр, мұның өзі қаржының ұдайы өндіріс процесінде құнды болу және қайта бөлуге қатысуын айқындайды. Ақшалай қорлар мен қорланымдарды экономикалық тұрғыдан негіздеп бөлу қаржының ұдайы өндірістік тұжырымдамасын да іске асырудың басты шарты болып табылады.

Оның мазмұны жай және ұдайы өндіріс кезінде материалдық және ақша қаражаттарының ауыспалы айналымы процесінде олардың қозғалысы арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етуде болып табылады. Бұл үшін кәсіпорындар өнім өндіру мен оны өткізудің жоспарлары, болжамдары мен ниеттері негізінде, белгіленген экономикалық нормативтер негізінде уақыттың белгілі бір мерзіміне кірістер мен шығыстардың көлемін жасайды; шығыстардың шамаланған, меншікті қаржы ресурстары, басқа ұйымдар мен өз қызметкерлерінің уақытша тартылған қаражаттары, банк несиелері есебінен, ал айырықша жағдайда бюджеттен бөлінетін қаражаттар есебінен жабылатынын анықтайды. Бөлу - өндіру мен тұтыну арасындағы байланыстырушы буын. Бұл процесс кәсіпорындардың өнім өткізуден түсім-ақша алуы және оны өндірістің жұмсалынған қаражаттарын өтеуге және таза табысты (пайданы) жасауға пайдалану арқылы болып жатады. Табыстың (пайданың) бір бөлігі қайта бөлу ретінде орталықтандырылған қорларға - мемлекеттік бюджетке, бюджеттен тыс қорларға түседі, ал қалған бөлігі еңбекке ақы төлеуге, әлеуметтік мұқтаждарға, өндірісті кеңейту және дамыту жөніндегі шығындарды қаржыландыруға шаруашылықтың қарамағында қалады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының бақылау функциясы кәсіпорын экономикасында маңызды рөл атқарады: есепсіз және бақылаусыз шаруашылық жүргізуге болмайды. Ақшамен бақылау тек шаруашылық жүргізуші



субъектілердің ішінде ғана емес, сонымен бірге оның басқа субъектілерімен, жоғарғы ұйымдармен және қаржы-кредит мекемелерімен өзара қарым-қатынастарында да жүзеге асырылады. Субъектілер ара-сындағы өзара қатынастарда бақылау жеткізілім тауарларға, көрсетілген қызметтерге және орындалған жұмыстарға ақы төлеу кезінде болады. Қаржы-кредит органдарымен өзара іс-әрекет кезінде бақылау бюджет алдындағы міндеттемелердің орындалуы кезінде, банк несиелерін алған және қайтарған кезде жүзеге асырылады.

Толып жатқан шаруашылық жүргізуші субъектілер әр түрлі белгілері бойынша сыныпталады және оларды осы немесе өзге түрі бойынша межелеудің негіздемесі қаржыны ұйымдастырудың сипатына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамына материалдық өндірістің барлық кәсіпорындары және рыноктық экономика жағдайларында өзінің қызметін коммерциялық есеп негіздерінде жүзеге асыратын өндірістік емес сфераның бір бөлігі кіреді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер - кәсіпорындар мен ұйымдар (фирмалар, компаниялар, фермер шаруашылығы, шаруашылық серіктестіктері, ассоциациялар (бірлестіктер), ұлттық компаниялар және басқалары), мекемелер әр түрлі белгілері бойынша сыныпталады және оларды не ол, не бұл түрі бойынша айырудың негіздемелері қаржыны ұйымдастырудың сипатына елеулі әсер етуі мүмкін.

Межелеудің ең жалпы белгісі шаруашылық жүргізуші субъектілерді қызмет сфераларының біріне - материалдық немесе материалдық емес (қызметтер сферасы) сфераға жатқызу болып табылады.

Қызметтің материалдың сферасының шаруашылық жүргізуші субъектілері бүкіл қоғамның тіршілік әрекетінің негізі болып табылатын материалдық өнімдер мен игіліктерді жасайды. Бұл сферада жасалған өнімнің бір бөлігі оның салалары ішінде (өндірістік тұтынудың өнімдері) тұтынылады, басқа бөлігі түпкілікті тұтынуға, соның ішінде өндірістік емес сфераға да бағытталады.

Қызметтер көрсету сферасы қызметінің нәтижелері қызметтердің нысанын қабылдайды, қызметтерді жасау үдерісі, әдеттегідей, олардың тұтыну үдерісімен тоқайласады, яғни олар қордалауға, сақтауға жатпайды.

Қоғамдық өндірістің екі сферасының аталған қағидалы айырмашылықтары бұл сфералардың қаржысын ұйымдастыруға - қаржыландыру, өнімдер мен қызметтер құнының жасалу үдерістеріндегі қаржылық қорлардың қозғалысы кезінде де, сондай-ақ қызметтің қаржылық нәтижелерін қалыптастыру - қорланымдарды, табыстарды немесе пайданы бөлу және пайдалану кезінде де әсерін тигізеді. Мысалы, материалдық сфера қорларының қозғалысында өндірістік босалқы қорларды, аяқталмаған өндірісті жасаумен, дайын өнім және өндірістік емес бірқатар басқа үдерістердің қозғалысымен байланыстылары елеулі орын алады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді сыныптаудың басқа белгісі олардың қаржылық қызметінің сипаты - коммерциялық және коммерциялық емес қызметі болып табылады.

Сыныптаудың бұл белгісіне қатысты қаржыны ұйымдастыру қызметті қамтамасыз етудің түрлі қағидаттарына: коммерциялық есепке немесе белгілі бір деңгейде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қажеттіліктерін жабатын бюджеттік қаржыландыруға есептелген. Егер мекеме коммерциялық және коммерциялық емес қызметті үйлестіретін болса, онда соңғысы тиісті қаржылық зардаптарға ұшыратады: мұндай қызметтің өзін-өзі қаржыландырылуын ұйымдастыру, салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлеу, алынған табыстарды немесе пайданы бөлу.

Коммерциялық қызметтің мақсаты табыс алу болып табылады. Коммерциялық негізде материалдық өндіріс сферасы кәсіпорындарының басым бөлігі және материалдық емес сфера ұйымдары мен мекемелерінің едәуір бөлігі жұмыс істейді.

Өндірістік емес сфера мекемелерінің едәуір бөлігі: мемлекеттік басқару, қорғаныс, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру, құқықтық тәртіпті қорғау, айналадағы ортаны қорғау, денсаулық сақтау мен білім берудің, мәдениеттің және шығармашылықтың үлкен тобы, іргелі ғылым коммерциялық емес секторда қалып отыр. Коммерциялық емес қызмет табыс (пайда) алуға емес, бүкіл қоғам үшін, соның ішінде халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге қажет функциялар мен іс-қимылдарды орындауға бағытталған.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді сыныптаудың маңызды белгісі меншіктің белгілі бір нысанына тиістілігі (қатыстылығы) болып табылады. Заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында меншіктің екі нысаны қабылданған: жеке меншік және мемлекеттік меншік. Жекеменшік азаматтардың және (немесе) мемлекеттік емес заңи тұлғалар мен олардың бірлестіктері ретінде болады, жеке меншіктің айықша түрі ретінде қоғамдық ұйымдардың меншігі болады.

Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік болып ажыратылады.

Меншіктің аталған нысандарының ішінде шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарының көптеген түрлерін (санын) туғызатын әр түрлі шаруашылық құрылымдары қалыптасуы мүмкін:

1. Мемлекеттік меншікке негізделген мемлекеттік кәсіпорындар, соның ішінде: республикалық - Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының жалпымемлекеттік міндеттерін шешу үшін; коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар - тиісті аумақ халқының әлеуметтік- экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін, жергілікті бағынышта болады.

2. Заңи тұлғалардың жекеменшігіне негізделген шаруашылық жүргізуші субъектілер: әр түрлі тұрпаттағы шаруашылық серіктестіктері, соның ішінде акционерлік қоғамдар, кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдар;

3. Қоғамдық бірлестіктердің меншігіне негізделген шаруашылық жүргізуші субъектілер;

4. Құрылтайшылардың, соның ішінде шетелдік заңи тұлғалар мен азаматтардың мүлкін біріктіру негізіндегі бірлескен кәсіпорындар;

5. Азаматтардың меншігіне негізделген жекеменшікті шаруашылық жүргізуші субъектілер;

6. Меншіктің жоғарыда келтірілген әр түрлі нысандарының қатысуындағы аралас кәсіпорындар.

Меншіктің барлық нысандарының теңдігі мен меншік субъектілерінің құқығын теңдей қорғау Қазақстан Республикасы заңнамасымен кепілденілген.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысандары мен олардың мөлшерін ажырата білген жөн.

Шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысаны Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен анықталған, ол шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтық тәртібіне айтарлықтай өзгерістер енгізді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысандары меншік нысанымен - мемлекеттік, жеке меншікпен (әр түрлілігімен) анықталады. Мөлшері бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілер шағын, орта және ірі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аймағында әрекет етіп тұрған барлық субъектілерге (Қазақстан Республикасының аймағында тіркелген резиденттік емес өкілдіктер мен филиалдар, заңды тұлғалар, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар) қаржылық есеп беруді және бухгалтерлік есепті жүргізу міндеттілігі жүктеледі.

Сот алдында жауап беретін және сотқа шағымдана алатын, өз атынан жеке мүліктік емес және мүліктік құқын жүзеге асыра алатын, сол мүліктерді өз қалауынша оперативтік тұрғыда басқара алатын немесе шаруашылықты жүргізуге меншік құқығы бар ұйымдарды заңды тұлғалар деп атайды немесе солай деп танылады.

Филиалдар бұл заңды тұлғалардың тұрған жерінен тыс жерде орналасқан және оның барлық немесе кейбір қызмет түрлерін жүзеге асыратын дараланған бөлімшелері болып табылады, оның ішіне өкілдік қызметі де кіреді. Филиал да, өкілдік те заңды тұлға болып табылмайды. Заңды тұлға коммерциялық та, коммерциялық емес те болуы мүмкін, біріншісінің мақсаты барынша табыс табу және оны өз қалауынша тарата алады, ал екіншісінің өз қалауынша табыс табу мүмкіндігі де және таза табысын өз қатысушыларының арасында бөлу жағдайы да шектелген.

Коммерциялық ұйымдар тек келесідей нысанда құрылуы мүмкін:

- шаруашылық серіктестіктер;
- акционерлік қоғамдар;
- өндірістік кооперативтер;
- мемлекеттік кәсіпорындар.

Коммерциялық емес ұйымдар заң актілерімен қаралған діни бірлестіктерден, қоғамдық қорлардан, тұтыну кооперативтерінен, акционерлік қоғамдардан, қоғамдық бірлестіктерден және тағы басқа ұйымдық нысандарынан құрылуы мүмкін.

1. Шаруашылық серіктестіктер. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) қосқан үлесі бөліп көрсетілген жарлық капиталы бар коммерциялық ұйымдар

шаруашылық серіктестігі болып табылады. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарының есебінен құрылған, сондай-ақ серіктестіктің шаруашылық қызметінде шығарылған және сатып алынған мүліктер серіктестіктердің меншігіне жатады.

Қазіргі кезде шаруашылық серіктестіктер толық және коммандиттік серіктестіктер болып құрылады.

Толық серіктестік мұндай серіктестіктің қатысушылары толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікке ортақ жауапкершілікте болады.

Коммандиттік серіктестік — серіктестік міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен (толық серіктестер) қосымша жауап беретін толық серіктестіктерден және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруына араласпайтын, жауапкершілігі серіктестік (салымшылар) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін қатысушылардан тұрады. Коммандиттік серіктестіктердің қызметіне араласатын толық серіктестіктің құқылы ережесі және олардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі толық серіктестіктің тәртібімен анықталады.

2. Қосымша және жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС). ЖШС жарлық капиталы бір немесе бірнеше серіктестік тұлғалардың ұйымдастыруымен құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп танылады, олардың қосқан үлесі құрылтайшылардың құжаттарында бөліп көрсетіледі; олар өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде ғана алған міндеттемесі мен тәуекелділік залалы бойынша жауап береді. Серіктестікке қатысушылардың саны елуден аспауы керек. Ол бір ғана тұлғадан тұратын, басқа да серіктестіктердің жалғыз қатысушысы ретінде болуына болмайды.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік. Мұндай серіктестіктің қатысушылары оның міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталдағы салымдарымен, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда - қосымша өздері еселеген мөлшерінде салған салымдармен өздеріне тиесілі мүлкіне жауап береді.

3. Акционерлік қоғам - өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында акция шығарумен айналысатын заңды тұлға. Қоғам акционерлері өзінің міндеттемесі бойынша жауап бермейді және олардың қызметімен байланысты өздеріне жататын акцияларының құнының шегінде тәуекелділіктен алған зиянды шегеді. Акционерлік қоғам ашық, жабық және ашық халықтық қоғам болып бөлінуі мүмкін.

Ашық акционерлік қоғам - өздерінің шығарған акциясын ашық, жеке, жабық түрде орналастыруына құқығы бар. Мұндай қоғамның қатысушылары өздеріне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз иеліктен шығара алады.

Жабық акционерлік қоғам. Мұндай қоғамның акциялары тек қана өз құрылтайшылары ішінде немесе алдын ала белгіленген тұлғалар шеңберінде таратылады. Егерде жабық акционерлік қоғамның акционерлерінің саны жүзден асып кетсе, онда келесі үш айдың барысында акционерлердің жалпы

жиналысында қоғамның типін өзгертуге, яғни ашық акционерлік қоғамға айналуына шешім қабылдауына болады.

Ашық қоғамның акциялары, бағалы қағаздардың нарығына қарап бағаланады және ондағы активтердің құны екі жүз мың айлық есепті керсеткішті құраса және акционерлердің саны бес жүзден кем болмаса, онда ол ашық халықтық қоғам болып табылады.

4. Өндірістік кооператив - бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізінде, олар өзінің еңбек етуімен тікелей қатысуының негізінде және мүліктік пайларын (үлестерін) мүшесі ретінде біріктірудің негізінде құрылған азаматтық ерікті бірлестік. Кооператив мүшесі екіден кем болмауы тиіс. Кооператив мүшелері заңда қаралған тәртіп пен деңгейде қосымша (субсидиарлық) міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

5. Мемлекеттік кәсіпорын. Мемлекеттік кәсіпорындарға жататындар:

- шаруашылықты жүргізу құқына негізделген мемлекеттік кәсіпорын. Ол өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді, бірақ мемлекет міндеттемелері үшін жауапты болмайды;

- ағымдағы (оперативтік) басқару құқығына (қазыналық кәсіпорын) негізделген мемлекеттік кәсіпорын, Қазақстан Республикасы үкіметінің немесе жергілікті атқару органының шешімімен құрылады. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі оның Жарғысында көрсетілген (белгіленген) мақсаттармен және міндеттермен анықталады. Қазақстан Республикасы немесе жергілікті әкімшілік-аумақтық бөлініс қазыналық кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жәрдем беру жауапкершілігін өз мойнына алады.

6. Коммерциялық емес ұйымдар. Оларға: мекемелер, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар, тұтыну кооперативтері, діни бірлестіктер, қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестіктер жатады.

Шаруашылық жүргізуші субъект қызметінің мақсаттарын оның меншік иесі белгілейді. Ол егер заңмен тыйым салынбаса және субъектінің жарғысына жауап беретін болса, онда ол кез келген қызмет түрін жүзеге асыруына болады. Мемлекеттік мүлікті басқаруға уәкілетті органдар, басқа заңды және жеке тұлғалар субъектінің құрылтайшылары бола алады. Шаруашылық жүргізуші субъектіні бір немесе бірнеше құрылтайшылар құрып, ол мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды тұлға құқығына ие болуы мүмкін. Меншік иесінің рұқсатымен шаруашылық жүргізуші субъект заңды тұлға құқығы бар еншілес субъектілерді, сондай-ақ филиалдар, өкілдіктер, бөлімдер және басқа да ерекшеленген бөлімшелер құра алады.

Есептер

1 есеп

Зергерлік фабрика 750 мың.тг сатылатын баға бойынша зергерлік бұйымды жасап сатты. Егер акциз мөлшерлемесі 15%, бюджетке енгізуге жататын акциз сомасы қандай,?

Егер саудалық үстеме 37% құраса, бөлшектік баға қандай болады?

2 есеп

Кәсіпорын N ж. 1 тоқсаны үшін өнімді сатудан 900 мың.тг (ҚҚС-сыз) сомада табыс алды. Сатылған өнімді дайындауға 200 мың.тг сомада материал жұмсалды. Еңбекақы қоры - 300 мың.тг. Амортизациялық аударым сомасы - 30 мың.тг. Кәсіпорында жұмысшылар саны 100 адам, олардың ішінде 55 адам - мүгедек. Кәсіпорын Алматыда болған кездегі табыс мөлшерін анықтау.

Бақылау сұрақтары:

1. Экономиканың төменгі буынындағы жаңа шаруашылық нысандардың дамуы болады?
2. Шаруашылық субъект қаржыларының функциялары қалай түсіндіріледі?
3. Төменгі шаруашылық буындардағы қаржы қатынастар мазмұны неден тұрады?
4. Шаруашылық субъектердің қаржылары қандай белгілермен сипатталады?
5. Кәсіпорынның табысы (пайда) қалай қалыптасады?
6. Кәсіпорында пайда қалай бөлінеді?
7. Кәсіпорын табысы өзіне нені қосады?

## 5 ТАҚЫРЫП. МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫ. МЕМЛЕКЕТТІҢ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫ

Жоспар:

1. Мемлекеттік қаржы, оның мәні және қызметтері.
2. Мемлекеттік кірістер.
3. Мемлекеттік шығындар.

«Қаржы» термині латынның «finis» - істің соңы, бір нәрсенің өтеу мерзімі, таластың аяғы деген мағына беретін сөзінен шыққан. Бұл сөзге латынның «finige» - аяқтау, тартысты шешу (әдетте қаржылай) мағынасын білдіретін етістігі қосылады. Ортағасырлық латын тілінде «finansio» және «financia» сөздері пайда болды, олар қолма-қол ақша, кіріс, міндетті ақшалай төлем деген мағынаны білдіретін.

Германияда «finans» сөзі XVI және XVII ғасырларда жағымсыз сипатқа ие болды және парақорлық, айлақорлық, алдау, зұлымдық дегенді білтіретін.

XVIII ғасырда Француздың «finanse» сөзі мемлекеттік мүліктің жиынтығы, мемлекеттік шаруашылық, мемлекеттің ірістері мен шығыстары дегенді білдіретін болды.

XIX ғасырдың аяғында «қаржы» терминімен тек ақшалай қаражаттар ғана емес, сонымен қоса «қазына» түсінігіне ие мемлекетке тиесілі материалдық құндылықтар да аталатын болды, бірақ уақыт өте келе қаржы тек ақшалай категория ретінде қарастырыла бастады.

«Қаржы» категориясын материалдық мағынасында және «ақша» түсінігімен байланысы тұрғысында қарастырғанда бұл категорияның үш мағынасын бөліп қарастыруға болады.

1. Кең мағынада «қаржы» түсінігі «ақша» түсінігіне синоним ретінде қолданылады. Дағдылы сөйлесу кезінде де біз осылай қабылдаймыз: «қаржы» деп айтамыз – «ақша» деп түсінеміз. Мысалы, бір адам «оның қаржылық жағдайы қиын» деп айтса, онда оның ақшалай қиындықтары бар екенін түсінеміз. Кейбір экономисттер осындай түсініктерді қолданады. Сондықтан қаржы түсінігін азаматтардың қаржысы, заңды тұлғалар қаржысы, мемлекеттік аумақтық құрылымдардың қаржылары және жалпы мемлекет қаржысы, яғни мемлекеттегі айналыстағы барлық ақша массасы деп бөлуге болады.

Көптеген экономисттер көзқарасы тұрғысынан қарағанда қайта өндіріс процесінің төрт кезеңінің ішінде (өндіріс, тарату, айырбас және тұтыну) қаржылық қатынастар тек бөліп тарату сатысында ғана орын алады.

2. Осыған орай «қаржы» түсінігінің мемлекеттің және заңды тұлғалардың ақша қаражаттары қамтылатын мәні бар. Бұл жағдайда ақша қатынастарын қаржы қатынастары дәрежесіне жатқызу келесідей екі критерийді қолданумен негізделген:

- ақша операцияларының субъектілері – мемлекет және заңды тұлғалар;
- көріну саласы – бөлу сатысы.

3. Арнайы мағынасында (материалдық тұрғыда) қаржы түсінігімен, жалпы қоғамдық өнімді ақша қаражаттары қорларында бөлу процесінде жинақталған, мемлекеттік қаржы ғана түсіндіріледі.

Мемлекеттік қаржы – қатысушысы белгілі-бір тұрғыдан алып қарағанда мемлекет болып табылатын, ақша қатынастарының нысаны.

Мемлекеттік қаржы – экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы, мемлекеттік органдарды қамтамасыз етуге және мемлекетке тән қызметтерді атқаруға қажетті ақша қорларының құрылу және қайта бөліну жүйесі.

Мемлекеттік қаржы орталықтандырылған (жалпы) қаржы бөлігіне жататын қаржы жүйесінің бір бөлімін құрайды.

Мемлекеттік қаржының негізгі мақсаты – мемлекеттің функцияларын орындауға қажетті қаржы ресурстарының құрылу көздерін және қолданылуын қамтамасыз ету.

ҚР мемлекеттік қаржысына келесідей функциялар тән:

1. Бөліп таратушылық, яғни ақша қаражаттарының мемлекет қолында жинақталуы және ары қарай жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында олардың қолданылуы жүргізіледі. Қайта бөлу функциясы орталықтандырылған қорлар жүйесі арқылы іске асырылады және оның нәтижесі болып келесілер болып табылады:

- қайтарымдылығы жоғары салалар табыстарының қайтарымдылығы төмен салаларға бөлінуі (мысалы, өнеркәсіптен ауыл шаруашылығына);
- өндірістік емес сала ұйымдарын бюджет есебінен қамтамасыз ету;
- тұрғылықты халық арасындағы әртүрлі әлеуметтік топтар арасында табыстарды қайта бөлу;
- әртүрлі аймақтық туындамалар арасында табыстарды қайта бөлу.

2. Реттеу функциясы бюджеттік қордың құрылуы және қолданылуымен байланысты. Бюджеттік қор салықтар, қарыздар, мемлекеттік меншіктен түсетін кіріс есебінен құрылады. Салық арқылы мемлекет экономикалық белсенділікті тежей немесе керісінше қосымша серпін бере алады.

Бюджеттік қорды қолдану мақсатты шығыстар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет, жалпы шаруашылыққа ие субъект ретінде, өндірістік процестің барлық қатысушыларының экономикалық мүдделерін ескере отырып бюджеттік қаражаттарды мемлекеттің әртүрлі қызмет салалары және қоғамдық шаруашылық салалары бойынша бөледі. Осылайша, мемлекеттің көзқарасы бойынша ең қажетті деген шаруашылық қызметі арналарына қаржылық құралдардың шоғырлануы жүзеге асырылады.

Бюджеттік шығындарды жүзеге асыра отырып мемлекет қоғамдық шаруашылықтың құрылымын өзгертуге, шаруашылық нәтижелеріне ықпал етуге, әлеуметтік түрлендірулер жүргізуге мүмкіндік алады. Бюджеттік қорды ҒТП жылдамдату үшін қолдана отырып, дәл осы бюджеттік қор ел экономикасына жағымды ықпал ете алады. Ғылымды бюджеттік қаржыландырудың жаңа механизмін құру, кадрларды дайындау және қайта дайындаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, жаңа өнім түрлеріне табыс салығын салу жүйесінде жеңілдетілген салық режимін қолдану және тағы да басқа осындай бюджеттік іс-



шаралар ғылыми жаңалықтарды, инновациялық технологияларды, жаңа техникалық жетістіктерді, оларды өндіріске енгізу мерзімдерін қысқартуды ынталандыруға жетелейді, ал бұл өз кезегінде ғылыми-техникалық прогресті жылдамдатудың негізі болады.

3. Мемлекеттік қаржының бақылау функциясы қаржылық ресурстардың қаншалықты уақытылы және толық мемлекет және жергілікті билік органдарының қарамағына түсетінідігін, бюджеттік қаражаттарды бөлудегі үйлесімділіктің нақты мәнін, олардың қолданылу тиімділігін білуге болады.

Мемлекеттік қаржының бақылау функциясын кең мағынада және де тар мағынада қарастырған жөн.

Тар мағынада бақылау функциясы келесі бағыттар бойынша іске асырылады:

- орталықтандырылған қорларға қаражаттарды аудару уақыттылығы және дұрыстығын бақылау;

- өндірістік және әлеуметтік даму қажеттіліктерін есепке ала отырып ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорларға берілген параметрлердің сақталуын бақылау;

- қаржы ресурстарының мақсатты және тиімді қолданылуын бақылау.

Мемлекеттік қаржының бақылау функциясы негізінде мемлекеттің ақша қаражаты қорын құру және қолдану арқылы экономиканың құрылымдық буындарында өтетін экономикалық процестердің айқындалуы жүзеге асырылатыны жатыр. Соның арқасында бюджет мемлекет қарамағына әртүрлі шаруашылық субъектілерінен ресурстардың қалай түсетіні туралы, мемлекеттің орталықтандырылған ресурстары оның қажеттіліктер көлеміне сәйкестігі туралы «белгі» бере алады.

Кең мағынада бақылау функциясы мемлекеттің қаржы саясаты нәтижелерін қойылған мақсаттар мен орнатылған критерийлермен салыстыруды білдіреді. Осылайша, бұл жағдайда қаржы саласындағы өзгерістерді айқындау және соған сәйкес өзгертулер енгізуді негізге алатын ұзақ мерзімді қаржылық саясаттың іске асырылуы туралы айтуға болады.

Қаржыны кең және тар мағынасында қарастырғанда олардың жеке және мемлекеттік болып бөлінуінде, аталған қорытынды толықтай негізделген деп айтуға болады.

Материалдық тұрғыда мемлекеттік қаржы мемлекет иелігіндегі ақша қаражатының жиынтығы болып табылады. Сонымен қоса айтатын болсақ ақша және де қаржы нақты ақша (қолма-қол ақша) және қолма-қолсыз формада бола алады. Бірінші жағдайда олар құндық белгілері көрсетілген белгілі-бір қағаз ақша немесе монеталық түрде болса, екінші жағдайда олар белгілі-бір шоттардағы жазбалар түрінде көрсетіледі.

Мемлекеттік және жеке қаржы арасындағы айырмашылық келесіде:

- мемлекет салық салу жүйесі арқылы өз табысын міндетті түрде түсіре алады (сонымен қоса мемлекеттің өзіне деген мәжбүрлік сипат жоқ, жеке тұлғаларға келетін болсақ, бұл жерде жағдай мүлдем басқа: олар өз табыстарын

мәжбүрлі түрде қамтамасыз ете алмайды, сондықтан өз міндеттемелерін орындай алмауы әбден мүмкін);

- мемлекеттік қаржы қаржы жүйесімен байланысты, ал ол өз кезегінде мемлекетпен басқарылады, ал өз қаражаттарын басқаратын жеке меншік иелері ақша жүйесіне ықпал ете алмайды;

- жеке қаржы табыс табуға мақсатталған, ал мемлекеттік қаржы, керісінше – бұл барлық қоғамның қызығушылығын іске асыруға арналған қаражаттар;

- жеке тұлғалар басқаратын жеке қаржыларға қарағанда, мемлекеттік қаржының көлемі үлкен болып табылады.

Экономикалық категория ретінде мемлекеттік қаржыны ақша қорларын құру, бөлу және қолдану бойынша қаржы қатынастарының жиынтығы ретінде таниды. Бюджеттік қорды қолдану мақсатты шығыстар арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет, жалпы шаруашылыққа ие субъект ретінде, өндірістік процестің барлық қатысушыларының экономикалық мүдделерін ескере отырып бюджеттік қаражаттарды мемлекеттің әртүрлі қызмет салалары және қоғамдық шаруашылық салалары бойынша бөледі.

Осылайша, мемлекеттің көзқарасы бойынша ең қажетті деген шаруашылық қызметі арналарына қаржылық құралдардың шоғырлануы жүзеге асырылады.

Өзінің материалдық мазмұны бойынша мемлекеттің қаржылық қызметі ақшаның шоғырлануы және олардың орынды (мақсатты/ұқыпты) бөлінуі арқылы жұмсау процестерін қамтиды. Бұл қызмет белгілі-бір әдістермен жүзеге асырылады.

Қаржылық қызмет әдістері ретінде мемлекеттің қаржылық жүйесіне кіретін ақша қорларын қолдануды ұйымдастыру, бөлу және құруды жүзеге асыратын нақты әдістері мен тәсілдерін айтуға болады.

Мемлекеттің ақша қорларын құру әдістері:

- мәжбүрлі-қайтарымсыз түрде ақша қаражаттарын алу;
- мәжбүрлі-қайтарымды түрде ақша қаражаттарын алу;
- ерікті-қайтарымсыз түрде ақша қаражаттарын тарту;
- ерікті-қайтарымды түрде ақша қаражаттарын тарту;
- мемлекеттік қызмет көрсетулер негізінде ақша қаражаттарын тарту;
- мемлекеттік мүлікті сату және қолдану нәтижесінде пайда болған ақша қаражаттарын мемлекеттің кірісіне айналдыру;
- эмиссия (жаңа ақша белгілерін және бағалы қағаздарды шығару).

Мемлекеттің ақша қорларын бөлу әдістері:

- қаржыландыру, яғни дотациялар, субвенциялар және субсидиялар арқылы қайтарымсыз түрде ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету;
- несиелендіру, яғни төлемділік және қайтарымдылық талаптары негізінде ақша қаражаттарын бері;
- мемлекеттің өз қаржылық міндеттемелерін орындауы. Мемлекеттің қаржы қорларын қолдануды ұйымдастыру әдістері:
- ақша қорларын тағайындауды орнату;
- мемлекеттік ақша қорынан алынған қаражаттар қолдану тәртібін орнату;

- мемлекеттік кәсіпорындардың табыстарын бөлу нормативтері мен тәртібін орнату;
- ақша қаражаттарын бөлудің қаржылық нормативтері мен шектеулерін орнату;
- ақшалай қорларды қолдануды жоспарлау және болжау;
- ақша қорларын қолдануға бақылау жүргізу.

Мемлекеттік кірістер ең маңызды қаржылық категориялардың бірі болып табылады. Кірістер, қаржылық саясат негізіндегі қаржылық механизмнің көмегімен жүзеге асырылатын бөлу және қайт бөлу процестері нәтижесінде құрылады. Бір - бірінен айырмашылықтары бар «мемлекеттік түсімдер» және «мемлекеттік бюджет түсімдері» ұғымдарын айыра білу қажет.

Мемлекеттік бюджеттен тыс мемлекеттік кірістер құрамына мемлекеттік кәсіпорындардың табысы және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың ресурстары кіреді.

Мемлекеттік кірістердің экономикалық табиғаты тауарлы-ақша қатынастарының, өндіріс тәсілімен, мемлекеттік функциялары мен табиғатының даму деңгейімен негізделген.

Қазіргі таңда барлық елдерде мемлекеттік кірістерді жұмылдырудың салықтық әдісі басымдылыққа ие. «Таза табыс» деп айтуға болатын, жалпы ұлттық өнімнің және ұлттық табыс құнының жеке құраушылары, үкіметтің де мемлекетке тиесілі шаруашылық бірліктерінің де қаржылық ресурстарының және мемлекеттік кірістерінің жүйесін құрайды. Таза табыстың құраушылары: пайда, ҚҚС сомасы, акциздер, сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер, әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар.

Мемлекеттік қарыздардан түсетін түсімдер де мемлекеттің қаржы ресурстары болып табылады, бірақ мемлекеттік кіріс ретінде саналмайды, себебі бұл қарыз қаражаттары.

Мемлекеттік кірістердің көзі ұлттық табыс болып табылса, ал қаржылық ресурстар жалпы ұлттық өнім құнының барлық сомасын бөлу және қайта бөлу кезінде жұмылдырылады. Мемлекеттік шығындардың жабылуы мемлекеттің барлық қаржы ресурстарының жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік шығындар мемлекеттік қызметтің, мемлекет функцияларының қаржыландырылуын қамтамасыз етеді. Олар экономиканың және халықтың материалды және мәдени өмір сүру деңгейін анықтайтын әлеуметтік сфераның дамуындағы маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыруы тиіс.

Мемлекеттік шығындардың құрамы – мемлекеттік бюджеттің, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың шығындары, өндірістік және өндірістік емес саланың мемлекеттік кәсіпорындары, ұйымдары және мекемелерінің шығындары. Мемлекеттік шығындардың құрамына кіреді:

- жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер;
- қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік;
- денсаулық сақтау;
- әлеуметтік сақтандыру;
- тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылықты қамтамасыз ету;

- жылу-энергетикалық кешен;
- ауыл, су және орман шаруашылықтары, балық аулау, аң аулау және табиғатты қорғау;
- транспорт және байланыс.

Мемлекеттік сектор кәсіпорындарының шығындарының құрамына:

- өндірістік, шаруашылық-эксплуатациялық қызметпен байланысты шығындар;

- кеңейтілген қайта өндіріс шығындары; бюджетке және арнайы (бюджеттен тыс) қорларға төлемдер; ынталандырушы қорларға төленетін төлемдер. Мемлекеттік шығындардың сыныпталуы:

- экономикалық мазмұны бойынша (материалдық өндіріспен байланысты және өндірістік салаға жататын шығындар, өндірістік емес қызмет саласындағы шығындар, мемлекеттік резервтерді құру шығындары);

- мақсатты сипаты бойынша (экономика шығындары, әлеуметтік-мәдени шаралар, ғылым, қорғаныс, басқару шығындары);

- аумақтық белгісі бойынша (облыс, облыстық маңызы бар қала, аудан);

- салалық белгісі бойынша (өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, транспорт, құрылыс және т.б.).

Мемлекеттік шығындардың қорытындылары:

- бюджетте орталықтандырылатын, қоғамның таза табысы;
- мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы;
- амортизациялық аударымдар;
- салық арқылы бюджетке түсетін халықтың қаражаттары;
- қарыздардан түсетін түсімдер (ішкі және сыртқы); банктердің ұзақмерзімді несиелері.

Мемлекеттік шығындар қаржыландырудың келесідей әдістерімен жүзеге асырылады:

- мемлекеттік шаруашылық есеп кәсіпорындарын, ұйымдарын қаржыландыру;
- бюджеттік-сметалық қаржыландыру (мекемелерді).

Мемлекеттік шығындар келесідей қағидалар негізінде жүзеге асырылады:

- жоспарлылық;
- қаржыландырудың мақсатты сипаты;
- қайтарымсыз;
- қажеттілік деңгейіне және жоспарды орындауын қарай қаржыландыру;
- үнемдей режимін сақтау;
- бюджеттік және басқа да көздердің үйлесіміндегі оңтайлылық.

Мемлекеттік шығындарды қаржыландыру әдістері:

- Меншікті ресурстар есебінен;
- Банк несиелері;
- Бюджеттік аударымдар есебінен.

Бюджеттік қаржыландыру формалары:

- дотациялар;
- субвенциялар;

- субсидиялар.

Мемлекеттік түсімдер, мемлекеттік шығындар және қаржылық ресурстардың қатынасы. Мемлекеттік қаржыға ЖҰӨ өсімімен салыстырғанда мемлекеттік шығындар көлемінің өсімі жоғары болуы тән. Бұндай құбылыс ХІХ ғасырдағы неміс экономистінің атымен аталған Адольф Вагнер заңы деп аталады, «Мемлекеттік белсенділіктің өсу заңы», соған сәйкес өнеркәсібі дамып келе жатқан елдің мемлекеттік шығындары өндіріс көлемінен көп болады. А. Вагнер мемлекеттік белсенділіктің өсуін үш фактормен байланыстырады:

- экономиканың дамуы және еңбектің терең бөлінуі нәтижесінде экономикалық өмірдің қиындауымен, бұл өз кезегінде тиімді әрі оңтайлы экономиканы, тәртіпті, мемлекет тарапынан заңды қызметтердің кеңейтілуін қолдауға әкеліп соқтырады;

- техника және технологияның дамуы ұсақ фирмалар алдында артықшылыққа ие мемлекеттік корпорациялар немесе акционерлік компаниялармен қамтамасыз етілетін көлемді капиталдар қажеттілігін тудырады; мемлекет техникалық талаптар себептерімен монополия орын алатын өндірістерге, олардың қызметін реттеу үшін қатысуы тиіс;

- мемлекет көрсетілетін қызметтер табыстары экономикалық бағалауға зерек емес білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы белсенділігін арттырады.

## Есептер

### 1 есеп

А зауыты екі жабдықтаушылардан бояуды өндіру үшін қажеттіні алуға мүмкіншілігі бар. Б жабдықтаушы осы бояуды 20 тг-ге ҚҚС қосып, 120 тг баға бойынша ұсынады. С жабдықтаушы осы бояуды 110 тг баға бойынша, бірақ ҚҚС-сыз ұсынады. А зауыты үшін осы бояуды қайсысынан сатып алу тиімдірек?

### 2 есеп

Ұйым қолдануда болған автокөлік сатып алды, есепте төлеуге ҚҚС сомаларын ерекшелеуісіз автокөлік бағасы көрсетілген. Автокөлік кәсіпорынның таза табысы арқасында алынды. Кәсіпорын акциз төлеу керек пе, жоқ па? Егер иә болса, онда оны есептеу үшін қандай сомада алу керек болады?

### Бақылау сұрақтары:

1. Экономикалық өмірге мемлекеттің қатысуы қалай айқындалады?
2. Экономикалық ресурстарды қайта бөлу қажеттілігі неге алып келеді?
3. Өртүрлі көздерден алынатын мемлекеттік табыстардың құрама бөлігін атаңыз.
4. Мемлекеттік бюджет табыстарынан мемлекеттік табыстарының айырмашылығын анықтаңыз.
5. Әр түрлі белгілер бойынша мемлекеттік табыстарды сыныптаңыз.
6. «Мемлекеттік шығындар» түсінігінің экономикалық мәні немен бекітіледі?

7. Мемлекеттік шығындардың әлеуметтік-экономикалық рөлі неден тұрады?
8. Мемлекеттік шығындар сыныптамасының түрлері мен критерилері қандай?

## 6 ТАҚЫРЫП. САЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ

Жоспар:

1. Салықтардың экономикалық мәні мен функциялары.
2. Салықтардың құрылу негіздері, салық элементтері.
3. Салық салу механизмі және қағидалары.

Салықтар – заңмен бекітілген нақты көлемде және белгіленген уақытта алынатын міндетті төлемдер.

Салықтардың экономикалық мәні ақша қаражаттарын мемлекеттік қолда жұмылдыру бойынша мемлекет мен заңды және жеке тұлғалардың арасындағы ақша қатынастарымен сипатталады.

Ұйымдық құқықтық жағынан салықтар - бұл мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде және мерзімде бюджетке төленетін қайтарусыз және өтеусіз сипаттағы міндетті ақшалай төлемдер.

Салық саясаты – мемлекеттің экономикалық саясатын салықтық инструменттер, салық мөлшерлерлемелері, жеңілдіктер көмегімен жүзеге асыру және мемлекеттің экономикаға араласу деңгейін көрсетеді. Салық саясатының активті және пассивті түрлерін бөледі. Активті түрі – мемлекеттің экономиканың жеке секторына өндірістік ресурстарды орналастыру процесіне араласуы және экономикалық циклды реттеу: жоғары номиналды салық мөлшерлемелері орнатылады, салықтық жеңілдіктердің кең көлемі ұсынылады, прогрессивті салық мөлшерлемелері қолданылады. Пассивті түрі – жеке сектордағы ресурстарды орналастыруға мемлекеттің қатысуын минималдау: салықтық жеңілдіктердің шектеулі көлімі жағдайында номиналды салық мөлшерлемелерін төмендету.

Салық жүйесінің жұмысын ұйымдастыруды регламенттейтін заңды актілерге сәйкес, оның басты мақсаты төмендегеліреді бақылау:

- салық заңнамасының орындалуы;
- салықтарды есептеу дұрыстығымен;
- салықтарды есептеудің толықтылығы;
- салықмер мен басқа да төлемдерді жүргізудің уақыттылығы.

Салық процестерін басқаруға тек арнайы органдар ғана емес оған: заңнамалық және атқарушы билік органдары, ҚР Конституциялық соты, институттар, ЖОО ғылыми ұжымдары, сонымен қоса қоғамдық ұйымдар (салық төлеушілердің құқығын қорғау қоғамдық ассоциациясы және т.б.); құқық қорғау органдары, аудиторлық, адвокаттық және кеңесші-заңды қызметтер кіреді.

Салықтық басқару – нарықтық экономика жағдайында салық органдарының қызметін түзетуші, салықтық қатынастарды басқарушы динамикалық дамидын жүйе.

Салықтық басқару – мемлекеттің халықпен және бизнеспен байланыстын әлеуметтік белгіленген сала. Оның белгілі-бір кемшіліктері немесе аяқталмаған істері бюджетке салықтардың және басқа да міндетті төлемдер сомасының

азаюына, салықтық құқық бұзушылықтардың ықтималдығының өсуіне, ақыр соңында ел экономикасына жағымсыз әсер тигізуіне алып келуі мүмкін.

Салықтық құқық ережелеріне негізделетін және оларды толықтыратын салықтық басқаруды салықтық механизмнің өзегі деуге де болады. Оның барлық құраушылары (жоспарлау, есепке алу, реттеу және бақылау) билік, басқару, ғылыми-зерттеу құрылымдыры органдарындағы мамандардың басқарушылық қызметінің мәні. Салықтық құқық нормалары салықтық басқарудың оңтайлы жүйесін ұйымдастыруға, оны барлық салық механизміне таратуға мүмкіндік береді.

Бір жағынан, салық механизмі – бұл осы ұғымды ұйымдастырушылық-экономикалық категория ретінде түсіндіретін салықтық теориясын саласы.

Салықтардың экономикалық мәні салықтарды мемлекеттің өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін жұмылдырылатын шаруашылық жүргізуші субъектіден, азаматтардан ұлттық табыстың белгілі бір үлесін алу жөніндегі өндірістік қатынастардың бөлігі болып табылатындығында және мемлекеттің заңды және жеке тұлғалармен қалыптасатын ақша қарым–қатынастарымен сипатталады, сондықтан салықтар экономикалық категория ретінде қаралады. Салықтардан мемлекеттің экономикалық мазмұны нақты түрде көрінеді, ал салықтардың әлеуметтік–экономикалық мәні, олардың түрлері мен ролі қоғамның экономикалық құрылысымен, мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Белгілі философ Френсис Бэкон салықтарды төлеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы деген еді.

Әрбір мемлекетке өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін белгілі бір мөлшерде қаржы көздері қажет. Салықтар – мемлекеттің тұрақты қаржы көзі.

Салықты бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден ерекшелендіретін айрықша белгілері бар.

1. Салық – мемлекетке тиесілі қоғамдық жиынтық өнімді бөледі.

Мемлекеттік аппарат мемлекетке тиесілі ақша сомасын өндірмейді. Сондықтан мемлекет заңды және жеке тұлғаларға салық салу арқылы қажетті соманы өндіріп алып отырады. Мұның экономикалық сипаттамасы мемлекет салықты белгілеу және өндіріп алу арқылы өндірілген қоғамдық жиынтық өнімнің бір бөлігін өзіне тиесілі сома ретінде айналдырып алады. Бұл жерде салық қатынасы бөлуші сипатта болады.

2. Салық – ақшалай нысанда төленеді.

Натуралдық нысанда төленуі де мүмкін. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласында жиналған өнімнің бір бөлігі салық ретінде төленеді.

Салық кодексінде салық ақшалай нысанда төленуі тиіс деп атап көрсетілген.

3. Салық – қайтарылмайтын төлем болып табылады.

Салықты төлеген кезде ақша тек бір бағытта ғана қозғалады, яғни салық төлеушіден мемлекетке бағытталады.

Мұның қайтарымды төлемдерден (мысалы, мемлекеттік қарыз) айырмашылығы:

- Біріншіден, ақша салық төлеушілерден мемлекетке қарай қозғалады;



- Екіншіден, кері қайтады, яғни мемлекеттен салық төлеушілерге бағытталады.

Ақшаны мерзімсіз алуды білдіреді, яғни ол соманы қашан қайтатыны белгісіз.

4. Салық – баламасыз сипатта болады.

Салық құнның ақшалай нысанда бірбағытта қозғалысын айқындайды, төлеген салыққа қарсы тауар түрінде болса да қозғалыс жоқ. Толығырақ айтқанда, салық қандай да бір тауарға, немесе мемлекеттік қызметке төлем болып есептелмейді, яғни ақшаның өтеусіз алынуын көрсетеді.

Сондықтан салық – баламасыз төлем болып табылады.

5. Салықты төлеген кезде меншік нысандары айқындалады.

Салықты төлеген кезде меншік нысандары ақша қаражаттарына, немесе материалдық құндылықтарда жеке меншіктен мемлекеттік меншікке өтеді. Анығын айтқанда, салық салу мемлекетке тиесілі меншіктерді иеліктен шығарады, ал меншік иелері арасындағы туындайтын салық қатынастарында мемлекет жеке меншіктен мемлекеттік меншікке салық төлемдерінде меншік құқықтарын өзгерте алады.

6. Салық – тұрақты экономикалық қатынас тудырады.

Салықты белгілеуде тұрақты салық қатынастары пайда болады. тұрақтылықты мынадан байқауға болады, яғни салық жеке түрде емес, нормативті құқықтық актілермен белгіленеді. Мәселен, бір тұлғаның нақты салық салу объектісі бар болса, ол салық міндеттемелерін орындаушы болып табылады.

Салық қатынастарының тұрақтылығы салық төлеу арқылы жүйелі төлемдерге бармауы тиіс. Кейбір салықтарда салық төлеушілер үшін салық төлеу жеке төлемдік сипатта болады (мысалы, мүлік салығын жеке азаматтар жылына бір рет төлейді) немесе кейде кенеттен салық төлеу сипаты пайда болады (мәселен, ойламаған жерден жасаған жұмысына жалақы алады).

Азаматтардың мүлік салығын төлеген кезде, оның салық қатынастары қысқартылмайды, қайта салық төлеушілердің ағымдағы кезеңдегі төлеген салықтарымен қоса, келесі салық кезеңдерінде де салық төлеуге міндетті болады. бұл процесс салық төлеушілердің меншік иесі ретінде құқынан айрылғанға дейін жалғасын таба береді.

Сонымен қатар салықтың құқықтық бірнеше белгілері бар, атап айтқанда:

- салықты – мемлекет немесе уәкілдік берілген мемлекеттік орган белгілейлі;

- салық – құқықтық нысанда жүзеге асады;

- салық – мемлекеттің бір жақты белгіленімі болып табылады;

- салықты белгілеу арқылы салық міндеттемесі туындайды;

- салық – мәжбүрleme сипатта болады;

- салық төлеу арқылы ақшаны алу құқықтық сипатта жүзеге асырылады;

Мемлекет салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру барысында қуатты экономикалық тетік ретінде пайдаланады.

Салықтардың мәнін толық түсіну үшін олардың экономикалық маңызын түсіну қажет. Ал салықтардың маңызы олардың атқаратын қызметіне тікелей қатысты.

Қазіргі кезде салықтар фискалдық реттеуші және қайта болу сияқты негізгі үш функция орындайды. Бұлардың әрқайсысы осы қаржы категориясының ішкі белгілері мен өзнідік ерекшеліктерін білдіреді.

Фискалдық функция – барлық мемлекеттерге тән негізгі функция. Оның көмегімен бюджеттік қор мұның өзі салықтардың қоғамдық міндеттерін арттыра түседі. Өйткені салықтар мемлекеттік бюджеттің кірістерін толыстыра отырып, экономиканың әлеуметтік – мәдени шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Салықтардың реттеуші функциясы мемлекеттің экономикалық қызметтің ұлғаюымен байланысты пайда болады. Ол ұлттық шаруашылықтың дамуына қабылданатын бағдарламаларға сәйкес ықпал етеді. Бұл орайда салықтардың нысандарын таңдау, олардың мөлшерлемелерінің, алу әдістерінің өзгеруі, жеңілдіктер мен шегерімдер пайдаланылады. Бұл реттеуіштер қоғамдық ұдайы өндірістің құрылымы мен үйлесіміне, қорлану мен тұтыну көлеміне ықпал етеді.

Қайта бөлу функциясы арқылы түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекеттің қарамағына өтеді. Бұл функцияның іс-әрекетінің ауқымы жалпы ұлттық өнімде салықтардың алатын үлесі арқылы анықталады.

Бұл негізгі функциялармен қатар салықтардың ынталандыру, бақылау функцияларын да атауға болады.

Салық элементтері - бұл мемлекеттің заң актілерімен анықталатын салықтың құрылу принциптері мен салық салуды ұйымдастыру.

Негізгі салық элементтеріне мыналар жатады:

- салық субъектісі;
- салық салынушы;
- салық объектісі;
- салық базасы;
- салық салу бірлігі;
- салық ставкасы;
- салық жеңілдіктері;
- салық төлеу мерзімі мен тәртібі;
- салық төлеушілер мен салық органдарының міндеттері мен құқықтары;
- салық төлеуді бақылау;
- салық заңдарын бұзғаны үшін санкциялар және т.б.

Салық субъектісі немесе салық төлеуші. Ол - заң бойынша салық төлеу міндеттілігі жүктелген тұлға, алайда нарық механизмі арқылы салық ауыртпалығы басқа тұлғаға – салық салынушыға аударылуы мүмкін.

Салық салынушылар – нақты салық ауыртпалығы (салық жүктемесі) түсетін жеке тұлғалар, түпкілікті салық төлеушілер (салықтың ең соңғы, нақты төлеушісі), яғни мемлекет азаматтары.

Салық объектісі. Салық төлеушіге салық төлеу міндеттілігін жүктейтін құқықтық фактілер жиынтығы (дерек, іс-қимыл, жағдай, оқиға). Мүлік пен іс-әрекеттер салық объектілері және салық салуға байланысты объектілер болып

табылады, олардың болуына байланысты салық төлеушінің салықтық міндеттемесі туындайды.

Салық базасы. Салық базасы – салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құндық, заттай немесе өзге де сипаттамалары, олардың негізінде бюджетке төленуге тиіс салықтар және басқа да міндетті төлемдердің сомасы анықталады.

Салықтың негізгі базасы мыналар болып табылады:

- табысқа салынатын салық. Бұған корпорациялық және жеке табыс салығы жатады;

- тауарларға салынатын салықтар. Олар қосылған құнға салынатын салықтарды, кеден баждарын біріктіреді;

- капиталға салынатын салық. Оған жер салығы, мүлікке салынатын салық және басқалары жатады.

Салық салу өлшем бірлігі – салық базасын сандық тұрғыдан көрсетуге пайдаланылатын салық салу ауқымының өлшем бірлігі. Мысалы, автокөлік двигателінің қуаты көлік құралдарына салынатын салық ауқымы болып табылады, ал қуат ат күші, киловатт өлшемінде көрсетілуі мүмкін; алаң жер салығының ауқымы болып табылады, бұл ір елде түрлі өлшемде: гектар, акр, шаршы метр өлшемдерінде көрсетіледі; бензинге акцизді есептеу кезінде литр, баррель, галлон қолданылады.

Салық ставкасы – салық базасының өлшем бірлігіне абсолютті сомада немесе процентпен белгіленетін салықтық есептеу мөлшері.

Салық салу практикасында ставкалар тұрақты және процентті болып бөлінеді.

Тұрақты ставкалар – табыс көзіне қарамастан салық салу бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді (мысалы, мұнайдың 1 тоннасына, газдың 1 текше метріне).

Проценттік ставкалар – салық базасына қарай алынатын табыстың мөлшеріне байланысты салық өлшем бірлігіне салынады.

Проценттік ставканың 3 түрі бар:

– үйлесімді;

– прогрессивті;

– регрессивті.

Үйлесімді салық ставкалары – салық объектісіне (оның мөлшерін саралауды есепке алмай) бірдей проценттік қатынаста іс-әрекет етеді.

Прогрессивті ставкалар – салық салынатын табыстың артуына сәйкес өсіп отыратын салық ставкалары. Нәтижесінде салық төлеуші салықтың үлкен абсолюттік сомасын ғана емес, сонымен бірге оның үлесін де төлейді. Мұндай ставкалар ең алдымен табысы көп тұлғаларға ауыртпалық түсіреді.

Регрессивті ставкалар – табыстың өсуіне қарай төмендейді және табысы көп тұлғаларға тиімді болып келеді, ал табысы аз адамдардың иығына ауыртпалық түсіреді.

Салық жеңілдіктері – заңға сәйкес төлеушілерді салықтан толық немесе ішінара босату. Салық жеңілдіктеріне мыналар жатады:

- салық салынбайтын минимум – салық салудан толық босатылатын салық объектісінің ең аз бөлігі;

- табыстың есептелген сомасынан шегерілетін шегерімдер (асырауындағы жандарға, мүгедектерге – жеке табыс салығы бойынша; күрделі қаржыларға, әлеуметтік объектілерді ұстауға, табиғат қорғау шараларына жұмсалатын шығындардың сомасынан-корпорациялық табыс салығы бойынша және т.б.);

- салық салынатын табыстың құрамына енбейтін сома (мысалы, босату кезіндегі ұйғарымды жәрдемақы, жеке табыс салығы бойынша өтемақы төлемдерінің сомасы);

- салық салудың жекесубъектілері мен төлеушілердің санаттары үшін салық ставкасын төмендету.

Салық жеңілдіктеріне сонымен бірге төлеу мерзімін ұзарту және салық бойынша бересіні есептен шығару да жатады.

Жеңілдік кезеңі – салықтар бойынша заңмен белгіленген жеңілдіктердің іс-әрекет ететін уақыты.

Салық төлеу мерзімі мен тәртібі – заңмен белгіленген әдістер мен салықты бюджетке аудару шаралары. Салық төлеу тәртібі салықты бюджетке түсіру шараларын тәртіпке келтіру үшін белгіленеді.

Салық төлеушілер мен салық органдарының құқықтары мен міндеттері - Салық кодексінің жалпы бөлімінде берілген.

Салықтық бақылау – салық қызметі органдарының салық заңының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақытылы аударылуын бақылауы.

Салық заңын бұзған салық төлеушілерге олардың жасырған сомасын, төмендеткен табыстарын төлеттіріп алу, салық заңын бұзу ауыртпалығына қарай үлестік не еселенген көлемде айыппұлдар, бюджетке төленетін төлемдер мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімдер түрінде санкциялар қолданылады.

Салық салу әдістері

Салық салу объектілерін есепке алу және оларды бағалау тәсілдеріне қарай салық арудың мынадай төрт әдісі қолданылады:

- кадастрлық;

- салық төлеушінің декларациясы бойынша;

- табысты алу көзінен ұстап қалу;

- патенттік негізде.

Бірінші жағдайда салықты есептеу мен оны алу, салық салу объектілерінің нақты табыстылығын есепке алмай табыстылық (жер салығы, мүлік салығы) нормасын көрсете отырып, олардың тізімдемесі негізінде жүзеге асырылады.

Декларацияда салық төлеушілер табыстың көлемі, қажетті жеңілдіктерді, шегерімдерді көрсетеді және салық сомасын есептеп, төлейді. Олар салықтардың түрлері бойынша салық декларациясын есепті салық кезеңіне сәйкес тапсырып отырады. Мысалы, корпорациялық табыс салығын, жеке табыс салығын, көлік құралдарына салынатын салықты және жер салығын төлеушілер (арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғаларды қоспағанда) салық органына олар

бойынша декларацияны есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31-наурызынан кешіктірмей өткізеді.

Жеке табыс салығы бойынша декларациясын мынадай салық төлеушілер:

- төлем көзінен салық салынбайтын табыстары барлар;
- тұрғын үй салу мен осындай құрылыс материалдарын сатып алуды жүзеге асырғандар;
- ҚР шегінен тыс жерлерден табыстар алатын жеке тұлғалар;
- ҚР шегінен тыс жерлердегі шетел банктеріндегі шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар;
- ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң актілеріне сәйкес декларация беру жөнінде міндеттеме жүктелген адамдар;
- ҚР Парламентінің депутаттары, судьялар табыс етеді.

Әскери қызметкерлер мен ішкі істер органдарының қызметкерлері жеке табыс салығы бойынша декларацияны уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ұсынады.

Салық төлеушіден салық декларациясын табыс етудің белгіленген мерзіміне дейін жазбаша өтініш алған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган салық декларациясын табыс ету мерзімін екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Бірақ салық декларациясын тапсыру мерзімін өзгертпейді.

Үшінші әдіс бойынша салық төлеуші жұмыс істейтін ұйымның, мекеменің бухгалтериясы одан салықты табыс алынған жерде есептеп, ұстайды.

Төртінші әдіспен салық кәсіпкерлік қызметтің сан алуан түрлеріне берілетін патент негізінде төленеді. Патент – арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және салық сомасының бюджетке төленгендігін растайтын құжат.

Салықтық есептің екі әдісі қолданылады:

- кассалық;
- есептеу.

Кассалық әдіске сәйкес табыстар мен шегерімдер жұмысты орындау, қызмет көрсету, мүлікті жөнелту мен кірістеу және ол бойынша жасалынған ақы төлеу мезетінен бастап есепке алынады.

Есептеу әдісі бойынша табыстар мен шегерімдер ақы төлеудің уақытына қарамастан жұмысты орындау, қызмет көрсету, тауарларды өткізу және кіріске алу мақсатымен тиіп жіберу мезетінен бастап есепке алынады. Бұл әдіс салық органдары үшін қолайлырақ және оны Қазақстанның барлық төлеушілері қолдануға қабылданған. Төлеушілер үшін оның кемшілігі – салық төлемдері жеткізілім тіпті уақытында төленбеген жағдайда да аударылуы тиіс, бұл айналым қаражаттарын оқшауландыруға ұрындырады.

Салық механизмі - салықтың ұйымдық-құқықтық нормалары мен басқару әдістерінің жиынтығы, бұған әр түрлі салықтық реттеу құралдары да (салық ставкасы, салық жеңілдіктері, салық салу әдістері және т.б.) енеді. Мемлекет өзінің салық механизміне салық заңдылықтары арқылы құқықтық нысан беріп, оны реттеп отырады. Салық механизмі практикалық салық іс-қимылдарының жиынтығы, яғни салық заңдары ережелерін практикада жүзеге асырудың шарттары мен тәртіптерінің жиынтығы. Объективті негізгі бағытталмаған кез-

келген салықтық іс-қимыл ұдайы өндіріс процесіне субъективтік қол сұғу ретінде қарастырылады және олардың нысанының өзгеруіне әкеледі. Салық механизмі салық салуды басқарудың негізі болып табылатын салықтық құқыққа сүйеніп, салық қатынастарын реттеуге мүмкіндік береді.

Салық механизмі – бұл ұйымдық-экономикалық категория ретінде осы ұғымды түсіндіретін салық теориясының аясы, сәйкесінше, ұлттық табыстың бөлігінде өндірісте жасалынған бөлігін қоғамдастыру кезінде қалыптасатын қайта бөлу қатынасы кезіндегі объективті қажетті басқару процесі. Салық салу механизмі салықтарды белгілеудің принциптерінен, нысандары мен әдістерінен, оларды өзгерту мен күшін жоюдан, оларды төлеуді қамтамасыз ету бойынша шаралардан тұрады.

Бұл процесте қалыптасатын қатынастың барлық саласын үш қосалқы жүйемен шектеуге болады: салықтық жоспарлау, салықтық реттеу және салықтық бақылау.

Салық жүйесі және оның қызмет ету механизмі белгілі бір принциптерге сәйкес қызмет етуі керек. Сонда ғана салық жүйесі өз қызметін жан-жақты және тиімді түрде жүзеге асырады.

Салық принциптерінің, жалпы салық салу теориясының негізін қалаушы болып шотландық экономист, әрі философ Адам Смит табылады. А.Смиттің классикалық принциптері төмендегідей:

1. салық салық төлеушінің әрқайсысының табысына сәйкес алынуы тиіс (әділеттілік принципі);

2. салықтың мөлшері мен оны төлеу мерзімі алдын ала және дәл анықталуы керек (анықтылық принципі);

3. әрбір салық салық төлеуші үшін неғұрлым қолайлы уақытта және әдіспен алынуы тиіс. (қолайлылық принципі);

4. салықтан жиналған түсімнен оны жинауға кеткен шығын аз болуға тиіс (үнем принципі).

Бұл принциптерді пайдалану салық салуда зорлық-зомбылықты азайтты, бұл процеске реттемелеуді енгізді. Салық салудың кейінгі даму барысында принциптердің тұжырымдамалары дәлелденді, толықтырылды.

Салық салудың қазіргі халықаралық принциптері мыналар:

1. Қарапайымдылық принципі. Салық механизмі салық төлеушіге түсінікті болуы тиіс, ол айқын әрі жеңіл болуы керек. Ол үшін мына шарттар орындалуы қажет:

- салық түрлері өте көп болмай, нақты да дәлелді болуы керек;

- бір салық түріне бірыңғай салық ставкасын белгілеу қажет;

- салық салуобъектісін, салық салынатын табысты немесе айналымды анықтау әдісі барынша жеңіл, қарапайым, қолдануға ыңғайлы және түсінікті болғаны дұрыс;

- салық жеңілдіктері не үшін беріледі, оған қандай негіздер бар екенін дәлелді болуы керек. Салық жеңілдіктерінің мейлінше аз болғаны дұрыс;

- салық төлеуде, салықты табыс көзінен, яғни төлем жүргізілген көзден төлеген ыңғайлы.

2. Әділеттілік принципі. Салық жүйесінде әділеттілік принципі тікелей және көлденең екі бағытта сақталуы тиіс.

Тікелей әділеттілік принципі – салық төлеушілердің табыстарына тең жағдайда біркелкі салық салынады;

Көлденең әділеттілік принципі – тиісті жағдайда бірыңғай салық төлеушіге бірдей талап, бірдей шарт қойылуы керек. Салық төлеушілер белгілі бір табыс не қызмет түрінен, мүлкінен бірдей ставкамен салық төлеуі тиіс.

3. Салыстыру принципі. Бұл принцип бойынша салық ставкаларын бекіткен кезде, олардың мөлшері басқа елдерде қолданылып жүрген салық ставкаларымен салыстырылып отырылуы қажет.

4. Салықтардың анықтылығы – алдын ала белгіленген шарттар мен талаптардың мызғымас теңдігі елдің барлық аумағында және барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін түсіндіру мен қолданудың біркелкілігі.

5. Жеңілдіктердің ең аз саны. Жеңілдіктер құндық үйлесімдерді бұрмалайды және салық салу субъектілерін тең емес жағдайларға әдейі қояды.

6. Салық салудың экономикалық бейтараптығы. Салықтар экономиканың жұмыс істеуін жақсартуға және инвестициялардың өсуіне кедергі жасамауы тиіс.

Қазақстанның салық заңнамасында сонымен бірге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеудің міндеттілігі, салық салудың айқындылығы, әділдігі, салық жүйесінің біртұтастығы және салық заңдарының жариялылығы принциптері негізделеді.

Салық төлеуші салық заңына сәйкес салықтық міндеттемелерін толық көлемде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер айқын болуға тиіс. Салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салықтық міндеттемелерінің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңында белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

Еліміздің салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тиым салынады.

Қазақстанның салық жүйесі оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірыңғай болып табылады.

Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

Тест тапсырмалары:

1. Салықтық жүйесінің санаттары:

- а) салықтық инспектордың міндеттері мен құқықтары;
- б) ҚР салық кодексі;
- в) салық салу объектісі;
- г) кәсіпорын активтері;
- д) қаржылық нәтижелер туралы есеп беру.

2. Салық салудың субъектісі:

- а) өнім өндірісінің көлемі;

- б) қосымша құн;
- в) салықтың уақытында емес төленуі үшін айыппұл;
- г) жеке және заңды тұлғалар;
- д) кәсіпорынның қорытынды табысы.

3. Салық салу объектісі:

- а) кеден баж салығы;
- б) жыл басына мүліктің құны;
- в) жеке тұлғаның салық салынатын табысы;
- г) жиынтық жылдық табыс;
- д) заңды тұлға.

4. Салықтарды төлеудің қайнар көздері:

- а) кезең шығындары;
- б) жарғывлық капитал;
- в) жинақтау қоры;
- г) жеке зейнетақы қорларына шегерімдер;
- д) республикалық және жергілікті бюджеттер.

5. Жанама салықтар:

- а) корпоративті салық;
- б) мүлікке салынатын салық;
- в) роялти;
- г) бонустар;
- д) акциздер.

6. Салық комитетіне есеп беру нысандарына жатады:

- а) жылдық жиынтық табыс және шегерімдер туралы декларация;
- б) кәсіпорынның бизнес-жоспары;
- в) өндіріске шығындар сметасы;
- г) кәсіпорын жарғысығ құрылтайшылық құжаттар;
- д) статистикалық есеп беру.

7. Салықтарды уақытында төленбегені үшін айыппұл келесіге байланысты:

- а) салық төлеуінің кешігуінің күндер саны;
- б) кешіккен төлемнің сомасы;
- в) 1,5 есе ұлғайтылған ҚР Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы;
- г) ҚР Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы;
- д) кешіккен салықтың сомасы.

8. Пайда үстемесіне салықты кім төлейді:

- а) монополист кәсіпорындар;
- б) рентабельділіктің 20% артық деңгейімен жер қойнауын пайдаланушылар;
- в) берілген салада жоғары рентабельділік деңгейімен кәсіпорындар;



- г) ҚР резиденттер емес;
- д) жалдайтын жұмысшылары бар жеке кәсіпкерлер.

9. Қосымша құн салығы (ҚҚС) – бұл...

- а) тікелей салық;
- б) 20% ставкасы бойынша өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан табысқа салық;
- в) тауарлар өндірісі процесінде қосылғанпайда өсімінің бөлігінің бюджетке аударымдары;
- г) сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін есептелінген ҚҚС сомалары мен сатып алынаған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін төленугежататын салық сомалары арасындағы айырма;
- д) белгіленген салық.

10. ҚҚС төлеуден босатылды:

- а) тауарлар экспорты;
- б) акцизді тауарлар;
- в) балалар ассортиментінің тауарлары;
- г) алғашқы қажетті тауарлар;
- д) шығынды кәсіпорындар.

11. Заңды тұлғаның салық салынатын табысы:

- а) жылдық жиынтық табыс пен шегерімдер арасындағы айырма;
- б) өнімді сатудан табыс пен өнімнің өзіндік құны арасындағы айырма;
- в) арендадан табыс;
- г) роялти;
- д) есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы.

12. Салық салынатын табысты анықтағанда шегерімдерге қосады:

- а) өнімді сатудан табыс;
- б) қосымша құнға салық;
- в) нақты сатылған өнімнің өзіндік құны;
- г) айыппұлдар;
- д) акцизді тауарлар бойынша акциздер.

13. Салықтың уақытырда төленбегені үшін айыппұл мөлшері келесіге байланысты:

- а) салық салу субъектісі;
- б) салықты төлеу қайнар көзі;
- в) кәсіпорынның қаржылық жағдайы;
- г) салықтытөлеу мерзімдері;
- д) салық бойынша пеня.

14. Келесі табыстарға корпоративті салық салынбайды:

- а) жер арендасынан табыс;
- б) роялти;
- в) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша дивидендтер;
- г) өнімді сатудан табыстар;
- д) жер қойнауын пайдаланушылардың табыстары.

15. Әлеуметтік салықтың объектісі:

- а) еңбек ақы қоры;
- б) өзіндік құн;
- в) пайда;
- г) қосымша құн;
- д) жанама салықтарсыз өнімді сатудан табыстар.

16. Белгіленген салықтарға жатады:

- а) корпоративті салық;
- б) жер салығы;
- в) мүлік салығы;
- г) көлік құралдарына салық;
- д) әлеуметтік салық.

17. Салық – бұл...

- а) пеня;
- б) айыппұл;
- в) ҚР заңнамасымен орнатылған мөлшерде және мерзімде бюджетке және қорларға міндетті мөлөмдер;
- г) резервті қорға аударымдар;
- д) жарғылық капиталға салымдар.

18. Белгіленбеген салық – бұл...

- а) жеке зейнетақы қорларына аударымдар;
- б) автомобиль тұрағы үшін жиналым;
- в) коммуналды қызметтер;
- г) мақсатты қолданысы жоқ салық;
- д) әлеуметтік салық.

19. Салық жүйесінің критерийлеріне жатады:

- а) салық төлеушілері тарапынан салық жүйесінің бақылауы;
- б) салық төлемдерінің қайнар көздерінен алынуы;
- в) өнім өндірісінің рентабельділігі;
- г) тауар өндірісі кезінде шығындарды минимизациясы;
- д) жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) өсімі.

20. Салық салу нормасы – бұл...
- а) салық ставкасы;
  - б) салық түрде тартылатын табыс бөлігі;
  - в) салықтың оңтайлы мөлшері;
  - г) салықтың минималды мөлшері;
  - д) салықтың максималды мөлшері.
21. Салықтың орташа нормасы – бұл...
- а) салық шамасының табысқа қатынасы;
  - б) салық шамасының шығындарға қатынасы;
  - в) табыс бойынша салықтың дәрежесі;
  - г) салықтың оңтайлы мөлшері;
  - д) салықтың орташа ставкасы.
22. Қандай салықтар эквивалентті болып табылады:
- а) егер екі салық олармен туғызатын ауыртпалық шамасы бойынша да, сонымен қатар оның нақты бөлінуі тұрғысынан да тең;
  - б) экономиканың бөлек салаларының дамуын ынталандыратын салықтар;
  - в) экономикалық бейтарап салықтар;
  - г) дифференциацияға жатпайтын салықтар;
  - д) бұрмалаушы салықтар.
23. Қандай салықтар бұрмалаушы деп аталады:
- а) ресурстар қолданысының нәтижелігіне әсер етпейтін экономикалық бейтарап салықтар;
  - б) экономикалық өмірдің қатысушыларының мотивациясына әсер етіп, осы салықтардың болмауы жағдайында қабылданған шешімдерден өз нәтижелігі бойынша айрықшаланатын аллокациялық шешімдерден бас тартуды туғызатын салықтар;
  - в) икемді салықтар;
  - г) белгіленген салықтар;
  - д) қорларға салықтар.
24. Жұмысшылар мен тұтынушылар арасында салықтық ауыртпалықтың бөлінуі байланысты болмайды:
- а) сұраныстың икемділігі;
  - б) сұраныстың икемділігі;
  - в) уақыт кезеңінің ұзақтығы;
  - г) нарық түрі;
  - д) салықты төлеу мерзімі.
25. Артық салықтық ауыртпалық – бұл...
- а) салық салумен шартталған орнын алмасу әсерімен шақырылатын пайдалылың жоғалтулардың ақшалай эквиваленті;

- б) салықтың бұрмаламайтын әсерінің шарасы;
- в) салық төлеушілердің салықты өзінің контрагенттерге аудару мүмкіндігі;
- г) эквивалентті салықтар;
- д) ресурстардың аллокациясы.

26. Мүлікке салықты анықтағанда салық салу объектісі не болып табылады:

- а) кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының құны;
- б) негізгі құралдардың баланстық құны;
- в) негізгі құралдардың бастапқы құны;
- г) кезең аяғына негізгі құралдар құны минус көлік құралдары;
- д) кәсіпорынның негізгі өндірістік қорларының орта жылдық қалдық құны минус көлік құралдарының құны.

27. Қандай салықты жер қойнауын зерттегенде жер қойнауын пайдаланушылар төлейді:

- а) бонустар;
- б) артық пайдаға салық;
- в) роялти;
- г) жарнамаға салық;
- д) автомобильдің тұрақтандыруға салық.

Бақылау сұрақтары:

1. Салықтар қаржының бастапқы категориясы.
2. Салықтар тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуімен және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан.
3. Шаруашылық субъектілерінен, азаматтардан ұлттық табыстың бір бөлігін алу жөніндегі өндірістік қатынастардың бір бөлігі.
4. Салықтар мемлекеттің өмір сүруі.
5. Бюджетке түскен салық түсімдерін қаржыландыруды қажет ететін бағдарламалар жобасына сәйкес.

## 7 ТАҚЫРЫП. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТЕН ЖӘНЕ БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚОРЛАР

Жоспар:

1. Мемлекеттік бюджет түсінігі.
2. Қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуындағы бюджеттен тыс қорлардың рөлі.
3. Бюджеттен тыс қорлар.

Экономикалық категория ретінде мемлекеттік бюджет мемлекеттік және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын құру және қолдану арқылы ұлттық табысты және жалпы ұлттық өнім құнын бөлу бойынша қаржылық қатынастардың ерекше сферасын білдіреді.

Экономикалық мәні бойынша мемлекеттік бюджет, мемлекет және өндірісті кеңейту және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына ақша қаражаттарының орталықтандырылған қорын құру және пайдалану арқылы қоғамдық өнім құнын бөлу және қайта бөлу процесі кезіндегі қоғамдық өндірістің басқа да қатысушылары арасында орын алатын ақша қатынастарын білдіреді.

Мемлекеттік бюджет – бұл қаржы саласындағы бөліп таратушылық процестерін қамтитын, өз қаражат көздеріне ие, төмендегі принциптерге негізделі отырып шығындар мен кірістерді қосатын елдің негізгі қаржылық жоспары:

- біртұтастық бюджеттік жүйенің ұйымдастырушылық-экономикалық дәрежесін білдіретін (яғни ел аумағында қызмет атқаратын мемлекеттік шығындар мен кірістердің жалпы жүйесінің бірыңғай бюджеттік жүйеде, қаржылық құжаттардың, бюджеттік классификацияның бірлігінде көрінеді) және бюджеттік жоспарлаудың әдістемелігі және ұйымдастырушылығының бірлігін кепілдендіреді;

- толықтылық үкіметтік барлық қаржылық операцияларының, яғни ақша қаражаттарының кірісі және шығысының бюджетте жинақталуын білдіреді;

- шынайылық мемлекеттің қаржылық операцияларының шынайы түрде бюджетте айқындалуын, әлеуметтік-экономикалық саясатты шешу үшін есептеулер және болжамдар негізінде бекітілген бюджеттік тағайындаулардың сәйкестігін көздейді;

- жариялылық бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы мәліметтерді, бюджет құрылымы, дефицит көлемі және оны басқару әдістеру туралы деректерді қоғамға жариялау талаптарын білдіреді.

Орта мерзімді кезеңде бюджеттік саясат бюджеттік жоспарлаудағы жаңа көзқарастар есебімен жүргізіледі. Қазіргі таңда жалпы экономикаға ынталандырушы әсерін тигізетін бюджеттік шығындардың өсімін қамтитын мемлекеттік шығындардың ұстамды саясаты жүргізілуде.

Бюджеттік қор – бұл қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың құндық бөліністің белгілі стадияларын өткен және ұлғаймалы ұдайы өндіріс, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, қорғаныс және басқару жөніндегі

қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мемлекетке түсетін бөлігі қозғалысының объективті шарттасылған экономикалық нысаны. Бюджеттік қордың қалыптасуы мен пайдаланылуы құнды болу және қайта болумен байланысты оның қозғалыс процесін білдіреді.

Мемлекеттік бюджет экономикалық категория ретінде жалпы қаржы сияқты болу және бақылау функцияларын орындайды. Бұл функциялардың іс қимылы, мазмұны, мәні мен маңызы бюджет қатынастарының қаралған айрықшалығымен айқындалды. Бөлгіштік функцияның іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі:

- қоғамдық өнімнің құны қоғамдық өндірістің сфералары;
- ұлттық шаруашылықтың секторлары;
- аумақтар;
- салалар;
- жеке шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында бөлінеді.

Қаржылық жүйенің негізгі бөлігінің бірі мемлекеттің бюджеттен тыс қорлары. Бюджеттен тыс қорлар – мемлекеттің ұлттық табысын халықтың әлеуметтік топтарына қайта бөлу әдістерінің бірі. Мемлекет халық табысының бір бөлігін өз іс шараларын қаржыландыру үшін қорларға жинақтайды.

Бюджеттік емес қорлармен жалпыландырылған қаражаттар өндіріс процесі үшін қолданылады.

Экономикалық категория ретінде бюджеттік емес қорлар ұлттық табысты мемлекеттің мақсатты қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталған қаржылық ресурстарды орталықтандыру үшін қайта бөлу бойынша қатынастар болып табылады.

Бюджеттен тыс қорлар екі негізгі тапсырманы орындайды:

- экономиканың басымдыққа ие салаларын қосымша қаражаттармен қамтамасыз ету;
- халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтерді аясын кеңейту.

Бюджеттен тыс қорларды құрудың негізгі себебі–қоғамға өте қажетті шығындарды шығару қажеттілігі және оларды дербес табыс көздерімен қамтамасыз ету.

ҚР бюджеттен тыс қорларының мағынасы қазіргі таңдағы ел бюджетінің үнемі дефицитіне және осы қорлар есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік мәселелерді шешудің мақсаттылығымен өте маңызды болып отыр.

Қордың негізгі бөлігі ұлттық табысты қайта бөлу процесінде құрылады.

Бюджеттен тыс мемлекеттік қорлардың табыстары кесідей түсімдер есебінен құрылады:

- тиісті қорларға бекітіледін арнайы мақсатты салықтар және алымдар;
- мемлекеттік бюджеттің қаражаттары;
- шаруашылық субъектілері табыстарынан аударымдар;
- тұлғалар немесе қорлардың коммерциялық қызметтерінен түсетін табыстар;
- қордың ҚР Ұлттық банкінен немесе коммерциялық банктерден алынған несиелері;
- заңнамада қарастырылған табыстың басқа да түрлері.

ҚР бюджеттен тыс қорлары екі үлкен топқа бөунеді:

- әлеуметтік қорлар;
- экономикалық мақсатты қорлар.

Бюджеттен тыс қорлар келесідей белгілері бойынша сыныпталады:

- мақсатты белгісі бойынша – әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-зерттеушілік, табиғатты қорғау (экологиялық), миграциялық, құқытық тәртіпке ықпал ету, мәдени мақсатта және т.б.;
- басқару деңгейіне байланысты – мемлекетаралық, мемлекеттік және аймақтық (жергілікті).

Бюджеттен тыс қорлар – мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды буыны. Олар мемлекет қатаң белгіленген мақсаттарға пайдаланатын және заңмен бекітілген құру көздері бар ақша ресурстарының жиынтығын білдіреді. Экономикалық категория ретінде бюджеттен тыс қорлар мемлекеттің мақсатты қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталған қаржы ресурстарын орталықтандыру үшін ұлттық табысты қайта үлестіру бойынша қатынастар болып табылады.

Бюджеттен тыс қорлардың пайда болуы 1991ж. бастап әлеуметтік-экономикалық дамуға қажеттіліктеріне байланысты болды: мемлекеттік қаржы ресурстарының бір бөлігін қатаң түрде функционалдық мақсаттарға оқшаулау, мемлекеттік бюджетті оған тән емес шығындардан босату, бір жағынан оның тапшылығын азайту қажет болды. Белгілі бір дәрежеде бұл мемлекеттің жұмыс істеуімен байланысты емес күрделі салымдарға, кәсіпорындарға дотацияларға жұмсалған шығындар ауыртпалығын шаруашылық органдарына ауыстыру болды; бұл мақсаттарға экономиканы тұрақтандыру қоры (әрі қарай – экономиканы түрлендіру қоры) сәйкес келді. Басқа жағдайларда халықты нарыққа өткенде олардың өмірлік деңгейінің төмендеуі жағдайларында аса сенімді және тиімді қорғау мақсатында әлеуметтік қажеттіліктерге және оларды жабу көздеріне жеке шығындарды ерекшелеу және шектеу қажет болды. Бұл міндетті Зейнетақы қоры, Әлеуметтік сақтандыру қоры, Бірыңғай одақтық-республикалық халықты әлеуметтік қорғау қоры, Мемлекеттік халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры шешуі тиіс болды. Кейбір қорлардың тағайындалуы тым тар мақсатты болды – Жол қоры, Әскери өндірісті конверсиялауға жәрдемдесу қоры, әр түрлі тағайындалған инновациялық қорлар және т.б.

Кейбір қорлар уақытша әрекет етті, мысалы Экономиканы тұрақтандыру қоры, Бірыңғай одақтық-республикалық халықты әлеуметтік қорғау қоры – бұл мұндай қорлардың экономика дағдарысы жағайларында қаржыларын құру қиындықтарымен, қорларды құру субъектілерінің үлестіру кезінде ресурстарды қайтарусыз пайдалануда мүдделі еместігімен түсіндіріледі.

Қорларды құрғанда шаруашылық жүргізетін субъектілерге қаражаттардың бір бөлігін қайтарусыз тәртіпте енгізудің қосымша міндеті жүктеледі. Егер мұндай бөлік қосу өнімінің (пайда, кіріс) құны есебінен енгізілсе, онда кәсіпорындардың экономикалық мүдделерін тікелей жүктейді – олардың ұдайы өндірудегі және тұтынудағы мүмкіндіктерін шектейді (мысалы, 1995 ж. дейін әрекет еткен Кәсіпкерлікті және бәсекелестікті қолдау және дамыту қорында).

Аударымдарды өнімнің өзіндік құнына арналған қорларға аударған жағдайда құнның бұл бөлігі тұтынушыға баға арқылы беріледі және қоғам жалпы алғанда берілген жүктемені өзі алады. Сонымен бірге қорларды құру және пайдалану кезінде қайта үлестіру процестері жүреді, олар шаруашылық жүргізетін субъектілердің бір бөлігі үшін белгілі уақыт интервалында баламасыз болып табылады, яғни олардың экономикалық мүдделеріне шек қойылады. Сонымен бірге бүкіл қоғам ауқымында бюджеттен тыс қорлардың көмегімен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық сақталады, себебі халықтың жеке топтарын әлеуметтік қолдау бойынша жергілікті және жалпы мемлекеттік ауқымды міндеттерді шешу, бүкіл экономиканың немесе өңірдің мүдделерінде белгілі мақсатты бағдарламаларды орындау, әлеуметтік-экономикалық дамуды теңестіру мүмкін болады. Сонымен бюджеттен тыс қорлардың жұмыс істеуінде топтық және қоғамдық мүдделердің карама-қайшылығы айқындалады. Жалпы алғанда бюджеттен тыс қорлар жұмыс істейді, ақырында, бүкіл қоғамның мүдделерінде оның бірігуіне бағытталған және бұдан қаржы қатынастарының осы түрінің әлеуметтік-экономикалық мәні тұрады.

#### Есептер

##### 1 есеп

Банк өз қызметкерлеріне N жылдың 1 ақпанынан депозиттік есебін ашады. есептеуден пайыздар жылына 6% ай сайын банкпен есептеледі және қызметкерлерге төленеді. Үлестің сомасы 50000 тг.

Қайта қаржыландыру 01.02.00 – 1,8 %, 15.03.00 – 1,7 %, 01.04.00 – 1,8 %, 20.04.00 – 1,7 %. Наурыз және сәуір айындағы депозиттік үлес бойынша пайыздармен табыс салығының қандай сомасы төлеттірілініп алынады?

##### 2 есеп

Негізгі жұмыс орны жоқ жеке кәсіпкер N жылдың 12 айы үшін 145 000 тг сомада табыс алды. Құжат бойынша бұл табыстарды шығарумен байланысты бекітілген шығындар 85 000 тг құрайды. Ай сайынғы кіріс пен шығыс есебін кәсіпкер бұйырмады және өзінің ай сайынғы таза табысын анықтамады. Табыс салығының шамасы қандай?

#### Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік бюджеттің экономикалық табиғаты немен бекітіледі?
2. Бюджеттік қатынастардың ерекшелігі неден тұрады?
3. «Мемлекеттік бюджет» ұғымының қысқаша анықтамасын сипаттаңдар.
4. Қазақстан республикасының мемлекеттік бюджетінің табыстары мен шығындарын құрылымын және құрамын сипаттаңыз.
5. Бюджеттік сыныптаманың мәні қандай? Жаңа бюджеттік сыныптаманың ерекшеліктері неден тұрады.
6. Қандай факторлар бюджеттік тапшылықтарды туғызады?
7. Бюджеттен тыс қорлардың әлеуметтік-экономикалық мәні неден тұрады?



8. Қандай қайта таратушы процесстер бюджеттен тыс қорлардың жұмыс жасауын туғызады?
9. Бюджеттен тыс қорлар қалай сыныпталады?
10. Дағдарыс жағдайы кезеңінде ҚР-да бюджеттен тыс қорлардың жұмыс жасауының қандай мәселелері бар?
11. Қорлармен және бюджеттік құралдардың арасында қандай байланыс?

## 8 ТАҚЫРЫП. МЕМЛЕКЕТТІК НЕСИЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ

Жоспар:

1. Мемлекеттік несиенің мәні мен маңызы, қызметтері.
2. Мемлекеттік бағалы қағаздар, олардың түрлері және сипаттамасы.
3. Мемлекеттік қарыз түсінігі, оның түрлері.

Мемлекеттік несие дегеніміз қарыз алушы ретінде өз органдары атынан мемлекет, несие беруші ретінде жеке және заңды тұлғалар қызмет ететін несиелік қатынастар жиынтығы. Мемлекеттік несие екі түрлі қызмет атқарады: қайта бөлу және реттеу. Қайта бөлу қызметінде мемлекеттік несие халық пен кәсіпорын-ның жинақтарын ұйымдастыру формаларының бірі болып табылады. Сондай-ақ, қайта бөлу қызметі халық, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында таралатын мемлекеттік займа облигацияларын шығару, мемлекет шығындарын қаржыландыру үшін бос ақша қаражаттарын қозғалысқа түсіруге бағытталған мемлекеттік бағалы қағаздардың түрлерін (қазыналық міндеттеме, қазыналық бонд, сертификат) шығару кездерінде көрінеді. Реттеу: мемлекет қарыз алушы, несие беруші, гарант ретінде шығындарын жабу көздерінің жеткілікті болуына мүдделі.

Мемлекеттің несиенің жеке несиеден айырмашылығы 8.1 кестеде көрсетілген.

### 8.1 – кесте, Мемлекеттің несиенің жеке несиеден айырмашылығы

Жеке несие	Мемлекеттік несие
<ol style="list-style-type: none"><li>1. өндірістік мұқтаждықтар үшін жұмылдырылады;</li><li>2. несие капиталы жұмылдырылады;</li><li>3. өтеу қосымша өнім немесе өндіріс процесінде пайда болатын құннан жүргізіледі;</li><li>4. капиталдың қолдану сферасын (өндірістік сфераны) кеңейтеді.</li></ol>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Өндірістік және өндірістік емес мұқтаждар үшін жұмылдырылады;</li><li>2. Төлем және сатып алу қаражаттары жұмылдырылады;</li><li>3. Өтеу бюджет кірістерінен (негізінен салықтық түсімдердің есебінен) жүргізіледі;</li><li>4. Капиталды қолдану сферасын тарылтады.</li></ol>

Мемлекеттік несие – жалпы мемлекеттік қаржының басты буындарының бірі және кредит қатынастарының жиынтығы, бұл қатынастарда мемлекет несиегердің де, қарыз алушының да, гаранттың да (қарыз алушы үшін мемлекеттің кепілгерлігін білдіреді) ролінде көрінуі мүмкін.

Мемлекеттік несиенің ерекшелігі қарызға берілген қаражаттардың қайтарымдылығында, мерзімділігінде және ақылығында. Алайда, бұл қатынастарды банк несиесімен шатастыруға болмайды.

Мемлекеттік несиенің мынадай түрлері бар: ішкі және сыртқы (халықаралық), шартты.

Ішкі несиеде мемлекеттік несие қатынастары жан-жақты тұрғыда: қарызгер кезінде де, несиегер ретінде де елдегі үкіметтің, биліктің жергілікті

органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың арасында пайда болады.

Халықаралық несиеде қатынастарға бір жағынан, үкімет, биліктің жергілікті органдары, екінші жағынан басқа мемлекеттердің үкіметтері, банктері, компаниялары сондай-ақ халықаралық қаржы-банк ұйымдары араласады. Несие беруші тарап мемлекет-донор немесе ұйым-донор, ал несие алушы ел рецепент-ел деп аталады.

Шартты мемлекеттік несие отандық қарызгерлер: кәсіпорындар, ұйымдар, фирмалар, жергілікті билік органдары алған қарыздарына басқа елдердің несиегерлеріне берілген кепілдіктер бойынша үкіметтің міндеттемелері ретінде болады. Қарыз шарттары орындалмаған жағдайда үкімет отандық қарызгердің уақыты келген міндеттемелері бойынша қарызгердің мүлкінен немесе басқа активтерінен бюджет қаражаттары есебінен қарыздың сомасын төлейді.

Мемлекет қарыз алушы ретінде ғана емес, сонымен бірге несиегер ретінде де бола алады.

Мемлекеттік несиелендірудің негізгі сферасы – күрделі жұмсалымдар: басым өндірістерді қаржыландыру; тұрғын-үй құрылысын қаржыландыру; экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылым салаларын қаржыландыру.

Басқару адам қызметінің барлық аясына, соның ішінде қаржы қызметіне де тән нәрсе. Ол белгілі бір нәтижеге жету үшін субъектінің объектіге нысаналы ықпал етуінің тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы. Қаржыны басқару – бұл қаржыға және шектес экономикалық әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жасау үдерісі және қаржылық қатынастардың бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржы саясатын жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет шараларының жиынтығы. Сөйтіп, қаржыны басқару – бұл тиісті қаржы саясатына жетудің мақсаты, қаржы механизмі – бұл мақсатқа жетудің құралы, қаржы саясаты – қаржы басқарудың тиісті үдерісінің түпкілікті қорытынды нәтижесі.

Қаржыны басқарудың мақсаты макроэкономикалық теңгерілімділікте, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық мүдделерінің үйлесуінде көрінетін қаржының тұрақтылығы мен қаржының тәуелсіздігі болып табылады.

Қаржыны басқарудың негізіне мына қағидаттар қойылған:

- басқарудағы демократизм;
- қаржы мәселелеріне саяси тәсілдеме;
- басқарудағы экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесуі;
- басқарудың ғылымилығы;
- басқарудағы жауапкершілік;
- шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Қаржыны басқарудың екі аспектісін ажырата білген жөн:

1 – ден, мемлекет қаржыны, оның нысандарын экономика мен әлеуметтік сфераны басқарудың тетігі, тұтқасы ретінде пайдаланады және сөйтіп қоғамдық өндірістің бүкіл үдерісіне ықпал жасайды;

2 – дең, қаржының өзі басқарудың объектісі болып табылады: қаржы қатынастарының нысандарын, ақша қорлары, қаржы аппараты, яғни қаржы мекемелерінің жүйесі басқарылады.

Қаржыны басқарудағы ғылыми тәсілдеме қажет: бұл қаржылық сипаттағы басқару шешімдерін әзірленген кезде экономикалық заңдардың талаптарының басқа, экономикалық талдау нәтижелерінің ескерілетінін басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің ұтымды үйлесуінің қолданылатынын білдіреді.

Қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты нақтылы функциялық элементтерді бөледі: ақпарат, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, бақылау.

Қаржылық ақпараттың ғылыми негізделген жоспарлау мақсаты үшін де, сондай – ақ бүкіл қаржы үдерісін оперативті басқару үшін де маңызы бар.

Жоспарлау арқылы басқарудың жүйесінде маңызды орын алады.

Ұйымдастыру – басқарудың барлық буындарының жөнге салынғандығын, айқындығын, қаржы ақпарытының жоғары нәтижелілігін басқару жұмыскерлерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін білдіреді. Банк жүйесінде қозғалысқа енгізілген халықтың салымдары мен мерзімді депозиттерін мемлекет орталықтандырылған қаржылық ресурстар ретінде қолдана алады, солардың есебінен банктер қайтарымды негізде әртүрлі несиелер беріп отырады және мұнда несиенің екі формасы (мемлекеттік және банктік) бір-біріне жақындай түседі. Мемлекеттік несиедегі себеп-салдарлық байланыстар 7-суретте көрсетілген. Мемлекет қажеттілігі үшін халықтың кәсіпорындар мен ұйымдардың ақ-шалай ресурстарын қозғалысқа түсіру мақсатында мемлекет займалар шығарады, олар төмендегіше топтастырылады:

- өтеу мерзімі бойынша – қысқа мерзімді, орташа мерзімді, ұзақ мерзімді;
- таралатын орны бойынша – ішкі және сыртқы;
- таралу тәсілі бойынша – еркін айналымға түсетін, мәжбүрлі;
- түсімділік түрлері бойынша – пайыздық, ұтыстық, лотереялық.

Елде шығарылатын қарыздар эмитент бойынша Орталық үкімет займалары және жергілікті билік органдарының займалары деп бөлінеді.

Мемлекеттік қарыздар мемлекеттік несие формасы ретінде халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдардың уақытша бос ақша-қаражаттары облигация, қазыналық міндеттемелер мен мемлекеттік бағалы қағаздардың басқа түрлерін шығару жолымен қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыруға тартылады.

Облигация – бағалы қағаздың көбірек таралған түрі, ол мемлекеттік қарыздық міндеттемелерді сипаттайды және иесіне белгілі мерзім өткенде қарыз сомасы мен пайызын қайтарып алуға құқық береді. Қазыналық міндеттемелердің облигациядан айырмашылығы шығару мақсаты, табысты төлеу формасы мен еркін айналымға жүруінде.

Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарған кездегі маңыздысы мыналар: дисконт мөлшері, іріктеу бағасы, мемлекеттік акцияны номинал бағамен өтеу, айналыс мерзімі, сауданы өткізу тәртібі, қаржылық нарық үшін ережелер мен нормативтер жасай отырып, объективті шешім қабылдау.

Мемлекеттік несиенің негізгі нысаы несие қатынастары болып көрінетін мемлекеттік қарыздар болып табылады, бұл қатынастарда мемлекет негізінен қарызгер ретінде болады.

Мемлекеттік қарыздар – нәтижесінде мемлекет белгілі бір мерзімге және белгілі бір ақыға ақша қаражаттарының белгілі бір сомаларын алатын мемлекет пе заңи және жеке тұлғалар арасындағы қарыз қатынастары.

Қарыздардың салықтардан айырмашылығы 8.2 кестеде көрсетілген.

#### 8.2 – кесте, Қарыздардың салықтардан айырмашылығы

Қарыздар	Салықтар
1. Ерікті сипаты; 2. Мәжбірлеудің бүркемелі нысаы.	1. Мәжбүрлеме сипаты; 2. Мәжбүрлеудің анық нысаы.

Қарыздар өтеу мезгілі, орны, орналастыру әдістері, қарыз валютасы, эмитенттер, табыстылық түрлері бойынша ажыратылады. Өтеу мезгілі бойынша: қысқа мерзімді (бір жылға дейін); орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін); ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары) болып ажыратылады. Орналастыру орны бойынша қарыздар ішкі және сыртқы қарыздар болып бөлінеді.

Ішкі қарыздардың облигацияларын шетел азаматтары мен қоғамдар сатып ала алады.

Орналастыру әдістері бойынша: еркін айналатын, жазылу бойынша орналастырылатын және мәжбүрлеме қарыздар болып ажыратылады. Мемлекеттік қарыздар әдеттегідей ақша нысанында шығарылады, бірақ қажет болғанда заттай нысаны да болады.

Эмитентке қарай қарыздар үкіметтің қарыздарына және биліктің жергілікті органдарының қарыздарына (муниципалдық қарыздарға) ажыратылады.

Табыстылық түрлері бойынша қарыздар пайыздық (қарыз иелері жыл сайын тең үлеспен бекітілген мөлшерлеме бойынша тұрлаулы табыс алады); ұтыс немесе лотереялық (табыс облигацияларының өтеу тиражы немесе ұтыс тиражы шыққанда төленеді) қарыздар болуы мүмкін.

Мемлекеттік қарыз – мемлекеттік займалар бойынша есептелген пайыздарды қоса отырып, шығарылған және өтелмеген бағалы қағаздар бойынша қарыз сомасы.

Мемлекеттік қарызды басқару дегеніміз мемлекеттің қарыз алушы, несие беруші және гарант ретіндегі қызметімен байланысты қаржылық саясатын қалыптастыру, сондай-ақ, мемлекеттің қарыздық міндеттемелерін шығаруға және таратуға дайындаумен байланысты әрекеттер жиынтығы, бағалы қағаз нарығын дамыту, несие және кепіл беру.

Мемлекеттік қарызды басқару процесінде қарыз алушының қарызының құнын азайту және нарықта мемлекеттің қарыздық міндеттемелерінің толуына және олардың курсының күрт ауытқуына жол бермеу міндеттері шешіледі. Мемлекеттік қарызды басқару әдістері: қайта қаржыландыру, айналдыру (конверсия), бірік-

тіру (консолидация), бір ізге келтіру (унификация), облигацияны айырбастау, займаны өтеу мерзімін ұзарту, мемлекеттік қарыздан бас тарту (жою).

Мемлекет экономиканы басқару қызметін атқара отырып, қарыз көлемін азайту үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады. Тиімді қарыз алу, мемлекеттік несиеге қызмет көрсету құнын оптималдандыру, елдің төлем балансы мәселелері, мемлекеттік бюджет тапшылығы, инфляция қарқыны әр елдегі басқару объектілерін анықтаушы болып саналады. Қарызды өтеу бойынша міндеттемені орындамау үкіметке деген сенімді азайтады.

Мемлекеттік қарызға қызмет көрсету – бұл белгілі мерзімде қарыздың негізгі сомасын, пайызды, мемлекеттік қарыз комиссиясын біріктіріп төлеу қабілеті.

Әр мемлекет заңды түрде мемлекеттік қарыз лимитін бекітеді. Мысалы, Қазақстанның мемлекеттік қарызының лимиті – мерзімінде өтелмеген барлық займаларды қоспағанда, займалық капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында республика үкіметі алған, белгіленген сома. Бұл сома жыл сайын республикалық бюджетте бекітіледі және қарыздық жылдың аяғында қарыз артық болмауға тиіс. Лимит бойынша мемлекеттік қарыз сомасы артқан жағдайда экономика мен мемлекетті басқару сферасында көптеген негативті факторларды бар екенін байқауға болады.

Сыртқы мемлекеттік қарыз мемлекет кепілдік берген және кепілдік бермеген сыртқы қарыздарға бөлінеді. Мемлекеттік қарыздың өсуі макроэкономикалық тұрақсыздықпен тығыз байланысты. Шетел капиталын және валюта ресурстарын тарту ол қаражат көздерін тиімді пайдалануды, қарызды пайызбен қоса қайтара алуын талап етеді. Үкімет келіспей қызмет атқарғанда, қаржылық, валюталық, инвестициялық саясат сферасында мемлекеттік заңдар бұзылғанда, экспорт пен импорт қатынасы дұрыс болмаған жағдайда ел экономикасында дисбаланс пайда болады, экономикалық өсім көздерінен айырылады, ал ол, сырттан қарыз алуға және мемлекеттік қарыздың өсуіне әкеп соғады.

Экономиканы және мемлекетті басқарудың қазіргі сатысы үкіметтен мемлекет қарызының, яғни сыртқы қарыздың негізсіз өсуінің бетін кері қайтара отырып, тиімді шешім қабылдауды талап етеді.

Қаржы жүйесінің буыны сияқты мемлекеттік қаржы салалар экономикаға және социумдағы алуан түрлі өзара байланыс қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастарындағы әсерімен байланысқан.

Мемлекеттік қаржы салаларды экономикалық мән олар және мемлекеттің функциялары және мемлекеттік кәсіпорындарды орындауға мемлекеттің қаржы ресурстарын құрастыру, оның кәсіпорындары және алған құралдардың қолдануы үшін қоғамдық өнімнің құны және ұлттық байлықты бөліктің қайта бөлу үлестірілуіне қатысты ақшалай қатынастарды білдіретін тұрады.

Бұл салаға ақшалай қатынастарының субъектітерімен өкімет және басқарудың оның органдары мемлекет бетте болып табылады, бір жағынан, және кәсіпорын, ұйым, мекеме, азаматтар - басқа.

Мемлекеттік қаржы салаларды құрамдағы маңызды рөл бюджеттік қатынастар ойнайды. Бюджеттік өзара байланыстар көмегімен мемлекеттің пайдасына органдардан сияқтыларының қаржыларының түбегейлі көлемдерін

қайта бөледі, сол сияқты кері бағытта - кәсіпорындарға, ұйымдарға, тұрғынға мемлекеттен. Республикалық бюджетті рөл оның қорлары мемлекет аралық шаралардың қаржыландыруы үшін арналған тұрады: мемлекеттік мақсатты кешенді бағдарламалар, қорғаныстар, шекаралардың қорғауы, мемлекеттік басқару, дамыған әлеуметтік сала, халықаралық міндеттемелердің орындауын құқылық тәртіпке қамтамасыз ету. Республикалық бюджет көмегімен экономика, оның тұрақтануы, салалық тепе-теңдіктің құрылымдық өрнектеулерінің есебі, тұрғынның әлеуметтік қорғаныштығының біртұтас деңгейінің қолдаулары ұйғарылады.

Жергілікті бюджеттер экономикалық процесстердің реттеуі, өндіргіш күштердің орналастыруы, аймақтық инфрақұрылымның дамытуы, еңбек ресурстарды орнын толтыру үшін едәуір дәрежеде қолданылады. Жергілікті бюджеттер үлкен рөл әлеуметтік шығындардың қаржыландыруларында ойнайды.

Мемлекеттік қазына республикалық және жергілікті Республикалық қазынаға бөлінеді қосады:

- республикалық бюджеттің құралдары;
- мемлекеттің алтын валюталық қорлары;
- (жер, оның жер қойнауы, өсімдік және аң, басқа табиғи қорлар) мемлекеттің меншігінің ерекше құқығының дүниесі;
- қанн меншігінің республи жататын оқшау емес дүние. Шынымен мұрагер болу, қоймалар, Олжа, мемлекет жататын өткізулер немесе берілуге меншік ие қажетті емес (иесіз ) иесіз кәмпескеленген, иесіз қалған, тапсырған мемлекетке дүние - қазынаға - дайындалатын қазыналық.

Жергілікті қазына қосады:

- жергілікті бюджеттің құралдары;
- коммунальдық меншік жататын оқшау емес дүние.

Мемлекетке меншіктің қолдануының формаларының ұқсас әр түрлілігі солқылдақ және адресті экономикалық және қаржы саясатты өндіріп алып, экономикалық және әлеуметтік процесстерге әсердің қаржы тетігін олар керек бәлекей бағыттай белсене қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге оның болуын әрбір нақтылы кезеңдегі мақсаттар және қоғамның дамытуының есептерінің үкімет, жүзеге асыруының экономикалық функцияларының орындауды негізі қалай «мемлекеттік қаржыларын» дәрежесінің рөл және мәндері айқындалады.

Мемлекеттік қаржы салаларды құрамдағы маңызды рөл бюджеттік қатынастар ойнайды. Бюджеттік өзара байланыстар көмегімен мемлекеттің пайдасына органдардан сияқтыларының қаржыларының түбегейлі көлемдерін қайта бөледі, сол сияқты кері бағытта - кәсіпорындарға, ұйымдарға, тұрғынға мемлекеттен. Республикалық бюджетті рөл оның қорлары мемлекет аралық шаралардың қаржыландыруы үшін арналған тұрады: мемлекеттік мақсатты кешенді бағдарламалар, қорғаныстар, шекаралардың қорғауы, мемлекеттік басқару, дамыған әлеуметтік сала, халықаралық міндеттемелердің орындауын құқылық тәртіпке қамтамасыз ету. Республикалық бюджет көмегімен экономика, оның тұрақтануы, салалық тепе-теңдіктің құрылымдық өрнектеулерінің есебі,

тұрғынның әлеуметтік қорғаныштығының біртұтас деңгейінің қолдаулары ұйғарылады.

Есептер

1 есеп

А компаниясы Д коммерциялық банкімен серіктестік келісім шарты. Бекітеді. Келісім шарттың шарты келесідей:

1. Шарттың қолданылу мерзімі 1 қаңтардан 1 шілдеге дейін (серіктестік келісім шарттың есебі бойынша операцияның шілдесінде тоқтатылады).

2. Серіктестіктік есебінің активі-пассиві бойынша дебеторлық сальдо лимиті 400 мың.тг тең.

3. Серіктестіктік есебінің кредиторлық сальдосы бойынша пайыз жылына 20%, 15 наурызынан пайыз өзгереді және 5% тең болып қалыптасады.

4. Серіктестіктік есебінің дебеторлық сальдосы бойынша пайыз жылына 30%, 15 наурызынан пайыз өзгереді және 10% тең болып қалыптасады. Пайыздың өзгерісі сатылы әдіспен есептеу кезінде ғана есептеледі.

Жылдағы күндердің саны 360 тең, жарты жылда 180 күн.

Серіктестіктік есебінде серіктестік келісім шартн қолдану мерзімі ішінде келесідей жазулар жүргізілді:

5 қаңтар - кредит 10 мың.тг., дебет - 30 мың.тг.;

20 қаңтар - кредит 60 мың.тг., дебет - 50 мың.тг.;

28 ақпан - кредит 200 мың.тг., дебет - 300 мың.тг.;

15 наурыз - кредит 30 мың.тг., дебет - 100 мың.тг.;

20 сәуір - кредит 300 мың.тг., дебет - 350 мың.тг.;

10 мамыр - кредит 10 мың.тг., дебет - 150 мың.тг.;

1 шілде - кредит 60 мың.тг., дебет - 120 мың.тг.

Есепте құралдарды пайдаланғаны үшін А компаниясы немесе Д банкі төлейтін пайыз сомасын анықтаңдар, егер серіктестік несие бойынша пайыздарды есептеудің төрт әдісін қолдансақ:

- озық;

- регрессивті;

- штафелді;

- сатылы.

Ескерту: озық әдіс кезінде пайыздар несиені ашу туралы нақты хабарлама қағазы мерзімінен есепті бекіту мерзіміне дейін есептейді.

Регрессивтік әдіс кезінде барлық жазулар анықталған бастапқы мерзімге дисконтталдады және көрсетілген бастапқы мерзімнен есепті бекіту мерзіміне дейін сальдо сомасына пайыздар есептеліп қойылады. Штафелді әдіс кезінде пайыздар жекеше анықталған жазуда енгізу мерзімінен келесі жазудың мерзімінен дейін есептеліп қойылады. Сатылы әдіс кезінде пайыздар сомасы жеке сома ішінен емес, «Несиелер. Инвестиция» есебінде алынған сальдо ішінен есептеледі.



## 2 есеп

А банкі Б фирмасымен контокорренттік келісімге отырады. Контокорренттік келісімге сәйкес, контокорренттік есепшоттың дебеттік сальдосы бойынша борышқор төлейтін пайыз жылдық 40% тең, ал контокорренттік есепшоттың кредиттік сальдосы бойынша кредитор төлейтін пайыз жылдық 30% тең.

Контокорренттік келісімде көрсетілгендей, А банкі операциядағы пайыздан басқа, өз қызметтері үшін комиссиялық алым өндіріп алады. Комиссиялық алым банктегі тәуекелдік дәрежесіне қатысты әрбір жеке операциялар бойынша өндіріп алынады.

Барлық операциялар тәуекелдік дәрежесі бойынша үш топқа бөлінген

1. Қамтамасыздандырусыз - 0,1% жазбаның соммасынан.

2. Қиын орындалатын қамтамасыздандыру - 0,05% жазбаның соммасынан.

3. Өтімді қамтамасыздандыру - 0,02% жазбаның соммасынан.

Несиелеу лимиті 500 мың теңгеге тең. Бір жылда 360 күн.

Контокорренттік келісімге 2006 жылдың 1 қаңтарында қол қойылды. Келісімнің аяқталу мерзімі 2006 жылдың 1 шілдесі. Келісім оған қол қойылған күннен бастап, ол аяқталған мерзімге дейін өз күшіне ие.

Б фирмасына ашылған контокорренттік есепшот бойынша келесі жазбалар жасалынды:

10 қаңтар - шоттың дебеті 100 мың теңге,

20 қаңтар - шоттың кредиті 50 мың теңге,

15 наурыз - шоттың дебеті 300 мың теңге,

10 мамыр - шоттың кредиті 800 мың теңге,

10 маусым - шоттың дебеті 700 мың теңге,

30 маусым - шоттың кредиті 100 мың теңге.

10 қаңтардағы жазба бағалы қағаздар мен қамтамасыздандырылған, 15 наурыздағы жазба люстрамен қамтамасыздандырылған, 10 маусымдағы жазба, тұрақты қаржылық жағдайға ие Б коммерциялық банктің кепілдемесімен қамтамасыз етілген.

Өз ішіне комиссиялық алым кіретін, ал несиеге пайыз штафелді әдіс бойынша есептелінетін шарттары бар контокорренттік несиені қолданғаны үшін төлемді анықтаңыз.

## 3 тапсырма

А банкі Б фирмасымен контокорренттік келісімге отырады. Контокорренттік келісімге сәйкес, контокорренттік есепшоттың дебеттік сальдосы бойынша борышқор төлейтін пайыз жылдық 10% тең, ал контокорренттік есепшоттың кредиттік сальдосы бойынша кредитор төлейтін пайыз жылдық 5% тең.

Контокорренттік келісімде көрсетілгендей, А банкі операциядағы пайыздан басқа, өз қызметтері үшін комиссиялық алым өндіріп алады. Комиссиялық алым, жылдық 0,5% ставкасы бойынша қарыз құралдары салымының тәуекелдік дәрежесіне тәуелсіз дебеттік сальдо өсімінің сомасынан өндіріп алынады.

Несиелеу лимиті 200 мың теңгеге тең. Бір жылда 360 күн. Контокорренттік келісімге 2003 жылдың 1 наурызында қол қойылды. Келісімнің аяқталу мерзімі 2003 жылдың 1 сәуірі. Келісім оған қол қойылған күннен бастап, ол аяқталған мерзімге дейін өз күшіне ие.

Б фирмасына ашылған контокорренттік есепшот бойынша келесі жазбалар жасалынды:

1 наурыз -	шоттың дебеті	10 мың теңге,
5 наурыз -	шоттың кредиті	20 мың теңге,
15 наурыз -	шоттың дебеті	30 мың теңге,
18 наурыз -	шоттың кредиті	90 мың теңге,
21 наурыз -	шоттың дебеті	40 мың теңге,
31 наурыз -	шоттың дебеті	100 мың теңге.

Өз ішіне комиссиялық алым кіретін, ал несиеге пайыз регрессивті әдіс бойынша есептелінетін шарттары бар контокорренттік несиені қолданғаны үшін төлемді анықтаңыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік несиенің мәні мен маңызы қандай?
2. Мемлекеттік несиенің қызметтері қандай?
3. Мемлекеттік бағалы қағаздар түрлері қандай және оларға сипаттама беріңіз.
4. Мемлекеттік қарыздың түрлері қандай?
5. Мемлекетте қандай несиелік қатынастар пайда болады?

## 9 ТАҚЫРЫП. САҚТАНДЫРУ

Жоспар:

1. Сақтандырудың экономикалық мәні, оның қызмет ету сферасы.
2. Сақтандыру қорлары, оларды құру әдістері және қолдану бағыттары.
3. Нарықтық экономика жағдайында сақтандыру қатынастарының дамуы, сақтандыру ісін коммерцияға айналдыру.

Қолайсыз табиғи, стихиялық күш, кездейсоқ жағдайлар, өндірістік факторлар әрекетімен байланысты экономикалық қатынастар және залалды ақшалай жарналар есебінен өтеу сақтандыру деген дербес категориямен анықталады. Сақтандырудың мақсаты – қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтама-сыз ету үшін азаматтарды, мүлікті, өндіріс процестерін қоғамдық немесе ұжым-дық түрде қорғау. Сақтандырудың негізгі қасиеттері: қатынастың ықтималдық сипаты; қатынастың төтенше сипаты (кез-келген масштабта - мемлекеттік, аймақтық, кәсіпорын немесе оның бөлімшелері, жеке адам деңгейінде).

Қатынастардың бір бөлігі салыстырмалы түрде жалпы сипатта болады және ақша-қаражаттарының сәйкес қорлары кең көлемдегі резервтік қорларды пайдалана отырып, қоғамдық қорғау жүйесі арқылы анықталады. Бұл қатынастар мен қорлар байланысқан және жалпы ұлттық сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен жоюға бағытталған. Ондай жағдайларда тұрақты қорлармен қатар (жалпы мемлекеттік материалдық резервтер, үкіметтің резервтік қорлары) кәсіпорындар, ұйымдар, халықтың өз еркімен жасаған қайырымы есебінен қосымша ақша-қаражаттарын жұмылдыруға болады.

Қатынастардың екінші бөлігі (әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамтамасыз ету) салыстырмалы түрде айтарлықтай тар шеңбердегі қорлар құру және пайдалану арқылы азаматтардың әлеуметтік жағдайын қорғауға бағытталады. Бұл қатынастардың әрекеті халықты әлеуметтік қорғау қажеттілігімен байланысты.

Үшінші бөлігі адамдардың денсаулығы мен жағдайын, олардың мүлкін, сондай-ақ, шаруашылық субъекттерінің мүлкін сақтандыруды білдіреді. Бұл - азаматтарды мүліктік жеке сақтандыру және шаруашылық субъекттерін сақтандыру. Сақтандырудың жалпы жүйесінің салыстырмалы түрдегі дербес бөлігі- медициналық сақтандыру.

Сақтандыру кезінде сақтандыру резервтері мен қорларын қалыптастырудың екі әдісі қолданылады: бюджеттік және сақтандыру. Қор құрудың бюджеттік әдісі бюджет қаражаттарын, яғни барлық қоғамның қаражаттарын пайдалануды білдіреді. Сақтандыру әдісі қорлар кәсіпорындардың, ұйымдар мен халықтың жарналары есебінен құруды қарастырады; жарнаның мөлшері, төлеу тәртібі сақтандыру түріне қарай немесе заңмен, не сақтандыру қатынастарына қатысушылар арасындағы арнайы келісім негізінде анықталады.

Әлеуметтік сақтандыру дегеніміз азаматтар еңбек ету қабілетінен, жұмысы мен денсаулығын қорғаудан айырылған жағдайда оларға материалдық қолдау көрсету үшін қоғамдық өнім құнын қайта бөлу бойынша экономикалық қатынастар жүйесі.

Жұмыстан айырылған жағдайда сақтандыру. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы халықты жұмыспен қамтуға ықпал ету қорынан қаржыландырылады. Ол шаруашылық субъекттер мен басқа жұмыс берушілердің әлеуметтік сақтандыру төлемдерінің бір бөлігінен, еңбек заңдылықтарының кейбір шарттарын, төлемді аудару мерзімдерін бұзғаны үшін төленетін санкциялар сомасынан құралды. Мұнда бюджеттік ұйымдар оларға сәйкес бюджеттерден берілген қаражаттар есебінен төледі; қорды толтыруға мақсатты трансферттер мен гранттар жұмсалды.

Медициналық сақтандыру – бұл денсаулық сақтауды жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтандыру жарналары және сақтандырылған тұлғалардың ауырған, жарақаттанған жағдайдағы залалдарын және медициналық мекемелер шығындарын өтеуге арналған бюджет қаражаттары есебінен қаржыландыру қатынастары. Міндетті медициналық сақтандырудың сақтандыру төлемдерінің мөлшерін еңбек ақы төлеу қорынан үкімет бекітеді және ол өнімнің, жұмыс немесе қызметтің өзіндік құнына кіреді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандырумен қатар мемлекеттік емес зейнетақылық сақтандыру болады. Бұл зейнетақы келісіміне сай жұмыскерлер мен (немесе) олардың жұмыс берушілерінің (еңбек ақының 10%) ерікті жарнасы есебінен қо-сымша әлеуметтік төлемдер және басқадай әлеуметтік қауіп төнген жағдайда ма-мандандырылған мемлекеттік емес зейнетақы қорлары арқылы зейнетақы төлемдерін қалыптастыру жолымен азаматтарды әлеуметтік қорғау қатынастары.

Мүліктік және жеке сақтандыру стихиялық апаттар, шығындарына, апаттарда, өрттен, бақытсыз жағдайларға, сырқаттануға, іскерлік конъюнктураны өзгертуге, тонауға байланысты залалдарды жоюға қолданылады.

Сақтандырудың жалпы категориясының бір бөлігі бола отырып, мүліктік және жеке сақтандыру субкатегория ретінде төмендегі белгілермен ерекшеленеді: сақтандыру кезінде қоғамдық өндіріс сферасында белгілі қауіптің болатындығына негізделген ақшалай қайта бөлу қатынастары туындайды; сақтандыруға залал сомасын қайта бөлген кезде оған қатысушылар арасында тұйық қайта бөлу қатынастары тән; сақтандыру қорының қаражаттары сақтандырушылар арасында пайдаланылады; сақтандыру кеңістікте де, уақытта да залады бөлуді қарастырады; тиімді кеңістікте бөлу үшін үлкен территория және сақтандырушылардың саны қажет; оқиғаның кездейсоқ сипатына байланысты залал бір жылдан да асып кетеді және көптеген жалдырға созылады; сақтандырушылар арасындағы қатынастың эквиваленттігі.

Сақтандырудың экономикалық мәні барлық қатысушалар төлемдері есебінен кездейсоқ оқиғалар салдарынан залал шегетін сақтанушыларға көмек көрсетілетіндігінде.

Сақтандыру қорлары материалдық-заттық жүктеуші, сақтандыру қатынастарының негізі болып табылады, сақтандырушыны оперативтік-ұйымдық жағдайда басқарады, сақтандыруға қатысатын, қатысушы жақтардың сақтандыру мүдделеріне негізделеді. Сақтандыру қорларын басқа қорлардан айрықшалайтын ерекшеліктері: олар алдын-ала тұтыну қорына да, жинақтау қорына да жатқызылмайды. Сақтандыру қоры ұлттық шаруашылықтағы әртүрлі болжанбаған диспропорция-

ны ескертуге арналған қоғамның резервтік қорлары жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сақтандыру қоры сақтандыру төлемдері деп аталатын, шаруашылық субъекттері мен халықтың жарналары есебінен құрылады.

Мүліктік және жеке сақтандыру қызметтері осы категорияның қоғамдық бағытының көрінісі ретінде оған сәйкес келеді, олар: бөлу, ескерту, жинақтау және бақылау.

Сақтандыру қаупі оның негізгі бағыты- қолайсыз оқиғалар залалын өтеумен тығыз байланысты. Осы белгілерге сай сақтандыру салаларға, ішкі салаларға, түрлерге бөлінеді. Сақтандыру формалары – міндетті және ерікті.

Сақтандыруды (сақтандыру объектісі бойынша) екі салаға бөледі: мүліктік және жеке. Мүліктік сақтандыру сақтандырушылар категорияларына қарай ішкі салаларға бөлінеді: ауылшаруашылық кәсіпорындарының жеке, кооперативтік және қоғамдық ұйымдардың мүлкін, мемлекеттік мүлікті, халықтың мүлкін сақтандыру. Сақтандырылған мүліктің түріне немесе тобына байланысты сақтандыруды мынадай түрлерге бөледі: ауылшаруашылық дақылдарын, аңдарды, құрылысты, мемлекеттік, жеке меншік, кооперативтік кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар мүліктерін, үй мүлкін; көлік құралдарын, жеке ауланы; қаржылық қауіпті (оның ішінде банктік операциялар, бағалы қағаз нарығындағы операциялар); жүкті; мұнай операцияларын (мұнайды қазу, өңдеу және тасымалдау) және т.б. сақтандыру.

Мүліктік сақтандыруда міндетті түрде көлік құралдарының барлық түрлерінде тасымалдаған кездегі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі және автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылады. 1996 жылдан бастап, ауылшаруашылық өндірісін (көп жылдық өсімдіктер, ауылшаруашылық жануарларын, қозғалатын және қозғалмайтын мүлікті, ауылшаруашылығының өнімдері мен тауарларын қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлардан және басқа стихиялық апаттардан сақтандыру) міндетті түрде сақтандыру қайта жандандырылды.

Жеке сақтандыру – жеке тұлғаның өмірі, денсаулығына және сақтанушының өзі мен үшінші тұлғаның басқа қасиеттеріне қатысты жеке тұлғаның мүддесін сақтандыру. Жеке сақтандыру азаматтарға олардың өмірінде белгілі оқиға болған кезде белгілі ақша сомасын төлеуден көрінеді. Оған өмірді, денсаулықты, еңбекке қабілетті және адамның жеке тұлғасымен байлансты басқа мүдделерін сақтандыру сияқты ішкі салалар кіреді.

Жеке сақтандыру түрлері: өмірді аралас сақтандыру, балаларды сақтандыру, неке қиюды сақтандыру, қайтыс болған және еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда өмірлік және уақытша сақтандыру; өкінішті жағдайлардың, оның ішінде балаларды сақтандыру; кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар есебінен жұмыскерлерді сақтандыру, әуе, теміржол, теңіз, ішкі су жолдары мен облыс аралық, республика аралық автокөлікте жолаушыларды сақтандыру.

Сақтандыру ұйымына сақтандырудың жаңа аймақтық тәуекелді түрлерін өз беттерінше ашып, енгізуге құқық беріледі. Қазақстандағы сақтандыру арқылы қорғау түрлері мынадай болып келеді: ұзақ мерзімді жинақтаушы сақтандыру - өмірді аймақтық сақтандыру, жер сілкіну жағдайын сақтандыру, әскерге шақы-

рылғандарды сақтандыру, әйелдердің босану жағдайын сақтандыру, жануарларды ұрлау жағдайын сақтандыру, уақытша орын ауыстырылған мүлікті (демалыс кезінде алып жүрген, іссапарға және басқаларға алып жүрген) сақтандыру, азаматтар жеке меншігіне алған пәтерді сақтандыру. Коммерциялық банк секторын дамыту жеке тұлғалардың банктік депозиттерін сақтандыруды енгізу қажеттілігін тудыр-ды. Әскери қызметкерлердің, ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздіктің, салық қызметінің жеке құрамы міндетті түрде сақтандырылады.

Сақтандыру түрлері екі бағытта құрылады: азаматтар мүлкін белгілі қауіптен және қауіп-қатер тобынан сақтандырушының қалауына қарай сақтандыруға мүмкіндік беру; кез-келген мүлікті толығымен емес, материалдық құндылықтарды жеке-жеке сақтандыруға мүмкіндік беру.

Тест тапсырмалары:

1. Қайта сақтандыру – бұл

- а) сақтандыру шығындарының сомасы
- б) кезең бойынша сақтандырушысының табыстар сомасы
- в) валюталық қатерлердің қата сақтандыруы
- г) валюталық қатерлердің сақтандыру әдісі
- д) бір сақтандырушыдан басқаға сақтандыру бөлек объектілерінің немесе қатер бөлігінің берілуі

2. Сақтандыру – бұл

- а) сақтандыру қорын бөлу бойынша қаржылық қатынастар
- б) сақтандыру қорының есебінен сақтандыру жағдайы болғанда шаруашылық жүргізуші субъектінің және азаматтардың мүліктік қызығушылықтарын қорғау бойынша қатынастар
- в) бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары есебінен сақтандыру жағдайы болғанда азаматтардың құқықтарын қорғау бойынша қатынастар
- г) бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары есебінен мемлекеттік қызығушылықтарды қорғау бойынша қатынастар
- д) жеке тұлғалар арасында қаржылық қатынастардың формасы

3. Сақтандыру түрлеріне келесі жатпайды

- а) жеке сақтандыру
- б) мүліктік сақтандыру
- в) жауапкершілікті сақтандыру
- г) қайта сақтандыру
- д) ерікті сақтандыру

4. Сақтандыру формалары

- а) міндетті және ерікті
- б) республикалық, жергілікті
- в) жүктерді сақтандыру

- г) қаржылық қатерлерді сақтандыру
- д) жауапкершілікті сақтандыру

5. Міндетті сақтандыру – бұл

- а) мемлекеттік мекемелердің сақтандыруы
- б) сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы келісім негізінде жасалатын сақтандыру
- в) ҚР заңнамасының күшіне сәйкес жүзеге асырылатын сақтандыру
- г) коммерциялық несиенің сақтандыруы
- д) коммерциялық мәмілені сақтандыру

6. Ерікті сақтандыру – бұл

- а) мемлекеттік мекемелердің сақтандыруы
- б) сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы келісім негізінде жасалатын сақтандыру
- в) ҚР заңнамасының күшіне сәйкес жүзеге асырылатын сақтандыру
- г) коммерциялық несиенің сақтандыруы
- д) коммерциялық мәмілені сақтандыру

7. Сақтандырудың түрлілігі – бұл

- а) мемлекеттік мекемелердің сақтандыруы
- б) сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы келісім негізінде жасалатын сақтандыру
- в) ҚР заңнамасының күшіне сәйкес жүзеге асырылатын сақтандыру
- г) коммерциялық несиенің сақтандыруы
- д) коммерциялық мәмілені сақтандыру

8. Сақтандыру келісімінде (сақтандыру полисінде) ескертулер және шарттар былай аталады

- а) франшиза
- б) сақтандырушылық толтыру
- в) сақтандыру сомасы
- г) сақтандыру салымы
- д) сақтандыру жағдайы

9. Сақтандыру санатына жатқызбайды

- а) франшиза
- б) сақтандырушылық толтыру
- в) сақтандыру сомасы
- г) сақтандыру салымы
- д) сақтандыру жағдайы

#### 10. Сақтандыру жағдайы

а) құндылықтар, өмір саөқтандырылған келісіммен анықталған немесе заңмен орнатылған ақша сомасы

б) сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру сақтандырушының міндеті пайда болатын сақтандыру келісімімен немесе заңмен қарастырылған жағдайдың қалыптасуы

в) үшінді тұлғалар алдында материалды зиян үшін мүліктік сақтандыруда және азаматтық жауапкершілік сақтандыруда зиянды жабуына сақтандыру қорынан төлем сомасы

г) зияндарды толтырудан сақтандырушының босатылуы

д) зиян үшін сақтандырушы жауапкершілігінен босатылуы

#### 11. Сақтандыру сомасы

а) құндылықтар, өмір саөқтандырылған келісіммен анықталған немесе заңмен орнатылған ақша сомасы

б) сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру сақтандырушының міндеті пайда болатын сақтандыру келісімімен немесе заңмен қарастырылған жағдайдың қалыптасуы

в) үшінді тұлғалар алдында материалды зиян үшін мүліктік сақтандыруда және азаматтық жауапкершілік сақтандыруда зиянды жабуына сақтандыру қорынан төлем сомасы

г) зияндарды толтырудан сақтандырушының босатылуы

д) зиян үшін сақтандырушы жауапкершілігінен босатылуы

#### 12. Сақтандырушылық толтыру

а) құндылықтар, өмір саөқтандырылған келісіммен анықталған немесе заңмен орнатылған ақша сомасы

б) сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру сақтандырушының міндеті пайда болатын сақтандыру келісімімен немесе заңмен қарастырылған жағдайдың қалыптасуы

в) үшінді тұлғалар алдында материалды зиян үшін мүліктік сақтандыруда және азаматтық жауапкершілік сақтандыруда зиянды жабуына сақтандыру қорынан төлем сомасы

г) зияндарды толтырудан сақтандырушының босатылуы

д) зиян үшін сақтандырушы жауапкершілігінен босатылуы

#### 13. Франшиза түрлері

а) жауапкершілікті сақтандыру

б) қайта сақтандыру

в) келісімді

г) міндетті

д) шартты және шартсыз



14. Пропорционалды жауапкершілік жүйесі бойынша сақтандыру кезінде сақтандырудың толтыру шамасын есептеңіз. Сақтандыру объектісінің құны 10 млн. теңге; сақтандыру сомасы – 5 млн. теңге; объектінің бұзылуы нәтижесінде сақтанушы зияны – 4 млн. теңге

- а) 20 млн. теңге
- б) 0,4 млн. теңге
- в) 2,5 млн. теңге
- г) 2 млн. теңге
- д) 0,5 млн. теңге

15. Сақтандыру операцияларының қаржылық тұрақтылығы келесімен сипатталады

- а) бірінші қатер жүйесі
- б) сақтандыру жағдайларының жиілігі
- в) қатердің кумуляция коэффициенті
- г) сақтандыру қорының бюджетінің шығындары
- д) сақтандыру қоры бойынша толығымен сақтандырушы шығындарынан табыстарының артуы немесе қаражаттардың дефициті

16. Сақтандыру қорының қаржылық тұрақтылық коэффициентін анықтаңыз, егер тарифті кезең бойынша сақтандырушы табыстарының сомасы – 60 млн. теңге; оның шығындарының сомасы – 50 млн. теңге; қосымша қорларда қаражаттар сомасы – 5 млн. теңге

- а) 0,833
- б) 1,3
- в) 0,92
- г) 1,2
- д) 1,5

Бақылау сұрақтары:

1. Сақтандырудың экономикалық мәні қандай?
2. Сақтандыру қорларының қолдану бағыттарын атаңыз.
3. Сақтандыру қорларын құру әдістері қандай?
4. Қандай жағдайлармен сақтандырудың қажеттілігі туындайды?
5. Сақтандыру қатынастарының табиғаты қандай?
6. Қоғамдағы сақтандыру қатынастарының бөлігі ретінде мүліктік және дербес сақтандыру ерекшеліктері қалай айқындалады?
7. Мүліктік және дербес сақтандырудың сақтандыру қорларының ерекшеліктері неден тұрады?
8. «Мүліктік және дербес сақтандыру» экономикалық субкатегориясы қандай қызметті орындайды?
9. «Сақтандыру ісі» түсінігі өзіне нені қосады?
10. Нарықтық экономика жағдайында сақтандыру қатынастарының дамуы жайлы айтыңыз.

## 10 ТАҚЫРЫП. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ

Жоспар:

1. Мемлекеттік қаржылық реттеу түсінігі, оның қажеттілігі.
2. Экономиканы қаржылық реттеуді топтастыру.
3. Салықтық-бюджеттік реттеу.

Экономиканы мемлекетті қаржылық реттеу – мемлекеттің қызметінің әр сатысында экономиканы дамытудың макроэкономикалық тұрақтылығына ықпал ету үшін шаруашылық субъекттерге қаржылық ықпал ету формалары мен әдістерін мақсатты түрде және рет-ретімен қолдануы.

Мемлекеттік реттеу типтері - экономикалық (оның қаржылық, бағалық, несиелік, валюталық, еңбек ақы сияқты бөліктерімен қоса) және әкімшілік. Реттеу түрлері - салықтық, бюджеттік, мемлекеттік-несиелік, кедендік-тарифтік, валюталық-қаржылық, ішкі шаруашылық. Реттеу формалары: бюджеттік сферада - субвенция, субсидия, трансферттер; салық сферасында – тікелей және жанама салық салу; валюталық қаржылық сферада – сыртқы инвестициялау, сыртқы займалар, сыртқы қарыз.

Топтастырудың саны көп элементіне реттеу әдістері жатады, олар жекеленген формалар үшін ерекше болуы (мысалы, салықта ставка әдісі, займада айналдыру) немесе бірнеше формада (мысалы, бюджет пен кәсіпорынның қаржылық жоспарында теңестіру, осы формаларда резерв құру әдісі, т.б.) қолданылуы мүмкін.

Нарықтық экономикада реттеудің жанама әдістері басымырақ болады. Бірақ елдің экономикалық дамуындағы стихиялық құбылыстарға жол бермеу мақсатында мемлекет нарықтық механизмдердегі ақпаратқа қажет заңдық нормалар мен нормативтер жасайды.

Нарықтық экономикада мемлекеттік қаржылық реттеудің маңызы зор. Бұл ақшалай, несиелік, қаржылық қатынастар сферасында реттеушілерді қолданудағы, ел экономикасын басқарудың барлық органдарының жұмысындағы, Қазақстанның халықаралық экономикалық байланыстарды ұйымдастыруындағы белсенділікпен байланысты.

Оның сыртында, «сұраныс экономикасы» теориясы салықтардың төменгі ставкалары салық түсімдерін азайтпайды, керісінше, оны салық базасын кеңейту, яғни ұлттық өндіріс пен табысты өсіру есебінен көбейтеді.

Салықтың инвестициялық саясатқа ықпалының теориялық түрдегі дәлелі-не америкалық ғалым – «сұраныс экономикасының» өкілі А. Лаффэр жасаған салық салудың прогрессивтігі мен бюджет табысы арасындағы тәуелділік жатады. Осы теорияға сәйкес салық ставкаларының белгілі шекке дейін өсуі салық табыстарын өсіреді, одан кейін өсім баяулайды, ал одан кейін бюджет табысы күрт төмендейді. Осыдан экономиканы, инвестициялық белсенділікті ынталандыру мәселесін салық ауыртпалығын түбірімен жеңілдету жолында шешу керек деген қорытынды шығады. Экономиканы қозғаушы күш - шаруашылық агенттердің нарыққа бейімделген экономикалық қызметке мүдделілігі. Егер бұл қызмет оларға

тиімді болса, онда ұдайы өндіріс интенсивті қарқынмен жүріледі. Ал нарықтық нәтижелі қызметі айтарлықтай жоғары және прогрессивті салықтар түріндегі күшті дискриминацияға тап болса, онда экономикалық белсенділік төмендейді. Лаффердің ойынша, салық түрінде кәсіпкерлер мен халықтың табысының барлық сомасының 30% артығын бюджетке алуға болмайды.

Салықты азайту, салық салудың шекті нормасын төмендету экономикаға, салық базасына үш жақты ынталандырушы ықпал етуі мүмкін: салық базасы нарыққа ұсынылған еңбек пен капитал санын және өндірістің ұлғаймалы көлемін ұлғайту салдарынан өсе түседі; нарықта бұрын қолданылған еңбек пен капитал аз салық салынатын сферадан шаруашылық қызметінің жоғары деңгейде салық салынатын сферасына ауысады (мұнда капиталды сфера бойынша бөлу жақсарып, нәтижесінде экономиканың жалпы тиімділігі артады); экономикалық агенттердің белгілі бөлігі «заңсыз экономикадан» заңды, «бағасы белгіленген» экономикаға шыға отырып, салықтан бас тартуды азайтады. Бірақ салық ұсыныстан қарағанда, сұранысқа тезірек ықпал ететінін ескеру қажет. Қысқа мерзімде салықтың төмендеуі жиынтық сұранысты өсіреді және бюджетке салықтық түсімдерді азайтады. Ал ұсыныс факторлары (жинақ, инвестиция, еңбекке деген стимул) әрекетінің инерциялығына байланысты салық-тың ұсынысқа ықпалы ұзақ мерзімді сипатта болады.

Тауарлық салықтар өдірушілер мен мемлекеттің тұтынушыларының ортақ мақсатқа қолданатын қаражаттарының бір бөлігін қоғамға беруді білдірмейді. Олар қоғам үшін тиімділігінен айырады. Бұл құбылыс артық салықтың ауырлығы деп аталады. Жеке табыс салығын салу фискальдық маңызымен қатар маңызды әлеуметтік қызмет атқарады, яғни халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының табысын теңестіреді. Бұл қызметті әлеуметтік бағдарламалар бойынша бюджеттік шығындар да атқарады, нәтижесінде табысы төмен халық айтарлықтай жоғары табысы бар топқа көшеді. Сөйтіп, әлеуметтік теңсіздік азаяды. Салық ставкасымен мөлшерімен, сәйкесінше, салықты алу мөлшерімен байланысты салықтық реттеудің маңызды аспектісі ішкі жинақты «ұстап тұру» және шетел инвестициясын тарту болып табылады. Жоғары деңгейдегі салықтар капиталдың салық ставкалары төмен, салықтық климаты қолайлырақ елдерге «ауысуына» әкеп соғады. Бұл факторға салық салу ставкасы төмен немесе тіпті жоқ «оффшорлық зона-лардың» болуы да ықпал етеді. Екінші жағынан жоғары салық ставкалары шетел капиталының елге келуіне кедергі жасайды, ішкі жинақ жетіспеген жағдайда экономиканың өсімін тоқтатады. Сондықтан салықтық реттеу аталған факторларды ескеріп, экономикалық байланыстағы елдердің салықтық жағдайларын теңестіруге ықпал етуге тиіс.

Мемлекеттік қаржы – мемлекеттік қаржы ресурстарын қалыптастыру үшін және алынған қаражаттармен мемлекеттің қызметін атқару үшін қоғамдық өнімнен ұлттық байлықтың құндылығын бөлу және қайта бөлуге қатысты ақша қарым-қатынасы.

Ақша қарым-қатынасының субъектілері: азаматтар, мемлекет және өндірістік қоғамда.

Мемлекеттік қаржылар үшін мемлекеттік шығыстардың өсуінің жалпы мемлекеттік өнімнің өсуінен жоғары болуы сипатты болып келеді және де бұл Вагнер заңы деп аталады.

Вагнер заңы 3 факторлармен байланысты:

- экономиканың өсуіне байланысты экономикалық өмірдің қиындауы және еңбек бөлінуінің тереңдеуі тиімді экономиканы қолдауды қажет етеді;

- техника және технологиялық дамулар үлкен мөлшерде капитал қажеттіліктерін қажет етеді. Оларды акционерлік қоғам мен мемлекеттік корпорациялар қамтамасыз етеді. Мемлекет техникалық шаралар арқылы монополиялық өнірістер пайда болатын жерде олардың қызметін реттеуші ретінде қатысуы керек;

- мемлекет білім беру және денсаулық саласында белсенділік танытады. Өйткені бұл салалардан түсетін пайда экономикалық бағалауда төзімді болып келеді.

Мемлекеттік қаржы ұғымында жеке дара звенолардың әрқайсысы спецификалық орын алады.

Мемлекеттік қаржылар құрамына кіретіндер:

- мемлекеттік бюджет;

- бюджеттік емес қорлар;

- мемлекеттік несие;

- мемлекеттік қоғамның қаржылары.

Мемлекеттік басқару деңгейі бойынша экономикалық және әлеуметтік салада мемлекеттік қаржылар республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

Бюджеттік қарым-қатынас мемлекеттік қаржы құрамында маңызды рөл атқарады. Бюджеттік өзара байланыс арқылы ақша қаражаттары қайта бөлінеді, яғни шаруашылық мекемелерден мемлекеттік пайдасына және керісінше.

Бұл экономикалық процесті реттеу үшін өндірістік күштерді орнатуы, территориялық инфрақұрылымның дамуы үшін қолданылады. Әлеуметтік шығындарды қаржыландыру барысында үлкен рөлді жергілікті бюджет атқарады.

Бюджеттік емес қорлар жеке мақсатты іс-шараларды аударымдармен және басқа да дерек көздермен қаржыландыру.

Мемлекеттік несие қарым-қатынастар мекеменің уақытша бос ақша-қаражаттарын мобилизациялаумен байланысты, оларды мемлекеттік мекемеден берілуі мемлекеттің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін керек. Мемлекеттік қаржылар меншіктің жіктелу тұрғысынан қарағанда мемлекеттік заңды тұлғаның меншігі және мемлекеттік қазына болып табылады.

Мемлекеттік заңды тұлғаның бөлігі заңды түрде жеке дара болып табылады және мемлекеттік қаржылардың негізін құрайды.

Мемлекеттік қазына 2-ге бөлінеді:

- республикалық;

- жергілікті.

Республикалық қазына жүйесі:

- республикалық бюджет қаражаттары;

- алтын валюта қорлары;

- тек қана мемлекеттік меншігіндегі мүліктер (жер, флора мен фауна, табиғи ресурстар);

- республикалық меншікке жататын жеке дара емес мүлік.

Жергілікті қазына жүйесі:

- жергілікті бюджет қаражаттары;

- коммуналдық меншікке жататын жеке дара емес мүлік.

Осыдан барып мемлекеттік қаржылардың рөлі бөлінеді, яғни мемлекеттік қаржылар - әр анықталған тіршілік ету кезеңінде үкіметтің экономикалық функциялардың орындалуын және қоғамның дамуының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу түсінігі немен бекітіледі, оның алғышарттары және шарты?

2. Экономиканы мемлекеттік реттеу қалай сыныпталады?

3. Макроэкономикалық тепе-теңдікті түсіндіруде қандай қайшылықтар болады?

4. Шығындар бойынша ЖІӨ-ге қандай құрайтындар қосылады?

5. Табыстар бойынша ЖІӨ-ді қандай элементтер құрайды?

6. Шығындардың мультипликаторы өзіне нені қосады?

7. Макроэкономикалық тепе-теңдік жүйесінде салықтардың мультипликаторы қалай жұмыс істейді?

## 11 ТАҚЫРЫП. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ

Жоспар:

1. Қаржы нарығының мәні және оның құрылымы.
2. Бағалы қағаздар нарығы - қаржы нарығының құрамдас бөлігі.
3. Қор биржалары.

Қаржы нарығы - бұл, ең алдымен дербес экономикалық категория ретінде бағалы қағаздарды сату мен қайта сату жөніндегі операцияларды жүзеге асыру жолымен кәсіпорындардың, фирмалардың, банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтық институттарының, мемлекеттің және халықтың уақытша бос ақшасын жұмылдыруды, бөлуді және қайта бөлуді қамтамасыз ететін нарықтық қатынастардың жиынтығы. Ол нарықтық қатынастар жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады және тауар, ақша, кредит, сақтық, валюта және басқа рыноктармен (капитал, жұмыс күші, тұрғын үй, жер, алтын және т.б. рыноктармен) етене байланысты.

Кез-келген субъектінің қаржы ресурстарына қажеттілігі және оны қанағаттандырудың нақты көздерімен тура келмеуі қаржы нарығының жұмыс істеуінің объективті алғышарттары болып табылады. Қаржы нарығы жұмыс істеуінің алғышарттары мыналар жатады:

1. Бәсекенің дамыту мен монополизмді шектеу мақсатындағы материалдық өндіріс сферасының бастапқы шаруашылық буындарының- меншіктің барлық нысандары кәсіпорындардың, соның ішінде мемлекеттік сектордың да кең дербестігі.

2. Қаржы ресурстарын қайта бөлудегі мемлекет рөлінің қысқаруы: өндірістік күрделі жұмсалымдарды орталықтан қаржыландырудың, қаражаттарды кәсіпорындар арасында ішківедомостволық қайта бөлудің азаюы.

3. Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың бағалы қағаздарға және басқа активтерге инвестицияланатын ақшалай табыстылығының өсуі бюджет тапшылықтарын қаржыландыру үшін несие қорын пайдалануды тоқтату республикалық, сондай-ақ жергілікті бюджеттің тапшылықтары мемлекеттік қарыздарды шығару арқылы жабылуы тиіс.

Қайсы бір ел болмасын, оның экономикалық жүйесі ең алдымен өзара байланысты үш жүйеден тұрады: мемлекеттік қаржы, экономикалық бастапқы буынының қаржысы (кәсіпорындар, ұйымдар және т.б.) және халықтың қаржысы. Бұдан басқа экономиканың қаржы жүйесіне, шаруашылықтың – бірлестіктер, трестер, ассоциациялар, концевейерндер сияқты әртүрлі типтерінің, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың қаржылары да жатады. Өндірістің салалық ерекшеліктеріне байланысты өндіріс қаржылары, құрылыс қаржылары, сауда қаржылары, әлеуметтік сала қаржылары және т.б. болып та бөлінеді. Осы қаржы жүйесінің маңызды буындарын қысқаша сипаттайық.

Мемлекеттік қаржы – бұл мемлекеттің өзіне міндетті қызметін атқару үшін қажетті (халық шаруашылығын басқару, қорғаныс, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қорғау және т.б.), ақша қорларының жүйесі.

Экономиканың алғашқы буындарының қаржылары – бұл кәсіпорынның өндіріс пен ұдайы өндіріс процесін қамтамасыз ететін, оның шаруашылық шеңберінен аспайтын ақша қорларының жүйесі.

Халықтың қаржысы – бұл тұрғындардың еңбек ету, шаруашылық жүргізу және басқа қызметтер негізінде алатын табыстарынан қалыптасатын ақша қорлары. Халық бұл қорларды өзінің меншігі мен әл – аухатын жоғарылату мақсатында жұмсайды. Соңғы екі жүйенің есебінен мемлекеттік қаржы үшін қаражаттар жиналады. Бұрын кері байланысы бар: мемлекеттік қаржыда шоғырланған қорлар көлемді инвестиция, субсидия және дотация түрінде халық шаруашылығына қайта оралып келеді. Сондықтан барлық қаржы жүйесінде мемлекеттік қаржы шешуші роль атқарады.

Қаржы нарығы бағалы қағаздар, қарыз, валюта және капитал нарығынан құралады. Оны жасаудағы басты мақсат уақытша бос ақша қаражаттарын мемлекеттің, кәсіпорындардың және акционерлік қоғамдардың мұқтаждарына жұмылдырып жұмсау болып табылады. Әкімшілік- әміршілдік басқару жүйесі жағдайында қаржы нарығының қызметін мемлекеттік бюджет, министрліктердің қаржы жоспары, банктердің несие жоспары және т.б. атқарған болатын.

Экономикалық реформа, кәсіпорындардың дербестігін арттыру және шаруашылық жүргізудің жаңа нысандарына өту жағдайында қаржы ресурстарының әдеттегі әдістерін қолдану шектеле бастады. Сонымен қатар, қаржы ресурстарын министрліктер арқылы салааралық бөлу біршама қысқарды. Бұның өзі кәсіпорындардың қосымша қаржы ресурстарын өз бетінше тұтыну және оларды сату арқылы қаржы нарығын құруға қолайлы жағдай жасады.

Қаржы нарығы өзіне тән инфрақұрылымы және жаңа принципті ақпаратты ағымы бар күрделі экономикалық қатынастар саласы. Сондықтан қаржы нарығын құру үшін бағалы қағаздарды эмиссиялау, қаржы инфрақұрылымын құру және ақпаратпен қамтамасыз етуге байланысты жүйелі мәселелерді зерттеу қажеттілігі пайда болды. Өтпелі кезеңде қаржы нарығының дамуы қаржы-несие жүйесін қайта құру проблемасын туғызады.

Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, нарықты экономикаға тән қаржы қатынастарының екі типі- бюджеттік және нарықтық бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мемлекеттік бюджет пен басқа деңгейдегі бюджеттер, сондай- ақ кейбір бюджеттік емес орталық қаржы қорлары кәсіпкерлік табыс және азаматтардың табысының бір бөлігін алу жолымен құрылады және оны мемлекеттің мақсатына сәйкес қайтарылымсыз бюджет қаражатымен бөлу арқылы пайдаланылады.

Ақша ресурстарын бюджеттік пайдалану нарықтық пайдаланумен толықтырылуы қажет. Қаржы нарығында ақша толыққанды тауар ретінде көрінеді және оны пайдаланудың бағасы нарық заңына сәйкес, сұраным мен ұсыным негізінде орнығады. Қаржы нарығы жағдайында – кәсіпорындар, ұйымдар және адамдар ақша қорлары арқылы жасалған табыстарын, ал халық шаруашылығы қосымша қаржы көздерін тұрақты алуға талпынады. Бұндай нарық капиталынсыз кәсіпорындардың шын мәніндегі өзін – өзі қаржыландыруы мүмкін емес.

Қаржы нарығы жоқ жағдайда ақша –ресурстарын бюджеттік әдіспен пайдалану басым болады. Ондай әдіс біздің осы уақытқа дейін жүргізілген шаруашылық механизміне тән болады. Ақша ресурстары мемлекеттің қолында шоғырланды және мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табыстың үштен екісі қайта бөлінді. Несие жүйесінде тек мемлекеттік банкілер жұмыс істеді, ал олардың қызметтерінде кәсіпкерлік белсенділік болмады. Бюджет қаражаттары және несие ресурстары, оларды пайдаланудың тиімділігі ескерілмей «тек жоспар бойынша ғана» бөлінді. Осындай саясаттың нәтижесінде шығынмен жұмыс жасайтын рентабелділігі (табыстылық) төмен кәсіпорындар қаржыландырылды, жұмысты ұқыпсыз жүргізу жасырылды, сөйтіп мемлекеттік бюджеттің тапшылығы күшейді. 1965 жылы басталған шаруашылық реформалардың нәтижесінде кәсіпорындардың қаржы ресурстары едәуір өсті, бірақ оларды пайдалану қатаң бақылауда болды. Қаражаттарды кәсіпорындар, кәсіпорындар мен адамдар, кәсіпорындар мен банкілер арасында қайта бөлуге тиым салынды. Кәсіпорындардың қаржылары олардың банкідегі есеп шоттарында процентсіз сақталды.

Бізге қаржы нарығын қалыптастыруда батыл қадамдар жасау міндеттері, яғни бағалы қағаздар нарығын құру, несие жүйелерін коммерциялық және кәсіпкерлік негізге көшіру, сондай-ақ қаржы нарығының инфрақұрылымын дамыту қажеттігі тұр.

Нарық қазір өз алдында қызмет ететін жүйеге айналды да, оның басты тетіктері «сұраныс», «баға» және «ұсыныс» болады, олардың бірлігі «нарық» деген ұғымды құрайды.

«Нарық экономикасы» – деген ұғым «өндіріс» «тұтыну» дегенді білдіреді.

Нарық экономикасындағы қаржылар ондағы нарық экономикасына, яғни сұраныс, баға, ұсыныс, өндіріс және тұтынуға реттеуші механизмді тікелей және жанама қоса тіркейді. Нарық бірінде сатып алу, сату объектісіне тән дәстүрлі тауарлар мен бірге қызмет көрсету, еңбек, ақша, капитал, бағалы қағаздар, информация және интеллектуалды жетістіктерді біріктіреді. Соңғы жылдары өте ерекше твауарлар, оларды сатып алу, сату рыноктың жаңа сапада болуын талап етеді. Ол нарықтық материалдық-техникалық жүйесі. Сатушы мен сатып алушылардың кәсіпкерлік білімі және айырбастың механизміне де сапалық өзгерістер енгізеді.

Мемлекет тарапынан экономикалық процестерді реттеу кез келген қоғамдық жүйенің, соның ішінде қаржыны басқарудың ажырағысыз элементі болып табылады.

Экономиканың қаржылық қатынастары әдетте екі нысанда- өзін өзі реттеу мен мемлекеттік реттеу нысанында жүргізіледі. Қоғамдық өндірістің түрлі буынджарында қаржы базасын қалыптастырудың шаруашылық жүргізуші субъектілердің өздері жасап, пайдаланатын әдістерімен сипатталады. Екінші нысаны қоғамдық өндірістің даму проіесіне мемлекеттің сан алуан экономикалық тетіктері, соның ішінде қаржы тұтқалары арқылы араласуын бейнелейді.

Нарықтық экономиканы қаржылық реттеу- бұл макроэкономикалық тепе-тендікке және экономиканың жұмыс істеуінің әрбір нақтылы кезеңінде оның



үдемелі дамуына әсер ету үшін, сондай-ақ қаржы ресурстарын шебер пайдаланудың күнделікті процесін қамтамасыз ету үшін шаруашылық жүргізуші субъектіге мемлекеттің қаржылық ықпал жасауының нысандары мен әдістерін мақсатты және дәйекті қолдану процесі ретінде сипатталады.

Нарықтық экономикадағы мемлекеттік қаржылық реттеуді жүзеге асырудың алғышарттары:

– қоғам дамуының объективті экономикалық заңдарының іс-қимылын есепке алу;

– қоғамның барлық мүшелерінің түпкілікті мүдделерін білдіретін қоғам дамуының ғылыми негізделген стратегиялық бағдарламасын әзірлеу;

– көзқарастарды білдіретін демократиялық жүйенің болуы және халықтың барлық жіктерінің, әлеуметтік, ұлттық топтарының мүдделерін еркін білдірудің мүмкіндіктеріне арналған олардың демократиялық институттарының болуы;

- шаруашылық қызметте қылықтың нормасы мен ережесінен шегіністі айқын және жедел сезінетін елде жасқы жолға қойылған заңнамалық жүйенің болуы.

Нарықтық экономикадағы мемлекеттік қаржысын реттеудің нақтылы жүзеге асырудың шарттары мыналар:

– экономиканы құрылымдық жағынан қайта құру;

– басқарудың барлық деңгейлерінде және меншіктің барлық нысандарында шаруашылық процестер мен құрылымдарды монополиясыздандыру;

– нарықтық бастамаға, коммерциялық қызметтің, заңдағы ескертпелерден басқа қызметтің бірдей барлық түрлеріне еркіндік беретін барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер меншігінің бүкіл нысандарының шынайы теңдігін жасау негізінде бәсекені, кәсіпкерлікті дамыту.

Нарықтық экономикадағы қаржыны экономикалық, соның ішінде қаржылық нысандар мен әдістер арқылы жанама реттеме іс-әрекет етеді. Дүниежүзілік практика мынадай реттеушілерді жасады: салық салуда-салықтардың мөлшерлемелері, салық салу жөніндегі жеңілдіктер мен санкциялар, табыстарды, мүлікті, активтерді мағлұмдамалау, аванс төлемі және басқалары; бюджеттен қаржыландыру кезінде- шығыстарды нормалау, қаражаттардың пайыздық аударымдары, бюджет тапшылығын қаржыландырудың әдістері, бюджет артығын пайдалану; амортизацияның нормалары, кәсіпорындардың, фирмалардың қорларына аударылатын аударымдардың нормативтері, әлеуметтік қамсыздандырудың нормативтері және басқалары. Бұл реттеушілер ақша (қолма-қол және қолма-қолсыз ақшалар, эмиссияның көлемі, валюталық бағам), кредит (кредит үшін сыйақылары, есеп мөлшерлемесі мен ұлттық банктердің резервтік талаптары, ашық нарықтағы ұлттық банк операцияларының ауқымы), баға (реттелмелі бағалардың деңгейі, еркін және тіркелген бағалардың арақатынасы, рентабелділіктің шекті деңгейі) реттеушілерімен толықтырылады.

Нарықтық экономикадағы мемлекеттік қаржылық реттеу валюталық-қаржылық реттеудегі негізгі әдістері болып табылады: валюталық бағам, ақша капиталының пайыздық мөлшерлемелері, халықаралық төлем қаражаттары мен

бағалы қағаздардың бағамдары, валюталық тәуекелдіктерді сақтандырудың сан алуан әдістері.

Қазақстан Республикасының жоспарлы экономикадан түбегейлі жаңа, нарықтық тетіктер реттейтін экономикаға өтуі елімізде қаржы нарығын және оның қызметін қамтамасыз ететін институттардың құрылуын талап етеді. Бұл өте күрделі және ауқымды мақсат. Көптеген жылдар бойы елімізде шын мәнінде де қаржы нарығы, не оның инфрақұрылымы, яғни коммерциялық және инвестициялық банктер, биржалар, сақтандыру қорлары болған жоқ. Қаржы саласының барлығын мемлекет айырықша (монополиялы) құқықпен өзіне қаратып, барлық кіріс көздерін халықтың қажетін өтемейтін міндеттерге жұмсап отырды. Оған дәлел мынадай мысал, ұлттық жалпы өнімнің заттай құрылымының тек 3/4 бөлігі ғана өндірістік құрал-жабдықтарды ұлғайтуға жұмсалған. Негізгі құрал-жабдықтар соғыс-өнеркәсіп кешеніне жұмсалғандықтан халық игілігіне қолдануға жарамаған. Елімізде «ұзаққа созылған тапшылық экономикасы» қалыптасып, ол тек тұрмыстық игіліктің өткір кемшілігін ғана емес, сонымен қатар үнемі рухани кемшілік-ті де тудырды. Сондықтан, шаруашылықты ұйымдастыру мен оны басқаруды жаңа әдіспен жүргізу объективі қажеттілік еді.

Нарықтық экономика - адамзат өркениеттілігінің ең жоғарғы жетістігі және өндірісті ұйымдастырудың ең тиімді түрі екендігін дүниежүзі мемлекеттерінің көпшілігінің өркендеу тәжірибесі дәлелдеген ақиқат шындық. Ал Қазақстан Республикасы үшін шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістеріне өту - тек ашық нарыққа өту ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік экономикалық саясаттағы субъективизмнен (әділетсіздіктен) бас тарту.

Шаруашылықты нарықтың әдістермен жүргізу қаржы нарығының мол мүмкіндігін пайдалануды талап етеді. Қаржы нарығы - мемлекеттің бүкіл ақша қорларының жиынтығы. Бұл қорлар экономиканың әртүрлі субъектілерінің сұранысы мен ұсынысы әсерінен өзгеріп отырады және үнемі қозғалыста болады. Қазіргі кезде дүниежүзінде АҚШ-тың, Еуропа Одағы мен Жапонияның қаржы нарығы ең үлкен қорларды иемденуде. Ал Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға өтпелі кезеңінде оның қаржы нарығының қоры мол, өз өркендеуіне жетеді деуге әзірше ерте.

Жалпы қаржы нарығы біріне-бірі байланысты және бірін-бірі толықтырып тұратын, бірақ әрқайсысы өз алдына қызмет жасайтын нарықтардан тұрады:

Біріншіден, айналымдағы қолма-қол ақша нарығы және оған қолма-қол ақша қызметін атқаратын қысқа мерзімді төлем құралдары (вексельдер, чектер және с.с.) жатады. Қазақстан Республикасының ақша нарығы қазіргі кезде айналымдағы қағаз ақшаның құнсыздануына (инфляцияға) ұшырауда.

Екіншіден, қарыз капиталы нарығы, яғни қысқа және ұзақ мерзімді банктік несиенің нарығы. Коммерциялық банктер қысқа мерзімді несиені қайтарылуына көзі жеткенде ғана жоғары проценттік өсіммен береді. Бұл несиені өзінің айналым қаржысы жоқ кәсіпорындар алуға мәжбүр. Негізгі қорларды құруға және оларды жаңартуға проценттік өсімі өзгеріп, қайта қаралып отыратын ұзақ мерзімді несиені береді.

Үшіншіден, бағалы қағаздар нарығы - бұл нарықтың кейбір белгілері КСРО-да Қазан революциясына дейін болғанымен, соңғы 70 жыл бойы оның ешқандай өсу белгісі болған жоқ. Ал өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда, басталған нарықтық қатынастар даму және жетілу үшін белгілі бір уақыт қажет. Себебі, нарық меншік қатынастарын және мемлекет пен жергілікті басқару органдарының қаржы саясатын өзгертуден басталады. Айта кету керек, нарық ең бірінші меншікті жекеменшіктендіру және мемлекеттік кәсіпорындарды акцияландырудан басталады. Қазіргі кезде егемен жас мемлекеттер бюджет тапшылығын толтыру мақсатында бұрынғы үйренген әдіс - ақша белгілерін шығарумен шұғылданбай, оның орнына мемлекеттік бағалы қағаздарды - қысқа мерзімді мемлекеттік міндеттемелерді шығарумен айналысуда. Жергілікті басқару органдары да дәл осы жолды пайдалануда бірсыпыра шаралар атқаруда.

Бағалы қағаздар нарығы экономиканың кез-келген саласының өз қажетіне ақша қорын қалыптастыруына жол ашуда. Мысалы, акция шығарып осы қорды үнемі, яғни кәсіпорын жабылғанша пайдалануға болады, ал облигацияны шығару несиені банктен алудан тиімділеу жағдай жасайды. Бұл айтылғандар бағалы қағаздар нарығын өрістетуге мүмкіндік береді. Қаржы нарығын басқаруда мемлекеттік үстемдікті жойған кезде, ол әкімшілік емес, тек экономикалық тетіктердің әсерімен қызмет жасайды. Егер қаржы нарығын қалыптастыру жеке меншікке негізделсе, әрине оның әкімшілік тәсілмен қызмет етуі мүмкін емес. Кәсіпорын мемлекеттік меншіктен акционерлік меншікке өткенде бүкіл табысының салық төлегеннен кейін қалған бөлігі өз меншігінде болады. Кәсіпорындар осы уақытша бос қаржысына коммерциялық банктердің төлейтін проценттік мөлшері нарық деңгейіне сай келгенде ғана оларды есепшоттарда сақтайды. Сонымен, шаруашылықты экономикалық әдістермен жүргізу - өндірістің өсуін қамтамасыз етіп, қаржы қорларының көбейіп, қоғамда әлеуметтік оң өзгерістердің болуының кепілі.

Бағалы қағаздар нарығының пайда болуы сауда және өсімқорлық (ростовщиктік) несие түрлерімен тығыз байланысты. Олар вексель және коносамент сияқты қарыз міндеттемелерінің пайда болуына әсер етті. Бағалы қағаздар нарығының одан әрі дамуы акционерлік қоғамдардың пайда болуымен және мемлекеттің эмиссиялық қызметімен байланысты. Бағалы қағаздарға кең көлемде капитал жұмсау ХІХ ғ. ортасында өрістей бастады. Осы кезде нарыққа қатысушылар да белгілі бола бастады. Алғашқыда бағалы қағаздармен жеке адамдар (трейдер - аторней) және банк қызметкерлері айналысты. Кейіннен бұл іске заңды тұлғалар да кірісті.

Бағалы қағаздар нарығына қатысушылар деген бағалы қағаздарды сатушы, не сатып алушы, сонымен қатар олар бойынша есеп айырысуды және олардың айналымын қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлғалар. Олар бағалы қағаздардың айналымдылығы бойынша өзара экономикалық қатынастарға түсетін жақтар.

Қазіргі кезде бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды олардың нарыққа араласуына және нарықтағы позициясына қарай шартты түрде бес топқа белуге болады.

Бірінші топ, бағалы қағаздар нарығына негізгі қатысушылар: мемлекет, жергілікті әкімшілік органдары, ірі ұлттық және халықаралық компаниялар. Бұндай компаниялардың халық арасында жоғары атағы бар. Сондықтан олар шығарған бағалы қағаздар ешбір қиындықсыз өтеді. Нарық ол қағаздарды көп мөлшерде қабылдауға әрқашан дайын. Бұл қағаздар, әсіресе, мемлекеттік және жергілікті әкімшіліктің қағаздары, сатып алушыға жоғары табыс түсірмейді. Дегенмен, халықтың кейбір топтары (мысалы, зейнеткерлер, жалғыз басты адамдар, асыраушысынан айырылған отбасылар және с.с. табысы аздар) беретін табысы аз болсада, сенімді қағаздарға өз қаржыларын жұмсауға мүдделі. АҚШ-та оларды «көктүбірлі» («голубые корешки») деп атайды.

Екінші топ, инвестициялық институттар, немесе бағалы қағаздар операциясын жүргізетін қаржы - несие институттары. Олар:

- коммерциялық және инвестициялық банктер;
- сақтандыру қорлары;
- зейнетақы қорлары және с.с. ұйымдар.

Бұл институттардың көпшілігі әртүрлі инвесторлардың, яғни заңды және жеке тұлғалардың қаржысын біріктіріп, оларды табысты бағалы қағаздарға жұмсау мүмкіндіктерін іздестіреді. Олар акцияның бақылау бумасын иемденуге немесе қаржысынан айырылып қалу қаупінен құтылу үшін өз капиталын әртүрлі шаруашылық салаларына жұмсауға ұмтылады.

Үшінші топ, жеке инвесторлар, яғни жеке адамдар, оның ішінде шағын кәсіпорындардың бағалы қағаздары әрқашан қауіпті. Статистика деректері дәлелдегендей олардың 3/4 бөлігі ашылмай жатып жабылып қалады, тек 1/4 бөлігі ғана кейбір табысқа қол жеткізеді екен. Кейбір шағын кәсіпорындар табысты қызмет көрсетіп, өздерінің болашағы бар екенін дәлелдеді. Мысалы, электронды-есептегіш техникалар, ракеталар, жоғары сапалы үй заттарын және сол сияқты өнім шығаратын шағын өндірістер. Сондай-ақ кейбір шағын кәсіпорындар экспорт операцияларымен де табысты шұғылданады (мысалы, жүннен тоқылған және теріден тігілген киімдерді, галантерея заттарын шығарушылар). Сондықтан халықтың бірсыпыра тобы тәуекелге белбуып, жоғары дивиденд-терден үміттеніп, осы кәсіпорындардың акциясын сатып алуда.

Төртінші топ, бағалы қағаздар нарығының делдалдары, яғни брокерлер мен дилерлер. Олардың қолындағы хабарлар, керекті байланыс құралдары оларға бағалы қағаздармен операция жүргізуге жеңілдік береді. Дилерлер қолында өз капиталы болғасын көптеген операция жүргізеді. Дағды бойынша, дилерлер сатып алған қағаздарды өзінде көп ұстамайды. Олар нарық конъюнктурасы қолайлы болғанын сезсе, бағалы қағаздарды сатып жібереді. Себебі олардың іс-әрекеті - алыпсатушылық (делдалдарға қойылатын талаптар және олардың қызметі туралы төменіректе кеңінен баяндалады).

Бесінші топ. бағалы қағаздар нарығын бақылаушы және қадағалаушы мемлекеттік органдар. Әрбір елде бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды

және оған қатысу жағдайларын мемлекет белгілейді. Себебі мемлекеттік заң актілерінде елдің экономикалық жағдайы аңғарылады. Мысалы, экономиканың дағдарысы кезінде заңдар мен ережелер тез өзгеріп отырады.

Бағалы қағаздар нарығының негізгі сауда-саттық жұмысын қамтамасыз етіп, оның міндетін атқаратын делдалдарды кәсіби мамандар деп те атайды. Ол жұмыс баға белгілеу үшін және қажетті хабарларды тарататын компьютерлік техниканы қажет етеді. Ол үшін нарық талаптарына сай әдейі дайындалған кәсіби мамандар қажет. Олардың жалпы экономикалық, техникалық және кейбір күтпеген жағдайды шешетін психологиялық дайындықтары болуы шарт. Сонымен бірге бағалы қағаздар нарығы кәсіби мамандарының мол тәжірибесі мен олардың сезімталдығын (интуиция) да бағаламауға болмайды.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби мамандары:

1. Брокерлер — делдал ретінде келісімге қатынасатын адамдар. Брокер келісім жасасатын әрбір жақты табыстыруды көздейді. Брокер өкіл емес, ешбір жақтың шарттық қатынастарына қатыспайды, жекелеген тапсырмалар негізінде жұмыс істейді. Брокерге әрбір жеке келісімді жасауға арнаулы өкілеттік беріледі. Ол тек өкілеттік шегінде әрекет етуге міндетті.

2. Дилерлер - өз капиталымен келісім жасайтын делдалдар.

3. Джебберлер - нарық конъюнктурасын бақылаушылар.

Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлер заңды тұлға ретінде тіркелген маманданған брокерлік фирма қызметкерлері. Батыс еуропа мемлекеттерінде олар не жеке фирма, не акционерлік қоғам ретінде құрылады. Жаңа егемен мемелкеттерде олар жауапкершілігі шектеулі серіктестік мекемесі болып та құрылуда. Салық төлеуден жеңілдік алу мақсатында шағын кәсіпорын ретінде тіркелгендіктен олардың жарғылық қоры өте аз болады. Дегенмен, бұл фирмалар өз капиталымен қарызға алған капиталын өсіру мақсатында клиенттер санын көбейтуге ұмтылуда.

Құрылымы жөнінен брокерлік фирма дирекция, әкімшілік бөлім, кеңес беретін бөлім, бағалы қағаздарды сату бөлімі және хабарлама-техникалық бөлімінен тұрады. Шамамен фирмада 15-20 адам қызмет жасайды.

Брокерлік фирманың қызмет аясына:

- консалтинг (кеңес беру);
- бағалы қағаздарды алғашқы нарықта орналастыру және екінші нарыққа айналысқа түсіру;
- инвестициялық қорларды құру және оны басқару және с.с. міндеттер кіреді.

Бұлардан басқа брокерлер ақша нарығында бірсыпыра ерекше қызмет көрсетеді, атап айтқанда, банктік несие алушыларға делдалдық жасау және мәмілені қамсыздандыру, оның ішінде, биржалық келісімді сақтандыру.

Брокерлер өз қызметінде мына түпкі бастамаларды басшылыққа алады:

- клиент брокерлік фирмамен шарт жасасқанда барлық тап-сырма бойынша, оның ішінде, бағалы қағаздарды қайдан сатып алу жөнінде (қор биржасынан ба, әлде биржадан тыс нарықтан ба) келісімге келеді;

- брокер клиенттің белгілеген сомасы шамасында әрекет жасайды (бірақ алған тапсырма көлемінде бағалы қағаздарды таңдауда өз құқығын пайдаланады);
- қаржыны (өзіне делдалдық үшін келісілген сыйақы қалдырып) клиенттің есепшотына аударады;
- брокер мәмілені арнаулы кітапқа тіркеуі қажет (клиент ол жөнінде көшірме талап етуге құқылы);
- клиент брокерге мәміледегі барлық тапсырманы уақытынан бұрын тоқтатуға үкім бере алады;
- сонымен бірге, брокерлік фирма мен клиент арасындағы келісім алғашқыда ауызша жүргізіліп, ол кейін құжатпен рәсімделгеннен соң ғана заңды күшіне енеді.

Брокерлік фирма өз клиенттерінен тапсырма алғанда олардан кепілдік беруді (әсіресе клиент сатып алушы болса) талап етеді. Кепілдік ретінде:

- мәміледегі бүкіл сомаға вексель берілуі;
- мәміленің кемі 25%-тін немесе 100%-ін құрайтын сома брокердің шотына түсірілуі керек;
- брокердің атына ағымдағы шот ашылуы;
- брокерге сақтандыру полисі және с.с.кепілдіктер берілуі мүмкін.

Осылар жөнінде брокерлік фирма клиентке хабарлап тұруы қажет. Сонымен қатар, брокерлік фирма клиентке несие беріп, бүкіл операцияларды өз есебінен жүргізуі мүмкін. Бұл жағдайда брокерлік фирманың табысына делдалдық үшін сыйақы, несие үшін процент (өсім ақы) және тәуекел (риск) үшін ақы кіреді. Алайда, бұл жағдайда брокерлік фирма өзінің делдалдық қызмет шегінен шығып, оның іс-әрекеті, дилерлік фирманың қызметіне ұқсайды.

Дилерлер - олар да делдалдар. Олардың брокерлерден айырмашылығы шарт жасасқанда өзінің (дилерлік фирманың) капиталын жұмсайды. Дилердің қызметін мына мысалмен түсіндіруге болады. Мысалы, қалалық әкімшілік көрсетілген құны 100 теңгелік облигация шығаруға шешім қабылдады делік. Эмиссиямен шұғылданатын оның өз аппараты жоқ, сондықтан әкімшілік дилерлік фирмаға тапсырма береді. Егер қалалық заем бірнеше миллион теңгеге шығарылатын болса, онда үлкен көлемді іспен тек маманданған фирмалар, мысалы, коммерциялық банктер шұғылданады. Оның делдалдық механизмі төмендегідей.

Бағалы қағаздар операциясына маманданған дилерді жауап-кершілігі шектеулі дилер деп атайды. Олардың бағалы қағаздарды сатып алу-сатуға тәуекелмен шығарған шығыны, эмитенттер мен инвесторлардың шығынынан әлдеқайда аз. Себебі сатып алу-сату аз уақыт аралығында өтеді.

Дилердің атқаратын қызметі:

- бағалы қағаздардың шығарылымы, олардың бағамы және сапасы туралы хабар тарату;
- клиенттердің тапсырмасын орындау;
- бағалы қағаздар нарығындағы өзгерістерді бақылап отыру. Егер бағалы қағаздарды сату-сатып алу баяуласса (мысалы, сатушылар және сатып алушылар жетіспей қалса), онда бағалы қағаздардың бағамын тұрақтандыру мақсатында дилер өз есебінен операция жүргізеді;

- сатып алушылар мен сатушыларды бір-біріне кездестіріп, бағалы қағаздар нарығының жұмысына себепші болады. Олар нарықтың катализаторы (шапшаңдатушы) ретінде жұмыс істейді.

Джобберлер - бағалы қағаздар нарығындағы конъюнктура (өзгерістерді сипаттайтын белгілер) мәселелері жөнінен кеңес берушілер. Ең алғашқыда олар Лондон Сити нарығында пайда болды. Олардың іс-әрекеті бағалы қағаздар нарығының құрылымы кең көлемде болғанда және ол үнемі өзгеріп отырғанда қажет. Олар шығарылған бағалы қағаздардың маңызын дұрыс бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар эмитенттерге жаңа бағалы қағаздар шығаруға да олардың көмегі қажет. Джобберлер тек бір жолы кеңес беріп қана қоймай, күрделі, кейде кешенді мәселелерді шешуге жан-жақты көмектеседі.

Қор делдалдары - олар бағалы қағаздар нарығында эмитенттер мен инвесторлар арасындағы байланысты қамтамасыз ететін сауда-саттық жүргізуші брокерлік-дилерлік және бағалы қағаздар портфельі басқарушы ұйымдар.

Бағалы қағаздар нарығына қызмет етуші ұйымдар - олар бағалы қағаздарды сатып алу-сату қызметінен басқа да бағалы қағаздар нарығындағы қызметтердің барлығын атқаратын ұйымдар. Бұндай ұйымдарға:

- біріншіден, бағалы қағаздар нарығын ұйымдастырушылар (қор биржалары, биржадан тыс нарықты ұйымдастырушылар);
- екіншіден, есеп айырысу орталықтары (есеп айырысу палаталары, клирингтік орталықтар);
- үшіншіден, депозитарийлер;
- төртіншіден, тіркеушілер;
- бесіншіден, нарыққа қатысушыларға қызмет көрсететін ақпараттық агенттіктер және басқа да ұйымдар кіруі мүмкін.

Экономикадағы түрлендірулер жаңа экономикалық жағдайларға сәйкес ресурстарды, оның ішінде қаржы ресурстарын үлестірудің формаларын қолдануды міндеттейді.

Қор биржасы – бұл бағалы қағаздардың бірқалыпты айналысы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ететін ұйым.

Қор биржасы қаржы ресурстарын жинақтау, шоғырландыру және қайта бөлу процесін ұйымдастырушы экономиканың басты буыны болып табылады. Ол қаржы және өндірістік капитал арасында делдал бола отырып, экономикалық дамудың қозғаушы күштерінің бірі болып саналатын инвестициялық процеске ықпал етеді.

Қор биржасы өз қызметінде мынадай қағидаларға сүйенеді:

- қаншалықты биржадағы мәмілелердің ауызша жасалып, кейіннен заңды түрде құжатталатындықтан да брокерлер мен клиенттер арасындағы жеке сенімнің болуы;
- сауда-саттық ережелері мен есеп арқылы қаржы делдалдарының қызметінің қор биржасының әкімшілігі және аудиторларымен қатаң түрде реттелуі.

Бұл қағидалардың қамтамасыз етілуі нәтижесінде қор биржасында бағалы қағаздарды сатуға және сатып алуға итермелейтін орта қалыптасады. Ондай

артықшылықтарға: аталған қағаздардың қадамдары үшін несиеге деген мүмкіндік; бағалы қағаздар нарығының жағдайы туралы жақсы шолулар; сол немесе басқа да бағалы қағаздардың мүмкіндіктерін тура бағалау және т.б. Сөйтіп, бағалы қағаздар нарығындағы қор биржа өзіндік барометр мен бағыттағыш ролін атқарады. Соның нәтижесінде әрбір инвестор жақсы болашағы бар акционерлік қоғамдарды тауып ақшалай қаражаттарын салады.

Қор биржасының механизмін іске қосудан бұрын: болашақ клиенттер және ең бастысы, акционерлер торабын құруға күш жұмсау қажет, яғни қор биржасының бағалы жұмысын бастауына қажетті бағалы қағаздарды калай құру және кімдермен жұмыс жасау қажет деген сұрақтарды шешу керек; екіншіден, қор операцияларын жүргізудегі делдалдар (брокерлер мен дилерлер) жүйесін қалыптастыру қажет; үшіншіден, қор биржасын іске қосудан бұрын биржалық механизмнің орталық буындарының жұмыстарын (биржаға бағалы қағаздар жіберу жүйесі, сараптау, бағалау комиссиясы және т.б.) жолға қою керек, яғни басында қор биржасының функциональдық және ұйымдастырушылық құрылымдарын қалыптастыру қажет.

Қор нарығы сауда-саттықтың өсуі және жасалатын мерзімді мәмілелердің санының ұлғаюнан кейін барып, тұтыну тауарларының қойнауында қалыптасқан болатын. Қаржы операцияларының объектісіне қарыздық қолхат – вексельдер біртіндеп айнала бастаған. Бельгия порты Антверпен ресми түрдегі қор биржасының отаны болып саналады. Оның тауар биржасында 1592 жылы бағалы қағаздармен алғашқы сауда-саттық жасалған. Кейіннен жетекшілік рөлі Амстердамға ауысып, онда алғашқы мерзімді мәмілелер жүргізілді, сондай-ақ биржалық операциялар техникасы жоғары деңгейге жетті.

Биржалардың бастапқы кезеңдегі қалыптасуы мемлекеттік қарыздың өсуімен байланысты болды, яғни қазыналық вексельдер мен облигацияларға жұмсалған капиталдарды кез келген уақытта ақшаға айналдыруға мүмкін еді. Алғашқы акционерлік қоғамдардың (Нидерланды және ағылшын ост-үнді компаниялары) пайда болуыша байланысты акциялар биржа айналымының басты объектісіне айналды. Саудагерлерді, қарыз иелерін, банкирлерді, өнеркәсіпшілерді біріктіретін серіктестіктердің пайда болуы теңіздік экспедициялар және Жаңа Жарықтың елдеріне баратын сауда керуендерімен байланыста болды. Қосқан пайлары арнайы құжат акциялар арқылы құжатталды. Акциялар жалпы капиталға үлес қосқандығын куәландырып, пайданың бір бөлігін алуға құқық берді.

Бұл компаниялардың алған жоғары пайдалары, олардың акцияларына деген бағаның бірден өсуіне және биржалық сауда-саттықтың ұлғаюына жол берді. Осы уақыттарда XVIII ғасырдың бірінші бөлігіне және келесі жылдары қор биржалары Францияда, Ұлыбританияда, Германияда, АҚШ-та құрыла бастаған. Биржалар саны тез өсіп және олардың арасында өзара тығыз байланыстар орнықты. Сондықтан да капитализмнің қалыптасу кезеңінде қор биржасы белгілі бір дәрежедегі капиталды жинақтаудың маңызды факторына айналып, ол кейіннен қаржы-экономикалық қатынастардың маңызды элементі болып табылды.



Еркін бәсеке нарығындағы жағдай мемлекеттік үлестіруді айналып өтіп, қор биржасы және несиелеу сфералары арқылы ірі ақшалай қаражаттардың саладан салаға құйылуын қамтамасыз етті. Бұл кезең ұйымдастырылмаған «жабайы» нарықтың уақытымен сипатталады. Бұл тұста, шаруашылық қызметті реттеуші заңдылықтар мен органдар болмағандықтан да көптеген мәмілелер тіркеуге алынбаған.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы жаппай акционерлік қоғамдардың құрылуы мен бағалы қағаздар шығарудың ұлғаюы қор биржасының маңызын арттыра түседі. Өндірістің өсуімен салыстырғанда ақшалай капиталдың интенсивті түрдегі жинақталуы бағалы қағаздарға деген едәуір сұранысты анықтап, нәтижесінде биржалық айналым өсіп, ал биржада ең бастысы жеке компаниялар мен кәсіпорындардың акциялары мен облигациялары айналысқа түсті.

Әсіресе бағалы қағаздар нарығы АҚШ-та кеңінен дамыды. Егер де, Еуропада бос ақша қаражаттарын банктегі шот-тарда сақтауды, сақтандыру полңсі және жылжымайтын мүлікке салуды дұрыс санаса, ал Америкада көптеген кәсіп-керлер өз капиталдарын қаржылай активтерге инвестиция-лады. Сондықтан да АҚШ-тың қор нарығында қаржылай операцияларды жүзеге асырудың қазіргі механизмі қалып-тасып, ол бүгінгі уақытта біршама ұйымдастырылған және демократиялық бағалы қағаздар нарығының біріне жатады. Қаржы нарығының ұлттық ерекшеліктеріне байланысты қор биржаларын ұйымдастырудың екі типі болады. Бұл жеке құқықтық сипаттағы (ағылшын-саксон типтес) және топтық құқықтық сипаттағы (еуропалық континенттік типтес) қор биржалары.

Жеке құқықтық сипаттағы қор биржасына классикалық мысал ретінде әлемдегі Лондон қор биржасын және сондай қағидамен жұмыс жасап отырған Нью-Йорк, Токио және басқа да қор биржаларды айтуға болады. Олар жеке компания түрінде ұйымдастырылып, кейіннен акционерлік қоғам, бірлестіктер, аралас кәсіпорындарға айналған. Мұндай типтегі қор биржаның мүшелерінің саны қатаң шектеледі. Оған орын үшін ірі ақша сомасын төлей алатын қарапайым тұлғалар мен компаниялар мүше бола алады. Нью-Йорк қор биржасындағы орын үшін төлем ақының мөлшері бірнеше ондаған мыңдарадан жүздеген мың долларларға дейін ауытқып отырады. Қор биржасына биржалық комитет немесе басқарма жетекшілік етеді. Мұндай биржалар қызметіне үкімет тарапынан қойылатын бақылау өте аз және олар біршама дербес және бағалы қағаздар айналысын реттеуде тәуелсіз. Қазақстан қор биржалары ұйымдастырылу құрылымы жағынан биржаның осы тобына жатады.

Топтық құқықтық сипаттағы биржалар мемлекеттік мекемелер болып саналады. Олардың қызметтерін үкімет органдары бағалы қағаздар айналысын реттеуші арнайы ко-миссиялармен бірлесе отырып, бақылау жасайды. Мысалға, Париж қор биржасы экономика министрі мен биржа операциялары жөніндегі комиссияның бірлескен түрдегі қадағалауында болса, ал Германияның биржаларын жергілікті үкімет органдары бақылауға алса, Италия биржаларын Қаржы министрлігі мен компаниялар және биржа ісі жөніндегі Ұлттық комиссия

реттейді. Биржалық жұмыскерлер мен қор операциялары бойынша мамандарды, сол органдар тағайындайды және олардың мемлекеттік қызметкер деген мәртебесі болады.

Бірақ соңғы жылдары ағылшын, америка және еуропалық континенттік қор биржалары типтерінің арасындағы айырмашылықтарды білдірмеу ағымы байқалуда. Бір жағынан, биржаның өзі іштей өзін-өзі реттеу негізінде қызмет етсе, екінші жағынан ақша-несие және қаржы механизмінің қазіргі құрылымына оңай көнетіндей ету мақсатында бағалы қағаздар нарығына мемлекеттік бақылау және реттеу арта түсуде.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржы нарығының ерекшелігі және оның басқа нарықтардан айырмашылықтары неден тұрады?
2. Қаржы нарығының жұмыс жасауының қандай алғышарттары болады?
3. Қаржы нарығы қалай сыныпталады?
4. Қаржы нарығының мәні немен бекітіледі?
5. Бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу қалай іске асады?
6. Акционерлік қоғамдардың қызметі неден тұрады?
7. Қор биржасы қандай қызметтерді орындайды?

## 12 ТАҚЫРЫП. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ

Жоспар:

1. Инфляция мәні және түрлері.
2. Қаржы және инфляция, олардың өзара үйлесімі.

«Инфляция» деген ұғым капитализмнің кеселі ретінде орнықты. Инфляция термині латын сөзі – *inflatio* – (вздутие) – қампаю деген мағына береді. Құн заңы әрекетімен анықталатын тауар-ақша қатынастарының болуы инфляциялық процестерді тудырады. Инфляция себебі, әрекет ету механизімі, көрінуі және оның зардаптары мен күресу жолдары бұрын соңды біздің елде терең зерттелмеген. Инфляцияның басты ерекшелігі қоғамдық ұдайы өндірістің барлық факторларына қатысты сан алуан себептерден турады. Басқаша айтқанда, инфляция бүкіл шаруашлық механизімінің қызметінен туындайды.

Инфляция азамат тарихында жаңа құбылыс емес. Оның бай тарихы бар. 1775-1783 жылдары Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін болған соғыс доллардың құнсыздануына әкеліп соқты. Франция 1789-1794 жылдары революция кезінде өндірілген қағаз асигнаттар 7 жылда 883 есе құнсызданды.

Алғашқы рет «инфляция» деген ұғым ақша айналымына қатысты АҚШ-та азамат соғысы кезінде (1851-1865 ж.) орасан зор гривналар ақша орнына қолданылған күміс кесек (450 млн. доллар) шығарылуына байланысты қолданыла бастады, ол оның төлем қабілеті екі жылдың ішінде 60 % дейін төмендеді.

Қоғамдық ұдайы өндірістің прапорциясын стихиялық реттеу, соның ішінде ақшанаң қазына жинау құралы қызметі механизмін атқару кезінде қалыптасқан айналым саласында, алтын монометаллизмді жағдайында инфляцияның созылмалы ауру ретінде дамуына кедергі жасалды. Еркін бәсеке кезеңіндегі капитализм жағдайында инфляцияны соғыс, дағдарыстар, стихиялық апаттар кезінде болатын несие ақшаларының алтынға айырбасталуының тоқтауы кезінде пайда болды. Капитализмнің жалпы дағдарысы кезінде инфляция жалпы созылмалы сипат алып, мазмұнды элеуметтік-экономикалық проблемалардың біріне айналды.

Енді инфляция дегеніміз не, осы сөздің басын ашып алайық. *Инфляция* – бағалардың жалпы өсуі, табыстардың құнсыздануы. Елдегі тауар рыноктарының көбіне тепе-теңдік бұзылса, бағалар тоқтаусыз өседі. Яғни, инфляция бүкіл жалпы ұсыныс пен сұраныста қалыптасқан сәйкессіздік. Жеке тауар рыногында сұраным ұсынымнан артық болса, бұл тауарға баға деңгейі өседі. Бірақ мұндай жекелеген нарық сәйкессіздігі инфляцияны қалыптастырмайды.

Инфляция – бұл рыноктардың көбіне сұранымның артуынан қалыптасқан тепе-теңдіктің бұзылуына байланысты пайда болған елдегі баға деңгейінің жалпы өсуі.

Экономиканың конъюктуралық ауытқуына байланысты бағалардың өсуін инфляцияға жатқызуға болмайды. Еңбек өнімділігі өскенде баға деңгейі төмендейді. Бірақ егер негізгі өндіріс салаларында еңбек ақы деңгейі еңбек өнімділігінен тез өскен болса, онда ұлттық шаруашлықта «шығын инфляциясы» деп аталатын жағдай қалыптасып, бағалардың жалпы деңгейі өседі.

Сонымен, баға өсуінің инфляциялық себептеріне нені, қандай жағдайларды жатқызуға болады.

Инфляция негізінен шаруашылықта қалыптасқан әр түрлі диспропорцияларға байланысты болатынын еске ала отырып, оның негізгі себептерін қарастырып көрелік.

Біріншіден, бұл мемлекеттік шығындар мен табыстар арасында қалыптасқан диспропорция немесе тепе-теңдіктің бұзылуы. Бұл мемлекет бюджетінің тапшылығы ретінде көрінеді. Егер тапшылық орталық банктің несиесі, яғни айналымға қосымша ақша шығару арқылы қаржыланған болса, онда бұл айналымдағы ақша массасын арттырады және инфляцияны қалыптастыруы әбден мүмкін.

Екіншіден, егер инвестицияларды қаржыландыру, жоғарыда айтылған әдіспен, яғни орталық банктің несие беруімен жүргізілген болса, түптеп келгенде, бұл да инфляцияның себебіне айналуы мүмкін. Үшіншіден, осы күнге экономикалық теория бағалардың жалпы өсуін ХХ ғасырда нарық құрлымының өзгеруімен түсіндірді.

Бүгінге нарық ХІХ ғасырдағы нарық түріне тіпті ұқсамайды. ХХ ғасырдағы нарықты негізінен өзара толық бәсекелі тауарлар сатылатын. Бұл тауарларды көптеген өндірушілер өзара еркін бәсеке негізінде өндіріп сататын, салалық және салааралық бәсеке жағдайы болған, капитал кедергісіз бір саладан екінші салаға ауысатын еді. Қазіргі рынок – көбіне алигопия түрінде қалыптасқан. Осы күнгі ірі фирмалар (тауар өндірушілер, ұсынушылар) белгілі бір деңгейде нарық бағасына ықпал жасап, өз өніміне бағаны өзі белгілей алады. Фирма-алигополия бағаның өсуін қолдамаса да оның деңгейін түсірмеуге ұмтылады, нарықта қалыптасқан баға деңгейінің тұрақты болуына мүдделі. Бағаның төмендеуімен өз рыногындағы жағдайы «бұзып алмау» мақсатында ірі фирмалар ұсыным икемділігінің артуына кедергі жасауға тырысады. Қалыптасқан өндіріс түріне жаңа фирмалардың келуіне шек қою арқылы алигополиялық фирмалар жалпы сұраным мен ұсыным арасындағы диспропорцияны мүмкін болғанша ұзақ уақыт ұстап қалуға ұмтылады.

Төртіншіден, ұлттық экономикалардың «атына» түсуіне, олардың дүние жүзілік шаруашылық қатыстары жүйесіне тартылуына байланысты инфляцияның бір елден екінші елге ауысу қаупі артады. «Импортталған инфляциямен» күресі мүмкіндіктері де шектеулі келеді. Әрине, ұлттық валютаның бағасын арттырып импортты арзандатуға болады, бірақ бұл жағдайда импорт қымбаттап, ұлттық өнімнің әлем нарығындағы өтімділігі кемиді.

Бесіншіден, «инфляцияны тосу» деген жағдайға байланысты инфляциялық процесс өзін өзі қолдап жалғаса береді, Батыс елдерде көптеген экономисттердең пікірінше, «инфляцияны тосу» психологиясын жеңу антиинфляциялық саясаттың негізгі мақсаты деп анықталады.

Өндірушілер де шикізат пен материалдарға және энергияға бағаның өсуін болжап, өздерінің өнімдеріне бағаны арттыра түседі. Әрбір өндіруші өзін инфляциядан алдын ала сақтандыру мақсатында өніміне бағаны еселеп көтереді.

Нәтижесінде, бағалар сұраным көлемі анықтайтын деңгейден артып, «инфляцияны тосу» деңгейіне көтеріледі.

Инфляция қағаз ақшаның құнсыздануына байланысты болатын әлеуметтік-экономикалық құбылыстар жиынтығы, басқаша айтқанда айналыстағы ақша өлшемдері мөлшерінің тауарлар бағаларының қосындысынан артып кетіп, осының нәтижесінде тауарлармен қамтамасыз етілмеген ақшаның пайда болуы инфляцияны білдіреді.

Инфляция өндірісте біраз зардап шегеді. Инфляцияның деңгейінің көтерілуіне байланысты еңбекке деген ынта да бұзылады. Инфляция тауар тапшылығының басты себебі бола тұрып тауар мен азық-түлікті белгіленген норма бойынша бөлуге мәжбүр етеді.

Инфляция кешенді себептердің негізінде пайда болады және оның маңыздылары болып мыналар саналады: мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, оны азайту мақсатында мемлекеттік бағалы қағаздар немесе жай қағаз ақшалар шығарылады. Тұтыну игіліктерінің көбеюіне айналмайтын, адамзат еңбегінің мақсатынсыз шығындарына жол беретін мемлекеттік өндірістік емес шығындары (әсіресе әскери шығындар).

Сұранымды ұсынымнан алшақтататын тауар тапшылығы және соның негізінде бағаның өсуі, бірқатар өндірушілердің өз өнімдеріне, олардың тұтыну сапасын арттырмай-ақ жоғары баға қою және негізінен қымбат тұратын өнім шығаруға мүмкіндік беретін монополиялық үстемдік жағдайы, жалақының өсуінің еңбек өнімділігінің өсуіне алшақтауы және басқа себептер. Бұл себептер мемлекеттік бюджетінің тапшылығының тұрақты ұдайы өндірілуіне және жиі-жиі артық ақша эмиссиясына (эмиссия - айналысқа ақша және бағалы қағаздар шығару) жағдай жасайды.

Инфляцияның себептері сан қилы, бірақ әр кезде олардың белгілі бір комбинациясы (құрамасы) қалыптасады. Айталық, II дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа елдерінде тапшылыққа байланысты өте күшті инфляция қалыптасқан. Соңғы жылдары Батыс Елдерінде инфляцияның негізгі себебі мемлекет шығындарының өсуі, «баға-еңбекақы», «инфляциялық тосу», «инфляцияның бір елден екінші елге ауысуы» және басқалары болды. Бұрынғы Кеңес одағы инфляцияның негізгі себебі ретінде әкімшілік жоспарлау жүйесінде қалыптасқан экономикалық диспропорцияларды айтуға болады.

Бұрын инфляция төтенше жағдайда ғана қалыптасатын. Мысалы, соғыс кезінде мемлекет өзінің әскери шығындарын қаржылындыру үшін өте көп мөлшерде қағаз ақша шығаратын. Соңғы екі-үш жылдықта көптеген елдерде инфляция ұдайы өндіріс процесінің тұрақты факторына айналады.

Шет ел мамандары өту қарқынына байланысты оны үш түрге бөледі:

- баяу немесе сұрама инфляция;
- қарқынды инфляция;
- ұшқыр инфляция.

Экономика теориясында, жеке алғанда осы күнгі Кейнсті жақтаушы экономисттер инфляцияның баяу түрін өндірістің дамуына қосымша онды әсер ететін фактор ретінде қарастырады. Баяу инфляцияны олар мемлекеттің бірден-бір

тиімді саясат жүргізу құралы ретінде түсіндіреді. Баяу инфляция саясаты өндіріс пен нарық (сұраным) жағдайларының өзгеруіне сәйкес бағаларды реттеп отыруға мүмкіндік береді. Баяу инфляция кезінде баға жай өседі де (жылына 10-20%-тен аз) ақша негізінде өз құнын сақтап қалады.

Қарқынды инфляция кезінде баға жылына 10-20% дан 200-300%-ға дейін өседі. Қарқынды инфляция - экономика үшін едәуір қиын жағдай, бірақ іскерлік қатынастардың көбі қарқынды инфляцияны алдын ала ескеріп, оған икемделе береді. Қарқынды инфляция кезінде жалақы өсіп ол бағаның одан әрі өсуіне әкеп соқтырады.

Гипер инфляцияда, яғни ұшқыр инфляция кезінде ақшаның саны мен баға астрономиялық қарқынмен (500-1000 %-дан жоғары) өседі. Ұшқыр инфляцияда бағалардың жалпы деңгейі мыңдаған процентке артқан жағдаймен сипатталады. Гиперинфляция кезінде бағалардың өсу қарқыны айналымға шығарылған ақша төлемінің өсуінен көп есе артып кетеді. Гиперинфляцияда бағалардың өсу қарқыны соншалық, тиісті ақша шығаратын фабрикалар аптасына тоқтаусыз жұмыс істегенде де айналымға қажетті ақша көлемін шығару мүмкіндігі жетпей қалады екен.

Инфляцияны тосу факторын қарқынды инфляцияның гиперинфляцияға ауысып асқындап кетудің негізгі бір себебі ретінде қарастыруға болады. Гиперинфляция жағдайында халық үлкен зиян шегеді, тіпті қоғамның ауқатты тобына да қиын болады. Ұлттық шаруашылық бөлінеді. Гиперинфляцияны басынан өткізген бірқатар елдерде, бағалардың өсу қарқыны айналымдағы ақша мөлшерінің өсу қарқынына әлдеқайда жоғары болады. Шаруашылық субъектілері ұлттық валютаға деген сенім жоғалған кезде, қолдағы құнсызданған ақшадан құтылуға тырысады. Нәтижесінде айналымдағы ақша айтарлықтай өсіп, ол оның санының көбеюіне тең болады. Салдарында баға қауіпті шектерге дейін шарықтайды.

Шет ел нарықта болатын инфляциялық тепе-теңдік нысандарына байланысты инфляцияны ашық және басылыңқы деп бөлінеді. Жоғарыда сөз болғандар инфляцияның ашық түріне жатады. Ашық инфляция жағдайында бағалардың өсуі және өсу айқын байқалады және ресми түрде есепке алынады. Еркін баға экономикасына тән ашық инфляция бағаның тауарлар мен қызметтерге созылмалы артуы түрінде көрінеді ашық инфляция кейбір тауар нарығындағы бағаның ақтын-ақтын төмендеуімен немесе оның өсуінің баяулауымен сиыса береді. Ал ол ашық инфляцияның нарық механизімін едәуір бұрмалағанмен, әйтсе де оны толық бүлдіре алмайтынын көрсетеді. Бірақ, бағалардың деңгейі ресми түрде өспеген болса да құнсыздану (инфляция) жағдайы қалыптасуы мүмкін. Инфляцияның бұл түрі тауар ташылығынан көрінеді. Тауардың тапшылығына байланысты оларды ақшаға сатып алу қиындайды, яғни ақша (табыс) құнсызданады.

Жасырын инфляция деп аталатын басылыңқы инфляция реттелмелі бағалар қолданылатын экономикаға тән, ол тауар тапшылығында, өнімнің сапасының нашарлауында, амалсыздан ақша жинақтауда астынтын экономикада, бартерлік айырбастың дамуында көрінеді. Басылыңқы инфляция, ақшаның жалпылама төлем қабілеті бар құрал және тауарлар мен қызметтерді бөлу өлшемі қызметін

атқара алмаған жағдайда тауар бағасын сұраным мен ұсынымның тепе-теңдік бағасынан төмен ұстап отыруды мемлекетпен қолдану нәтижесінде пайда болады. Мұндай жағдай ұзақ уақыттан бері біздің экономикамызға тән болып отыр.

Басылыңқы инфляция өнім сапасының төмендеуімен, ақшаның амалсыз жиналуымен, астыртын экономиканың, бартерлік келісімнің дамуымен көрінеді. Басылыңқы инфляция мемлекет тауар бағасын сұраным мен ұсыным тепе-теңдігі бағасынан төмендеуін қолдау әсерінен тұрады, онда ақшалар жалпы төлем құрамы және тауарларды бөлу өлшемі ретінде қызметін атқарудан қалады. Егер біздің осы уақытқа дейінгі экономиканы алсақ, ол ұзақ жылдар бойы басылыңқы инфляция жағдайында болды және болашақ экономика үшін бұл қауіпті емес, одан әлі де болса құтылуға болады.

Инфляция теңгермелі түрде болуы мүмкін, яғни бағалар бір қалыпты және баяу өседі. Бұл жағдайда бағалардың бір жылдық өсуіне сәйкес процент көлемі (ставкасы) да өседі. Нарықта тепе-теңдік (тұрақтылық) сақталады.

Теңгермелі емес инфляция кезінде жеке тауар топтарына баға бір қалыпты емес, әртүрлі қарқынмен өседі.

Сонымен тосылған инфляцияны тосын инфляциядан айыра білген жөн. Тосылған инфляцияны алдын ала болжауға болады немесе оны үкімет арнайы мақсатпен «жоспарлайды». Тосын инфляция бағалардың кенеттен және тез өсуінен көрінеді. Мұндай жағдай ақша айналымын және салық жүйесін бұзады. Тұрғындар бағаның өсуінен сескеніп, қолындағы қаражатын сақтап қалу мақсатында тауарларды жаппай сатып ала бастайды. Сондықтан нарықта қалыптасқан жағдай бұзылады, сұраныммен баға бұрынғыдан да тез өсетін болады. Сонымен бағалардың кенеттен, тосын түрде өсуі тұрғындардың «инфляциялық тосу психологиясын» туғызады. Егер тосын инфляция (бағаның кенеттен өсуі) экономикасы дамыған елде пайда болса, ол нарық жағдайына қатты әсер етпейді. Экономикасы тұрақты да қуатты елде тұрғандар бағаның уақытша ауытқуынан қорықпайды және бағаның өсуі қанша тез болса, соншама оның құлдырап түсіп кетуі әбден мүмкін болатынына сенеді, сондықтан олар бағаның түсуіне күтіп үнемдеу мақсатында сатып алуды күрт қысқартады. Нарықтық сұранымның қысқаруы баға деңгейіне әсер етеді, бағалардың өсуі тоқтайды, олардың деңгейі құлдырап, бастапқы қалпына келеді.

Бұл жерде бір қалыпты қызмет атқаратын нарықтық шаруашылық жағдайында пайда болатыны белгілі Италия экономисті есімімен аталатын «Пигу әсері», немесе «нақты кассалық қалдықтың әсері» деп аталатын құбылысты суреттедік. «Пигу әсері» икемді бағалармен икемді процент жағдайында және инфляциялық тосу болмағанда ғана қалыптасады екен. Бірақ Батыс экономистерінің пікірінше, «Пигу әсері» экономикада нақты болатын жағдайды емес, тек теориялық болжамды білдіреді.

Шетелдік экономистер сұраным мен ұсынымға байланысты инфляцияны екі типке бөледі:

- сұраным инфляциясы;
- өндіріс шығындарының өсуінің немесе жиынтық ұсынымның азаюының нәтижесінде болатын инфляция – ұсыным инфляциясы.

Сұраным инфляциясының мәнін бір сөзбен былай деп сипаттауға болады: «тым көп ақшалар тым аз тауарларды аулайды». Сұраным инфляциясы артық байланыстарды монополизм мен әкімшілдік - әміршілдік басқару жүйесінің ұсақ үстемдігі болған жағдай да орын алады. Олар өзіндік айрықша нысан сипатында болады.

Жалпы сұраным инфляциясы ол сұраным мен ұсыным арасындағы тепе-теңдіктің сұраным жағынан бұзылуын білдіреді. Бұл жерде мемлекет шығындарының артуы, өндіріс және еңбек ресурстарының толық іске қосылған жағдайында өндіріс құралдарына қосымша сұранымның қалыптасуы және тұрғындардың тұтынушылық мүмкіншіліктерінің артуы негізгі себеп болуы мүмкін. Осы жағдайларға байланысты айналымға артық ақша массасы шығып, жалпы баға деңгейі өседі. Өндіріс саласында еңбекпен толық қамтылған жағдайда айналымға артық төлем ақша массасы шектеулі тауар ұсынымына тап болып, бағалардың инфляциялық өсуін қалыптастыраты.

Ұсыным инфляциясы ұсыным мен шығындырды өзгерту нәтижесінде болады. Бұл инфляцияны басқаша шығындар инфляциясы деп те атайды. Шығындар инфляциясы, өндіріс шығындардың өсуінен туындаған бағалардың жаппай өсуін білдіреді. Өндіріс шығындарының өсуі монополиялық немесе алигополиялық бағалардың қалыптасуынан, мемлекеттің қаржы саясатынан, шикізатпен энергия ресурстарына бағаның өсуінен және басқа себептерден болады. Ұсыным инфляциясының екі түрі бар:

- жалақының өсу әсерінен болатын инфляция;
- ұсыным экономикасы механизмінің бұзылуы нәтижесінде пайда болатын инфляция.

Бағалардың өсуі тұрғындардың нақты табысын төмендетеді. Сондықтан кәсіподақтар еңбек ақыны номиналды деңгейін көтеру туралы талап қояды. Үкімет инфляция шығындарының орнын толтыру саясатын ұстануға мәжбүр болады. Бағалардың жаппай өсуі табыстарды индексациялауға мәжбүрлейді, бұл өндіріс шығындарын арттырады, яғни инфляцияның одан да жоғары көтерілуіне себеп болады. Табысты индексациялау бағдарламасы экономиканың әр-түрлі салалары үшін бірдей болуы мүмкін емес, басқаша айтқанда табысты индексациялау барлық топтар үшін бірдей болмайды.

Инфляция философиясы мынада: бірте-бірте тереңдеуіне байланысты экономиканың уақытша жандандыратын фактордан ұдайы өндіріс процесіне кедергі жасайтын факторға айналды.

Инфляция кезінде өндіріс қарқыны төмендейді, экономикалық өсудің пропорциясы бұзылады, ақша-несие, қаржы және валюта механизмі бүлінеді елде әлеуметтік-экономикалық қарым қатнастарды, жұмыс күшін ұдайы өндіру шарттарын бұзады, капиталды экономиканың ең пайдалы салаларына салуды ынталандырады, экономикалық құбылыстар мен астыртын экономиканың дамуын жеделдетеді.

Инфляция баға индексі (екі әр-түрлі уақыт кезіндегі тауарлар мен қызметтердің ара қатысын білдіретін көрсеткіш) арқылы өлшенеді. Ағымдағы жолдың инфляция деңгейі төмендегі формуламен анықталады:



$$I = \frac{P_a - P_0}{P_0} * 100\% \quad (12.1)$$

мұндағы: I - инфляция деңгейі;

$P_a$  - ағымдағы мерзім бағасы;

$P_0$  - өткен мерзімдегі баға.

Инфляция деңгейі, әдетте, бір жылға есептеп шығарылады. Тіпті егер ол бір ай үшін есептелсе де, онда алынған шаманы жылма-жылға дейінге дейін жеткізу керек.

XX ғасырдың екінші жартысында жұмыспен толық қамту, еркін бәсекелік нарық жағдайы бағалардық ұзақ мерзімдік тұрақтылығы әлемнің бірде-бір елінде қатар қалыптаспағанын айту қажет. Бұл кезеңде бағалар тоқтаусыз өсіп отырады, ал 60-шы жылдардың соңынан бастап экономиканың құлдырау жағдайында да бағалар өсті. Дағдарыс фазасында бағалардың өсуі XIX ғасырдағы циклдер үшін болмаған жағдай. Бұл құбылыс экономикада «Стагфляция» деп аталады.

Инфляцияның зардаптары өте күрделі де көп қырлы. Қарқыны баяу инфляция баға деңгейі мен пайда нормасын өсіреді, сондықтан экономикалық жағдаяттың (конъюктураның) уақытша жандануына ықпал жасайтын фактор болады. Бірақ, уақыт артып инфляция тереңдегенде ол ұдай өндірістің кедергісіне айналады, қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық жағдай қиындайды.

Қарқынды инфляция шаруашылық тәртіпті бұзады, ірі корпорацияларға да, кіші бизнеске де айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді. Қарқынды инфляция кезінде конъюктура екі ұшты болып қалыптасады: нарықты болжау мүмкін емес болғандықтан бизнесте тәуекелдік (риск) жоғарылайды, іскерлік әрекеттер күрт қысқарады. Инфляция тиімді макроэкономикалық саясат жүргізуге де кедергі жасайды. Оған қоса бағалардың әр-түрлі өсуі экономикадағы сала аралық сәйкессіздіктерді (диспропорцияларды) ұлғайтады, тұтынушылық сұраным құрылымын бұрмалайды. Баға өзінің негізгі қызметін – нарықтық объективті өлшем құралы болу қызметін дұрыс атқармайды.

Инфляция қоғамда ақшадан қашу белсенділігін арттырады бұл процесс қарқынды да ұлғаймалы түрде жүреді, тауар тапшылығы асқындайды, ақшалай қор жинау мүддесі жойылады, ақша-несие жүйесінің қызметі бұзылады, тауарды тауарға тікелей айрбастау (бартер) туындап кеңейді.

Экономиканың интернациялануы (ұлттық шеңберден шығуы) инфляцияның бір елден екінші елге аусуына мүмкінді береді, бұл халық аралық валюта және төлем қатынастарын қиындатады.

Инфляцияның әлеуметтік салдары да бар, ол ұлттық табыстың қайта бөлінуіне әкеледі, тұрғындар үшін инфляция қосымша салық сияқты, бағалардың өсуі қарқыны номиналды (ақшалай) табыстың өсуінен жоғары болады, сондықтан нақты (реалды) табыс азаяды. Инфляцияның зардабы әсіресе табысты шектеулі әлеуметтік топтар үшін ауыр болады.

Нарықтық жағдай да міндетті түрде жұмыссыздық туады. Жұмысқа жарамды бірақ жұмысы жоқ, ізденісте жүрген жұмыссыздар. Жұмысқа жарамдының бәрі осы нарық заманында жұмыспен қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ

жұмыссыздықтың табиғи деңгейін сақтап, инфляцияның өсу қарқынын төмендетуге арналған экономикалық саясат әрқашан оңды нәтиже бере бермейді. Бұл саясаттың жақсы жақтарын ескере отырып, мынадай бір мәселені білген дұрыс: жұмыссыздық өзінің табиғи деңгейіне төмендегенде де бағалардың өсуі бірден тоқтамайды екен, керісінше біраз уақыт өсу жалғаса береді.

Батыс елдерінде жұмыссыздық деңгейі мен инфляция деңгейінің арасындағы өзара байланысты талдау негізінде жиынтық сұранымды реттеудің экономикалық саясатымен оларды азайтудың шаралары жүйесі ( салықтар нарқы және басқа тұтқалар) жасалып шығарылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Инфляция дегеніміз не?
2. Қаржы мен инфляцияның өзара әрекеттесуі қалай пайда болады?
3. Инфляция қандай зардаптар әкеледі, соның ішінде қаржылық жүйеге?
4. Қазақстанда 1991-1993, 1994-1995, 1996-1997 жылдардағы инфляцияның қандай зардаптары болды?
5. Инфляция кезінде мемлекеттің әсер етуінің қандай нұсқалары бар?

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі:

1. Құлпыбаев Е.Н., Іліясов Қ.Қ. /Қаржы. Учебник ТОО Экономика, 2013, 256 бет
2. Мельников В.Д. – Финансы. – Учебник. – Алматы: ТОО «Экономика», 2014, 280 бет
3. Под ред. М.В. Романовского и др. – Финансы. Учебник для вызов. – М.: Юнити, 2015, 450 бет
4. Ли В.Д., Мучтафина А.К. /Финансы в вопросах и ответах. Учебное пособие. Қазақ университеті 2015г., 175 бет
5. Грязнова А.Г. – Финансово-кредитный энциклопедический словарь. – Москва: Финансы и статистика. – 2012. – 431с.
6. Колпакова Г.М. /Финансы. Денежное обращение. Кредит: учебное пособие. – Москва: Финансы и статистика. – 2014 – 249с.

### Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі
2. Қазақстан Республикасының Салық кодексі
3. Рудый К.В. – Финансово-кредитные проблемы зарубежных стран. Учеб.пособие. – М.: Новое знание, 2015
4. Ильясов К.К., Кулпыбаев С.К. – Қаржы. Учебник для вызов. – Алматы: ТОО «Издательство ЛЕМ», 2013
5. Под ред. А.Г. Грязновой, Е.В. Маркиной – Финансы. – М.: Финансы и статистика, 2014, 270с.
6. Абишев А.А., Мухамбетов Т.И. – Формирование индустриально-инновационного развития экономики: теория, методология, практика, экономические исследования. – Алматы: Экономика. – 2010. – 648с.
7. Архипова А.И., Погосова И.А. – Финансы. Учебник. – Москва: Проспект. – 2010. – 640с.
8. Бабич А.М., Павлова Л.Н. /Государственные и муниципальные финансы. – Москва: ЮНИТИ-Дана. – 2012. – 703с.
9. Барулин С.В. /Финансы. Учебник. – Москва: КноРус. – 2010. – 640с.
10. Нешиной А.С. /Финансы. – Москва: Дашков и К°. – 2010. – 524с.
11. Подъяблонская Л.М. /Финансы. Учебник. – Москва: Юнити-Дана. – 2011. – 407с.
12. Поляк Г.Б. /Финансы бюджетных организаций: учебник. – Москва: Юнити-Жана. – 2011. – 463с.
13. Рудый К.В. /Международные валютные, кредитные и финансовые отношения. – Москва: Новое знание. – 2011.
14. Слепов В.А., Шубина Т.В. /Финансы организаций (предприятий). Учебник. – Москва: ИНФРА-М. – 2011. - 352с.